

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан 
«19» 09 2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.09.2024-06.09.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Сәлем - сөздің анасы» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: Демонстрациялық суреттер, дидактикалық ойындар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Алтын сәуле арайлы, Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық маңайды. Негізгі бөлім: - Сәлемдесу адамдардың бір – бірінің амандығын біліп, бір-бірінің жағдайын білу. - Үлкен адамдарға сәлем беру – кішінің міндеті. - Ал, балалар, енді біз кімге қалай сәлем береді екенбіз. Бәріміз хормен айтамыз. - Сәлеметсіз бе,ағай! - Сәлеметсіз бе,апай! - Үйде, балабақшада, көшеде: «Сәлем!», «Сәлеметсіз бе!», «Қайырлы күн!» деген ізгі сөзді айтуды ұмытпа. Жасы кішілер үлкендерге сәлем береді, ал ұл балалар қыздарға амандасады. Дидактикалық ойын: «Сыпайы сөздер дүкені» Педагог: Менің дүкенімнің сөресінде «сәлем», «сәлеметсіз бе», «қайырлы таң», «қайырлы күн» деген сыпайы сөздер бар. Сендер осы сөздерді әкелеріңе, аналарыңа, аға-апаларыңа сатып алуларыңа болады. Мен саған әртүрлі жағдайларды ұсынамын, ал сендер менен керекті сөздерді сатып аласыңдар. - Таңертең ұйқыдан тұрғанда ата-анаңа не деп айтасың? - Қайырлы таң! - Жақсы, менен қайырлы таң сөзін сатып ала ғой. - Ағаң мен апаңа қалай амандасасың? - Сәлеметсіз бе!

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.09.2024-06.09.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Сәлем - сөздің анасы» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: Демонстрациялық суреттер, дидактикалық ойындар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Алтын сәуле арайлы, Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық маңайды. Негізгі бөлім: - Сәлемдесу адамдардың бір – бірінің амандығын біліп, бір-бірінің жағдайын білу. - Үлкен адамдарға сәлем беру – кішінің міндеті. - Ал, балалар, енді біз кімге қалай сәлем береді екенбіз. Бәріміз хормен айтамыз. - Сәлеметсіз бе,ағай! - Сәлеметсіз бе,апай! - Үйде, балабақшада, көшеде: «Сәлем!», «Сәлеметсіз бе!», «Қайырлы күн!» деген ізгі сөзді айтуды ұмытпа. Жасы кішілер үлкендерге сәлем береді, ал ұл балалар қыздарға амандасады. Дидактикалық ойын: «Сыпайы сөздер дүкені» Педагог: Менің дүкенімнің сөресінде «сәлем», «сәлеметсіз бе», «қайырлы таң», «қайырлы күн» деген сыпайы сөздер бар. Сендер осы сөздерді әкелеріңе, аналарыңа, аға-апаларыңа сатып алуларыңа болады. Мен саған әртүрлі жағдайларды ұсынамын, ал сендер менен керекті сөздерді сатып аласыңдар. - Таңертең ұйқыдан тұрғанда ата-анаңа не деп айтасың? - Қайырлы таң! - Жақсы, менен қайырлы таң сөзін сатып ала ғой.

	- Ағаң мен апана қалай амандасасың? - Сәлеметсіз бе! - Бөпеңе қалай амандасасың? Осылай ойынды жалғастырады. Сергіту сәті: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызды құрметтеп, Бас иеміз біз. Тақпақ жаттау: Сауысқанның сәлемі Талай жерді тауысқан, Талай жерге ауысқан. Ала қанат Сауысқан, Хат жолдады алыстан. Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін үйренеді.
Бейсенбі «Айгөлек» ересек тобы	Тақырыбы: «Менің сүйікті балабақшам және балабақшадағы қызметкерлер» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: демонстрациялық суреттер, ұнтаспа, түрлі-түсті қарындаштар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін. Негізгі бөлім: Педагог ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізеді. Тазалықшы – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлmemізді жуып, тазалайды. Аспазшы - біз үшін дәмді тамақ әзірлейді. Дәрігер – сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды. Кір жуушы – біздің сүлгілерімізді жуып береді. Тәрбиеші апайлар – сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.

	Тақпақ жаттау: Қызыл, жасыл, ақ, сары, Үлкен биік әдемі. Ойыншық тола ішінде, Бала бақша әлемі. Тұра сала асыға, Мен бақшаға барамын. Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті балабақшам» тақырыбында құрастыру ойыны. Шарты: балабақшаның қиылған суреттерін өз орнына қойып жапсырып шығады, балабақшаның суреті бейнеленеді. Тіл ұстарту жаттығуы: Өс-өс-өс, Тігіп алдым қос. Өс-өс-өс, Ұқыпты боп өс. (ө) дыбысы Сұрақ-жауап: - Балабақшада кімдер жұмыс жасайды? - Сенің баратын балабақшаң қалай аталады? - Балабақшада саған не ұнайды? - Тобыңның аты қандай? Қорытынды бөлім: Е.Ашықбаевтың «Сәбиіңмін сенің, балабақшам менің!» атты дәйек сөзін түсіндіру, жаттату. Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Балаларды ұжымдық әңгімеге қатысуға үйренеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	ортаңғы тобы Амандасуды үйрету _____ _____ _____	ересек тобы Ұжымдық жұмысқа қатысуды үйрету _____ _____ _____	ортаңғы тобы Ұжымдық жұмысқа қатысуды үйрету _____ _____ _____	Сөз ішінде ә дыбысын анық айтуды үйрету _____ _____ _____	Түрлі іс-әрекетте балаларды диалог құруға үйрету _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Үлкендермен, өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуді үйрету Аптаның дәйек сөзі: «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 09.09.2024-13.09.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Менің балабақшам» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: демонстрациялық суреттер ноутбук, ұнтаспа, түрлі-түсті қарындаштар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!» - деймін мен. Негізгі бөлім: - Балалар, сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолдanasыңдар ма? - Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз? - Қане бәріміз бірге қайталайықшы. - «Қайырлы таң!». - Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз? - «Сәлеметсіз бе!». - Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек? - «Қайырлы күн!». - Ал, кешке ше? - «Кеш жарық!» Балабақша - бұл біздің екінші үйіміз. Біз таңертең балабақшаға келіп күні бойы осы жерде тәлім-тәрбие аламыз, сабақ оқимыз, ән айтамыз, би билейміз, ойыншықтар ойнаймыз, тамақтанамыз, сондықтан да балабақшаны екінші үйіміз деп айта аламыз.

Балабақша- бұл біздің екінші үйіміз. Біз таңертең балабақшаға келіп күні бойы осы жерде тәлім-тәрбие аламыз, сабақ оқимыз, ән айтамыз, би билейміз, ойыншықтар ойнаймыз, тамақтанамыз, сондықтан да балабақшаны екінші үйіміз деп айта аламыз.

Педагог ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «**өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім**» деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.

– Мынау – балабақша.

– Біздің балабақша қандай?

– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза. (балабақша қызметкерлерінің еңбегімен танысалы және еңбекті бағалауға үйренеді). Ересектермен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

«Менің досым» бейнені аяқта. (өз досының бейнесін бос келбеттің ішін толықтыру арқылы салу). Досы, балабақшадағы құрдастары туралы әңгімелеу. Өз достарымен құрдастарымен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Сергіту сәті:

Бала, бала, баламыз,

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа,

Батамыз да қаламыз!

Иілеміз оңға бір,

Иілеміз солға бір.

Тәрбиеші қарайды

Аяққа бір қолға бір.

Міне вагон мінеміз,

Поездбенен жүреміз.

Кемеге де мінеміз

Толқындарды тілеміз.

Тіл ұстарту:

Ән-ән-ән.

Қамба толы дән,

Әжем айтқан ән.

Өнегелі сөздер.

- Балалар, үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтыңдаршы.

-Қайырлы таң!

-Сәлеметсіз бе!

-Қайырлы күн!

- Кеш жарық!

	- Рахмет! Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасайды.
Бейсенбі «Айгөлек» ересек тобы	Тақырыбы: «Балабақша бөлмелері» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: слайд: «Балабақша бөлмелері», ойыншық күн, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, қарындаштар Кіріспе бөлім: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сөздік ойын: «Күн шуағы». Сондықтан арнайы жасалған ойыншық күнді шығарамын. Бір-біріне күнді ұсынып, тілектер айтады (педагогтің көмегімен) Негізгі бөлім: Дидактикалық ойын:«Тында, көрсет, қайтала». Балаларға балабақшаның суретін көрсетіп, өткен ҰӘІ қызметін қайталайды. Ойын: «Біз саяхат жасаймыз». Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз. Слайд: «Балабақша бөлмелері». Слайд арқылы балабақша бөлмелеріне саяхаттау. – Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балаларды емдейді. – Мынау – ас үй. Ас үйде аспаздар балаларға ас дайындайды. – Мынау – музыка залы. Музыка залында кімдер бар? – Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады. – Мынау – спорт залы. Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады. Балаларға дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынамын. – Біздің балабақшада бірінші қабатта дәрігер бөлмесі, музыка залы, спорт залы және асүй бар. Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-бат-та дәрігер бөл-ме-сі. Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады. Ші-ші-ші – е-кін-ші қа-бат-та қазақ тілі бөлмесі бар. – ең-ең-ең – балабақша кең. – ық-ық-ық – бөлмелер жарық. – нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды). Мәтін үлгісі. Біздің балабақша үлкен. Балабақша әдемі, таза. Балабақшада спорт залы , музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, қазақ тілі кабинеті бар. Топпен тыңдалған мәтіннен түсінгендерін қайталап айтуды ұсынамын. Сергіту сәті Біз балалар бағында,

	Тұрамыз өте көңілді. Көп болсақ та достықпен. Өткіземіз өмірді. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретке қарап, балабақша бөлмелері туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаңда қандай бөлмелер бар? Дәлелде. Достарының есімін қолданамыз: -Арман ас үйде жүгіреді. Дұрыс па, дұрыс емес пе? Неге? -Айгул музыка залында кітап оқиды. Дұрыс па, дұрыс емес пе? Неге? -Серік жатын бөлмеде серуендейді. Дұрыс па, дұрыс емес пе? Неге? (Балалардың іс-әрекетінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді). Қорытынды бөлім: Балалардың берген жауаптары, жасалған жұмыстары оң деп танылады. Мадақталады. Күтілетін нәтиже: Балалардың іс-әрекетінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	ортаңғы тобы Ересектермен қарым-қатынас жасауды үйрету _____ _____ _____	ересек тобы Неге? деген сұраққа жауап беру арқылы достарының іс-әрекетін түсіндіруді үйрету _____ _____ _____	ортаңғы тобы Ересектермен қарым-қатынас жасауды үйрету _____ _____	Ойыншықтарды сипаттауды үйрету _____ _____ _____	Түрлі іс-әрекетте балаларды диалог құруға үйрету _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Үйдегі, топтағы заттардың атауларының дұрыс айтылуын және тұрмыста не үшін қолданылатындығын меңгерту. Аптаның дәйек сөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!»/Абай/				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 16.09.2024-20.09.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: қима материалдар, қарындаштар, т.б. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері «Жүректен жүрекке» Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға, бар адамға Тек мейірім сыйлаймыз Бөлме ішіне қонжық ойыншықты алып кіремін. Сол қонжық ойыншықтың атынан өзін осы топқа алуын және көмектесуін өтінемін. - Балалар қонжық бізге неге келді?(көмек сұрай келді) - Ол бізді қайта алыңдаршы дейді? (топқа). -Алайық па? Олай болса бүгін біз осы қонжықпен бірге балабақша ішінде саяхатқа шығамыз. Саяхатқа қалай баруға болады? Немен? -Ал ең дұрысы поездқа мінсек, барлығымызда сияр едік. -Ең алдымен поездымызға отырмай тұрып, есімізге бірнеше алтын ережелерді сақтап алайық. Поездың ішінде қатты сөйлеуге, күлуге болмайды. Алдымыздағы досымызды итермей, ақырындап қозғаламыз. Аялдамаларға келгенде менің сөзімді тыңдап, қойылған сұрақтарға ғана жауап беру керектігін түсіндіремін.

	Бәріміз есімізге сақтасак, поезд болып, бір - біріміздің артымызға тұра қалайық. (Поезд жасайды) Негізгі бөлім: <i>1-аялдама. «Жуынатын бөлме»</i> - Жуынатын бөлме не үшін керек деп ойлайсындар? - Бұл бөлмеде нелер бар екен? (дәретхана, әр баланың орамалына арналған ұяшық) «Өз орамалыңның үйін тап» ойыны. (орамалдың түр- түсіне қарай орамалдарды ұяшықтарына орналастыру және орамалды жай сөйлеммен сипаттаулары қажет). <i>2-аялдама «Киінетін, шешінетін бөлме»</i> -Мына жерде неткен көп үйлер. «Өз киіміңнің үйін тап» ойыны. (киім салатын шкафтарының түсіне,көлеміне,ұзындығына байланысты жай сөйлеммен сипаттауын сұраймын) - Бұл сенің киіміңнің үйі екенін қайдан білдің? Әр киім өз бөлмесінде тұрғанды жақсы көреді екен. Бұл ережені ұмытпас үшін мына суретке қарайықшы. (төменде қосымша ретінде берілген) Бірінші бөлмеде қандай киім туру керек екен? Ал екінші мен үшінші де ше? Ал сендердің киімдерің осылай тұрма екен? <i>3-аялдама: Балалардың ең сүйікті бөлмесі - топтың іші.</i> -Мінеки тобымызға да қайтадан келіп жеттік. Енді әр кім өз орындығын тауып отырсын, енді топ ішімен танысалық. - Неліктен бұл жерді ең сүйікті бөлме деп атаймыз? (мұнда біз тамақтанамыз, сабақ оқимыз, ұйықтаймыз, ойнаймыз, ертегілер оқимыз т. б.) - Балалар жан - жағымызға қарайықшы тобымыздағы қабырғаның түсі қандай екен? - Көлемі қандай екен? (үлкен) - Неліктен біздің топтың жарығы сөндірулі, бірақ бөлменің іші жарық болып тұр. (тобымызда терезелер бар, күннің көзі жарық беріп тұр) Ойыншықтар бұрышы. Ойыншықтарға тоқталамын және 1 ойыншықты өзім жай сөйлеммен сипаттаймын. -Балалар, бұл жерде көптеген ойыншықтар бар екен. Мен баршаңызға бір-бір ойыншықтың суретін таратамын. Сол суретке қарап, балалардан түрі,түсі,қатты не жұмсақтығы,т.б. жай сөйлеммен сипаттап беруін сұраймын. -Балалар, біздің тобымызға келген қонжыққа топтың барлық бөлмесін және ондағы ойыншықтар туралы түсіндіріп өттік. Енді бұл қонжықты өз тобымызға қабылдаймыз ба? Балалар жауап береді, қонжық өз қуанышын білдіріп, рахметін айтады. Қорытынды бөлім: Балаларға өздері сипаттаған ойыншықтың суретін сыйға тартамын. Жасаған жұмыстарына алғыс айтамын. Күтілетін нәтиже: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Қолданылатын көрнекіліктер: кима материалдар, қарындаштар, т.б. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбер Қуанамыз күлеміз,

Бар әлемді сүйеміз.
Қол ұстасып, қуанып,
Достармен бірге жүреміз.
Өткен тақырыпты қайталау. **Дидактикалық ойын: «Алтын сақа».** Алтын сақаны қолына алған бала өткен тақырып бойынша еске түсіріп, өз ойында қалған мәліметпен бөліседі.

Негізгі бөлім:
-Балалар, менің қолымда менің сүйікті ойыншығым бар.Бұл – ақ аю, менің сүйікті ойыншығым. Аю әдемі, жұмсақ.
-Қандай аю?
-Ақ аю. Ақққ аю. (Балалар айтып жаттығады).
- Балалар сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?
-Балалар өздерінің сүйікті ойыншықтарын атап, қысқаша сипаттайды (түсі, көлемі, неден жасалғаны).

Ойын «Кім жылдам?» .
Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек.
Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.
Балаларға сұрақ қоямын:
-Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады.

Шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек.
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойылады, балалар жауап береді.

«Қ» дыбысының айтылуымен таныстыру. Жеке дыбыс ретінде айттырып, машықтандыру.
«қ» дыбысын буын ішінде айтқызу.
Қу-ку-ку қуыршақ
Құ-құ-құ құлыншақ
Қо-қо-қо қоян
Қы-қы-қы қылыш

Балалармен қайталау.
– Қ-қ-қ-лақ-тыр-ма – лақтырма.
– Ы-ы-ын-сын-дыр-ма – сындырма

Сергіту сәті. М.Әлімбаевтың ойыншықтар туралы өлеңін қимылмен айтады және жасайды.
Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды,
Ақыл айтсақ, бұйырсақ.
Қуыршақтар ұйықтайды,
Айтқаныңнан шықпайды.
Бұзау, қозы, құлыншақ
«Ұйықта», – десең, ұқпайды.

	Тыңдамайды ұрысса, Осылары дұрыс па? Тентектігін қоймаса, Тұрғызармын бұрышқа. «Сиқырлы қаламмен» жұмыс. Артығын тап, қорша. Өз таңдауыңды түсіндір. «Дұрыс ата». Ойыншықтардың суретін көрсетемін, балалар атайды және «қ» дыбысынан басталатын ойыншықтарды тауып айтуын сұраймын. Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән қ дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	ортаңғы тобы Сұрақ қоя отырып, ойыншықтарды 4-5 сөйлеммен сипаттауды үйрету _____ _____ _____	ересек тобы «қ» дыбысына байланысты тіл ұстарту жаттығуларын жасату _____ _____ _____	ортаңғы тобы Сұрақ қоя отырып, ойыншықтарды 4-5 сөйлеммен сипаттауды үйрету _____ _____	мектепалды тобы «ө» дыбысын анық айтуды үйрету _____ _____ _____	мектепалды тобы «ө» дыбысын сөз ішінде анық айтуды үйрету _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақша топтары және топтағы ойыншықтар туралы әңгімелеп беруге жағдай жасау. Заттарды бақылай отырып сипаттауды үйрету. Аптаның дәйек сөзі: «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» /Абай/				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы


Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 23.09.2024-28.09.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Менің отбасым» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: отбасы мүшелерінің суреттері, текшелер, үлестірмелі суреттер Кіріспе бөлім: <i>Шаттық шеңбері:</i> Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жарқырайды қаламыз, Сәлем, сәлем, достарым! Негізгі бөлім: Ұйымдастырушылық кезеңі «Менің отбасым» тақырыбында әңгімелесу. Әр адам, үлкен болсын, кіші болсын өз үйін жақсы көреді, себебі ол үйде оның отбасы тұрады. Отбасы –дегеніміз бір үйде тұратын адамдар тобы. Отбасы мүшелері: әке, ана және олардың балалары. Отбасының болуы – үлкен бақыт. Барлығымыз бірге қайталайық. Отбасы – ол бақыт, Отбасы – ол ата-ана,

	Отбасы – туыстарымыз, Отбасы – ол шаңырақ. -Әр адамның өз үйі болады. Онда оның отбасы мүшелері тұрады. Олар ата, апа, әке, ана, әпке, аға, бөпе, т.б. Суретпен жұмыс. Отбасы бейнеленген суреттен оның мүшелерін айтқызу. «Менің жанұям» саусақ жаттығуы (балалар саусақтарын бүге отырып орындайды) Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым - әкем, балаң үйрек - апам, ортан терек - ағам, шылдыр шүмек – мен, титтей бөбек сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз! - Біздің отбасымызда бөпеміз, ағамыз, апамыз бар. Бөпе, аға, апа деген туыстық қатынас туралы түсінік беру. Ойын «Кім тез табады?» Шарты: текшеде отбасы мүшелерінің суреттері көрсетілген. «Кім не істеп жатыр» мнемокестемен сөйлем құрау.  Қорытынды бөлім: «Менің бөпем», «менің ағам», «менің апам» туралы әңгіме құрастыруларын сұрау. Балаларды мадақтау. Көңілді смайлдар тарту ету. Күтілетін нәтиже: Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді («бөпе», «аға», «апа») меңгереді.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Менің отбасым» Күй «Адай» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: отбасы және отбасы мүшелері жайлы суреттер, т.б. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңберіне тұрады. Бір-бірімен амандасады, жылы лебіздерін білдіреді, мақтайды. Негізгі бөлім: <i>Суретпен жұмыс:</i> отбасы мүшелері бейнеленген. -Отбасы мүшелері қайда тұрады? - Олай болса, мына текшелерден үйді құрастырайық. «Ойлан, тап» тапсырмасы. -Балалар, менің кім туралы айтып тұрғанымды табыңдар. -Қатал көрінгенімен өте мейірімді. Кітапты көп оқиды, бау-бақшаны баптайды. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім? -Ата. -Өздеріңнің аталарың туралы әңгімелендер. -Өзі мейірімді, әрқашанда қатық-майы, ірімшігі, қант-кәмпиті дайын. Ол кім?

	-Әже. Ал сендердің әжелерің қандай? <i>Мақал жаттату және мақалдағы аға, іні, ана, сіңлі сөзінің мағынасы түсіндіріп өту.</i> Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті. Тақтаға мнемоместемен мақал беріледі. Мақал құрастыру. Әке – асқар тау, Ана – етегіндегі бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ. Әке, ана, бала сөздерін қатыстырып, сөз тіркестерін құрастыру. Сергіту сәті: Атам жылқы бағады, Ағам пішен шабады. Жеңгем сиыр сауады, Әжем киіз қағады. Жездем отын шабады, Сіңлім көмек қылады. Сергіту сәтінде айтылған отбасы мүшелерінен (ата, аға, жеңге, әже, жезде, сіңлі) өздеріне таныс сөздерді табады және олар қандай туыстық қатынасқа жататынына тоқталып өтемін. Дәптермен жұмыс: <i>Шытырман арқылы әжесінің үйіне апаратын жолды бояу.</i> Қорытынды бөлім: Отбасы мүшелерін атаңдар? Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады? Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Өзінің отбасы туралы толық айтып беруге дағдыланады. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін «сіңлі», «жеңге», «жезде» сөздерін үйренеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Отбасы мүшелері туралы үйрету 	Мнемокесте арқылы мақал жаттату 	Отбасы мүшелері туралы үйрету 	«бауыр», «немере» сөздерін меңгерту 	«жеті ата» сөзінің мағынасын түсіндіру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Санамақ жаттату. Аптаның дәйексөзі: «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» /Абай				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы



Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 30.09.2024-04.10.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Менің тату отбасым» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын материалдар: отбасы мүшелерінің суреттері, текшелер, үлестірмелі суреттер Кіріспе бөлім: <i>Шаттық шеңбері:</i> Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жарқырайды қаламыз, Сәлем, сәлем, достарым! «Менің лақап есімім» ойынын ұйымдастыру. Балалар туыстарының еркелетіп айтатын лақап есімдерін атайды. Сұрақ-жауап: -Балалар қалай ойлайсындар, неге олар сендерді осылай лақап аттармен атайды? -Өйткені олар сендерді жақсы көреді. Негізгі бөлім: «Интервью» ойынын ұйымдастыру.

	Балалар өздерінің әке,шеше, ата, әжелерінің, қарындас, аға, інілерінің атарын, олардың қайда тұратындары туралы сыйқырлы микрофонға әңгімелеп айтады. «Менің үйімде» ойыны  «Іні мен қарындас» ойынын ұйымдастыру. «Егер...» деген сөзбен өз ойын жеткізу. Мысалы: «Егер менің қарындасымды біреу ренжітсе, мен...», «Егер менің інімнің киімі жыртылып қалса, мен...», «Егер менің інім кітабын ұмытып кетсе, мен...», т.б. Іні мен қарындас жайлы түсінік беріп өтемін. Суретпен жұмыс  «Салыстыр», «Керісінше айт» ойындарын ұйымдастыру. Аға-жас, ата-кәрі; аға-ұзын, қарындас –аласа; т.б. «Менің отбасым қандай?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру -Сенің отбасың қандай? деген сұрақты қойып тұрамын. Менің отбасым-үлкен, Менің отбасым-тату, Менің отбасым-көңілді, т.б. Қорытынды бөлім: «Жылы лебіз» ойыны арқылы қорытындылау. Балалар өз отбасына жылы лебіздер айтып, ұшырады. Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («іні», «қарындас») айтады және түсінеді.
Бейсенбі «Шаңырақ» ересек тобы	Тақырыбы: Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халық ертегісі Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын көрнекіліктер: Ертегі кітап, үй жануарлары мен қасқырдың муляжы. Үй жануарларының суреті, қасқырдың суреті, кейіпкерлердің суреттері бейнеленген бетперделер (маска) Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері. «Ақ тілек».

Адал жақсы ниетпен,
Бар адамға бақ тілеп,
Жарып шыққан жүректен,
Сөздің бәрі - Ақ тілек.
Барлығы шеңбер құрып тұрады, өлең жолдарын қайталайды.

Жұмбақ.

Белестен шыққан бесті ат,
Бүкір келген желісті ат.
Бейғам елді іздейді,
Малдан күдер үзбейді. (Қасқыр.)

«Төлдерін тап» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін бақылау.

Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Соңынан қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады.

Негізгі бөлім:

- Бүгін біз үй жануарлары мен қасқыр туралы ертегі тыңдаймыз.

«Ақымақ қасқыр» аудиоертегісін тыңдау.

Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар қояды:

- Ертегіде қандай үй жануарлары туралы айтылады?
- Арық саулық қасқырдан қалай құтылады?
- Ешкі қасқырдан қалай құтылады?

«Ол қандай?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: қажетті сөздерді пайдаланып, ойыншыққа сипаттама беруді үйрету.

Ойыншықтарды ешкіні, қасқырды үстел үстіне қоямын, өз қалаулары бойынша бір ойыншықты таңдап алып, оған сипаттама беруді ұсынамын. Ойыншықтарды пайдаланып, ертегі мазмұнын өз сөзімен әңгімелеп беремін.

Балалар бір-бірлеп келіп, үстел үстіндегі ойыншықтардың ішінен қалағанын алып, белгілері бойынша суреттейді.

Мысалы:

Мына суреттегі аң - қасқыр. Ол ашулы, мейірімсіз. Түсі суық, бірақ аңқау.

«Өріс, қалың ши, саулық, бағлан, торқа» сөздерінің мағынасын түсіндіріп өтеді.

- Өріс - мал жайылатын, оты (шөбі) мол жер.
- Қалың ши - өсімдіктің түрі.
- Арық саулық - арық қой.
- Бағлан - жетілген семіз қозы.

Сергіту сәті.

«Қасқыр қақпан» ойыны.

Ойын барысы:

	Балалар екі топқа бөлініп, үлкен топ «қақпан», екіншісі «қасқырлар» болады. Үлкен топтағы балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді, бәрі қосылып өлең айтады. Қане, қане, халайық! Қасқырға қақпан құрайық. Қане, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр! - дегеннен кейін балалар қолдарын жоғары көтереді. Осы сәтте шетте тұрған қасқырлар шеңбер тасасындағы қой қораға лап қояды. Егер ойын басқарушының «Жат!» деген сөзінен кейін барлығы қолдарын төмен түсіріп отырып қалса, ортада қалған қасқырлар қақпан тобына қосылады. Ал, өтіп кеткендері ойынды жалғастырады. Сөйтіп, ойын ең соңғы қасқыр қалғанша жалғасады. Ойында қолданылатын өлең жолдары балалардың тілін жаттықтырады, әрі сөзді бірлесіп анық айтуға тәрбиелейді. «Кел, ойнайық!» Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің сөздерін айтқызу арқылы ертегіні мазмұндауды үйрету. Қойдың, ешкінің, қасқырдың суреттерін балалардың бастарына кигізіп, ертегіні сахналау. Суретте ертегінің қай сәті бейнеленгенін тапқызып, сол бөлігін әңгімелетеді. «Егер ... , онда ... » дидактикалық ойыны. Мақсаты: тапқырлыққа тәрбиелеу. Педагог сөйлемді бастайды, балалар сөйлемді аяқтайды. - Егер қой қасқырды алдамаса, онда қасқыр оны жеп қояр еді. - Егер ешкі қасқырды алдамаса, ... Қиын жағдайға тап болғанда қой мен ешкі сияқты тапқыр болу керектігі туралы айтамын ҚОРЫТЫНДЫ Педагог балаларға сұрақтар қояды, тақырыпты қорытады. Балаларды мақтайды. Балалар сұрақтарға жауап береді. Жүректен жүрекке шеңбері. Жүректен шыққан жылы сөз, Жүрекке барып жетеді. Жылы сөзден дос жүрегі, Мейрімге толып кетеді. Күтілетін нәтиже: Кітаптан ертегілер оқып берген кезде олардың мазмұнын дұрыс қабылдайды, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Отбасы мүшелері (іні мен қарындас) туралы үйрету	Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету	Отбасы мүшелері (іні мен қарындас) туралы үйрету	Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету, фонематикалық естеуін дамыту	Егіншілікке қажетті құрал-жабдықтармен таныстыру

Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Егіншілік туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстардың дұрыс айтылуы және орны туралы түсінік жұмыстарын жүргізу. Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__» _____ 2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 7.10.2024-11.10.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Күз келді» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын материалдар: күзгі табиғат суреті; ойыншық піл, тақпақ мазмұны бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; сары жапырақтар бейнеленген таңбалауыштар. Кіріспе бөлім: Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!» Жұмбақ жасыру. Қызыл, сары кемелер, Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. Ол не? (Жапырақтар.) - Мынау жапырақтар. Дұрыс таптыңдар, балалар! Негізгі бөлім: Ғажайып сәт.

Сиқырлы әуеннің дыбысы естіледі. Жоғары жақтан алтын жапырақ ұшып түседі.



- Балалар, бізге қонаққа Алтын жапырақ келді. Қане, барлығымыз амандасайық.

- Сәлеметсіз бе!

- Ол саяхатқа шығыпты. Балаларды таңғажайып күз мезгілімен таныстырғысы келеді екен.

Суретпен жұмыс.

Күздің суреті ілінеді.



- Суретке қараңдаршы, балалар, табиғат қандай әсем!

Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай?

- Жапырақтардың түсі сары, қызыл.

- Балалар не киіп алған?

- Балалар күрте, баскиім киіп алған.

- Адамдар не істеп жатыр?

- Олар алма жинап жатыр.

- Иә, дұрыс айтасындар.



- **Егін дегеніміз** - бидай, күріш, тары тағы басқа дақылдар.

- **Алтын күз дегеніміз** - даланың бәрі сап-сары түске боялып, ағаштардың жапырақтары мен шөптердің сарғайған кезі.

Сергіту сәті.

Өн бойымды тік ұстап,

Таянамын бүйірді.

Бастап кетем

Дұрыстап

Сәйгүлікше жүруді.

Бір! Екі! Бір! Екі!

(Автор: С. Қалиұлы)

Өлең жолдарына сәйкес қимылдарын орындайды. Сергіту сәтін 1-2 рет айтады.

«Сәйкестендір» дидактикалық ойыны.

Алдарында жатқан әртүрлі ағаш жапырақтарының үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру.

Балалар ортақ белгілеріне қарап, әртүрлі ағаштың жапырақтарын үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіреді.

Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.

	(Сөйлеуге қиналатын балаларға ерекше көңіл бөліп, сөйлеуге ынталандыру керек.) Саусақ жаттығуы. Бұлт жиналды, жиналды, (алақандарын ашып жұмады) Жанбыр жерге тамады. (Бір қолдың алақанына екінші қолдың саусақтарын жаңбырдың тамшылары сияқты тырс-тырс еткізеді) Күннің көзі ашылды, (саусақтарын жан-жаққа ашады) Жанбыр лезде басылды. (жұдырықтарын түйіп, үстелге қояды) (Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.) Балаларға бір-екі рет қайталату. Қорытынды бөлім: Ұйымдастырылған іс-әрекеттің аяғына қарай педагог: – Балалар, пілдің баласы бүгінгі белсенділіктеріңе риза болып отыр. Піл сендерге қатты қызығатынын айтады. Оны үйрететін ешкім жоқ екен. Сендердің бақытты балалар екендеріңді айтты. – Тақпақ ұнады ма? Иә. – Тақпақ қалай аталады? Күз келді. – Балалар, тақпақты маған қаншалықты жаттағанын кім айтып бере алады? Әсел, айта ғой. Жарайсың! Түгел жаттап алыпсың ғой! – Тағы кім айтқысы келеді? Марат, айта ғой. Жарайсың! Үйде қайталасаң, түгел жаттап алады екенсің! – Балалар, пілді шығарып саламыз? Сау болыңыз! – Балалар, сендерге көп рақмет! Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталды, сау болыңдар! Күтілетін нәтиже: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарының атауларын өздігінен қолдануды үйренеді.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Күз сыйы» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын көрнекіліктер: Қима суреттер. Дидактикалық ойындар. Жаңылтпаш жаттау. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, бала-бақшам! Негізгі бөлім: Педагог күз туралы өлең оқып береді. «Күзде» Алма пісті, Алмұрт пісті, Алша пісті, Жерге түсті.

	Қияр пісті, Қарбыз пісті, Қауын пісті, Қандай күшті! Жидектердің Татып дәмін. Жемістердің Жейміз бәрін. Б. Жақып. Сюжетті суреттер арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру. Бау-бақшада тек жеміс-жидектер ғана өспейді. Сонымен бірге көкөністер де өседі. Алма, алмұрт т.б. бұлар ағашта өседі екен. Ал көкөністерге қауын, қарбыз т.б. бұлар бақта өседі, яғни жерде өседі. Біз оларды суарып, түбін қопсытып, арам шөптерін жұлып, ағаштарға ұя салып, құрт құмырсқадан қорғау үшін баптайды екенбіз. Сонда ғана бұл жемістер пісіп, бізге жемісін береді. Сондықтан да біз жомарт күз дейміз. -Балалар,күз мезгілінің бізге дайындаған сыйы бар екен. -Ол қандай сый деп ойлайсыңдар? -Балалар, мына жерде көкөністер мен жемістер бар екен.Бірақ екеуі араласып кетіпті. Қане, көкөністерді бір себетке, жеміс-жидектерді екінші себетке салайық. Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат» Шарты:Екі себетке жеміс пен көкөністі ажыратып салу. Жаңылтпаш жаттау: 1.Көк базарда күзде бәрі бар, Барып бәрін, бәрін ал. 2.Мен бақшаның қарбызын жинадым, Алмагүл алма үзіп жинады, Жоламан таудың жалбызын жинады. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. Дидактикалық ойын: « Жарты алманың екінші бөлігін тап» Шарты: Сызық арқылы жарты алманың екінші бөлігін табады. Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Күз мезгілі туралы түсінеді. Жаңылтпаш жаттайды.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма

Баламен жеке жұмыс	Ауызекі сөйлеу тілін дамыту мақсатында қоршаған орта заттарымен сөздік қорын толықтыру 	Жаңылтпаштарды жаттату 	Ауызекі сөйлеу тілін дамыту мақсатында қоршаған орта заттарымен сөздік қорын толықтыру 	Азық-түлік атауларымен сөздік қорын толықтыру 	Бидай, арпа, тары, талқан, жүгері сөздері туралы түсінік қалыптастыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Азық-түлік атауларын толық атауға машықтандыру. Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Аптаның дәйексөзі: Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 14.10.2024-18.10.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Жемістер» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын материалдар: Қима суреттер.Сюжетті суреттер. Ноутбук. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Шаттанамын,күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде, Досым көбін білемін. Миға шабуыл әдісі: Көп жемістер піседі, Сарғайып жапырақ, Саудырап жерге түседі. - Балалар, өлеңде қай мезгіл туралы айтылған? - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілі. - Дұрыс айтасыңдар. Негізгі бөлім: - Сонымен, балалар бүгінгі ҰІӨ тақырыбы «Жемістер».

	Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды «бағбан» дейміз. Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие жатады. - Балалар қане бәріміз жемістер туралы бейне-материал тамашалайық. Балалар бейнеролик көргеннен кейін жемістердің аттарын атап, түстерін айтады. «Көкөністер мен жемістер» сергіту сәті. Орташа темптегі ритмикалық әуеннің жазбасы. Көкөністер бақшада, Отырады, толады. (тізе бүгіп отырады) Кезек-кезек піседі, Үлкен болып өседі. (жайлап аяққа тұрады) Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат» Дидактикалық ойын: «Ғажайып қалта» Шарты: Қалтаның ішінде әр түрлі жемістер бар. Қалтадағы жемістерді танып, атын және түсін атап айту. - Жарайсыңдар, балалар! Ойынды жақсы ойнадыңдар. Қорытынды бөлім: «Не жоқ?» зейінге арналған жаттығу. Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Жемістердің атауларын дұрыс айту дағдысы қалыптасады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» ертегісі. Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын көрнекіліктер: Қима суреттер. Ертегі кейіпкерлерінің суреттері Дидактикалық ойындар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Негізгі бөлім: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Балалар күз бізге не сыйлайды екен? -Көкөністер мен жемістер, дәнді дақылдар сыйлайды екен. Біз бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде «Көкөністер айтысы» ертегісімен танысамыз.

	Педагог: Өнім биыл тамаша, Көз тоймайды қараса. Сәбіз,картоп,кәдеш пен қып-қызыл піскен қызанақ. Қырыққабатқа қарашы! Көкөністер бір кезде жиыла қалып дауласты. «Көкөністер айтысы» ертегісінің видеосын тамашалауды ұсынамын. Сергіту сәті: «Көгөністер» - Балалар, бәріміз көгөністерді жақсы көреміз. Қазір әуенге қосылып, біраз сергіп алайық. Мен алмамын, алмамын (алақандарымен бетін ұстайды), Қызанақтай қызылмын (қолдарымен шағын шеңбер жасайды). Баялдыдай күлгінмін (қолдарымен сопақша жасайды), Қиярдайын жасылмын (тағы да сопақша жасайды). Қарбыздайын асылмын (қолдарымен дөңгелек жасайды), Асқабақтай сары ала (қолдарымен кедергі дөңгелектер жасайды), Көгөніспін мен, қара! (қолдарын жандарына жаяды). -Жарайсыңдар, балалар! Сұрақ-жауап: - Балалар, ертегі не жайлы екен? - Ертегідегі көкөністер не үшін дауласты? - Ертегіде қандай көкөністер бар? (Балалар сұрақтарға жауап береді) Балаларға көкөністердің суреті бейнеленген фишка беру арқылы рөлдерін сахналау. - Жарайсыңдар, балалар, енді осы ертегіні сахналап берейікші. Ертегіні желісі бойынша кейіпкерлердің көңіл-күйін жеткізе отырып сахналату. Сахналық қойылымдарды ойнатуда мынадай бірқатар талаптар орындалады: - Ертегіні сахналауға дайындау үшін ертегінің мазмұнын балаларға толық түсіндіру; - Ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқы, қимыл-қозғалысын бақылай отырып балаларға рөлдерді бөліп беру; - Сахналық қойылым бүлдіршіндерге тамаша көңіл күй сыйлайды. <i>(Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аударту үшін интонация мен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады).</i> «Қандай көгөністер екенін тап» дидактикалық ойыны. - Балалар, бүгін «Қандай көгөністер екенін тап» деп аталатын ойын ойнаймыз. - Мен түстерді айтып отырамын, сендер алдарыңда жатқан суреттерден сол түске сәйкес көгөністерді жылдам тауып көрсетесіңдер. Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау.Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аударту үшін интонация мен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма

Баламен жеке жұмыс	Жемістердің атауын дұрыс айтуды үйрету	Интонациямен сөйлеуді үйрету	Жемістердің атауын дұрыс айтуды үйрету	Егіншілікке қатысты сөздермен сөздік қорын толықтыру	Диірмен, орақ, шалғы сөздерін меңгерту
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Егіншілікке байланысты сөздермен таныстыру. «Ас атасы – нан» деген нақыл сөзді меңгерту. Аптаның дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»				

КЕЛІСЕМІН:

МДҰ әдіскері

Хуанган Калиматан _____

«__»_____2024ж

(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 21.10.2024-25.10.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Менің Қазақстаным» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын материалдар: Жұмбақтар, тақпақтар кітапшалары, ойыншықтар, ұнтаспа, суреттер, үлестірмелі материалдар, дидактикалық ойындар Кіріспе бөлім: Армысың, алтын күн, Армысың, жер Ана. Армысың, көк аспан, Армысыңдар, достарым! Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетін бастаймыз. Негізгі бөлім: Сұрақ-жауап: Жыл ерекшеліктері: (сұраққа жауап беру арқылы сөздерді байланыстырып үйренеді). -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Үстімізге қандай киім киеміз? -Қандай ойындар ойнаймыз? Жарайсыңдар балалар! Біз аспаны ашық, сәулелі, кең, байтақ елде тұрамыз. Ол ел – Қазақстан! Біздің еліміз қалай аталады? -Тәуелсіз Қазақстан Республикасы.

	- Дұрыс, еліміз, Отанымыз, жеріміз, Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады екен. Әр адамның өз Отаны, ата жұрты, мекені, қонысы болады екен. Ал, біздің Отанымыз Қазақстан деп аталады екен. Балалар Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер? Отан-сенің ата-анаң, Отан-досың, бауырың. Отан-өлкең, астанаң, Отан-аудан, ауылың.  - Қазақстан Республикасының рәміздеріне не жатады ? - Ту, елтаңба, әнұран. - Тудың түсі қандай? Туда ненің белгісі бар? - Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында күн және қыран құс. Қиынды карточкалармен жұмыс (3 бөлік қиындыны жинайды және не бейнеленгенін сөйлем құрап айтады) (<i>Сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету</i>). Қорытынды бөлім: Балалардың жұмысына алғыс айтып, қоштасу. Күтілетін нәтиже: Сөздерді байланыстырып сөйлейді.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Қазақстан – туған елім, туған жерім» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын материалдар: Жұмбақтар, тақпақтар кітапшалары, ойыншықтар, ұнтаспа, суреттер, үлестірімелі материалдар, дидактикалық ойындар Кіріспе бөлім: Сәлеметсіздерме балалар! Шаттық шеңбері: Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде мол өнім аламыз? Ал сендер күз мезгілінде пісіп-жетілетін қандай жемістер мен көкөністерді білесіңдер? -Күз мезгілі қандай айлардан тұрады? -Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

(Ұстаздар күні, қарттар күні, Республика күні)

Ребус шешкізу



(жауабы: Туған жер)

- Олай болса балалар! 25-қазан Республика күніне арналған «Қазақстан – туған елім,туған жерім» тақырыбындағы бүгінгі ҰІӨ бастаймыз.

Негізгі бөлім:

- Балалар, ата-анасын, достарын жақсы көретін кім?
- Отан деген не? Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен. Балалар біздің отанымыз қалай аталады? (Балаларға Қазақстан Республикасы туралы, Қазақстанның көрікті жерлері мен байлықтары туралы қысқаша айтып өтемін).
- Балалар, біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді,тәртіпті болуымыз.
- Отан біздің ортақ үйіміз. Біздің Отанымыз кең байтақ ел. Әр адамға туған жер әрқашан да ыстық болады. Біз Орал тұрамыз. Біздің қала үлкен. Біздің қалада , дүкен, мектеп, аурухана, т.б.бар. Біздің республикамыз Қазақстан деп аталады. Біздің еліміз – тәуелсіз мемлекет. Біздің ұлттық тіліміз – қазақ тілі. Отан – біздің ортақ үйіміз. Біздің Отанымыз кең байтақ ел. Әр адамға туған жер әрқашан да ыстық болады.

«**Менің қаламда ... бар**» ойыны (өзінің тұрғылықты жерінде бар ғимараттар мен заттарды қоршап сызып шығады).

- Қане, барлығымыз орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын орындайық:
Кәне, кәне тұрайық,
Киіз үй біз құрайық.
Уықты мен көтердім.
Киіз үйді тұрғыздық,
Уықты мен көтердім
Жұмысты біз тындырдық..



Мақал жаттау сурет арқылы

	Ойын: «Өз туынды тауып ал» Қорытынды бөлім: Сұрақ-жауап арқылы өтілген ҰІӨ қорытындылау. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтиже: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алады және оларды талқылауға тырысады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Сөздерді байланыстырып сөйлеуді үйрету _____ _____ _____	Өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы талқылай білуге үйрету _____ _____ _____		Өзі мекен ететін туған өлкенің табиғаты туралы мәлімет беру _____ _____ _____	Арнайы жасақталған суреттер, альбомдармен жабдықталған ортамен таныстыра отырып, сөздік қорларын байыту _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Туған елі, жері туралы түсінік қалыптастыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге баулу. Аптаның дәйексөзі: «Отанды сүю - отбасынан басталады!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 28.10.2024-01.11.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Күзгі табиғат» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов Қолданылатын материалдар: Қима суреттер. Сюжетті суреттер. Слайд.жұмбақтар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Күлімде,күн күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегіндей бүгін де, Қанат қақсын көгершін. Негізгі бөлім: Жұмбақ шешу: - Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын сендер шешуін тауып көріңдер. Жапырақты бояды, Атырапты бояды. Бояп-бояп барлығын, Сап-сары ғып қояды. (Алтын күз) Ағайынды бәрі:

	Шықса-көк, Түссе-сары. (Жапырақ) - Жарайсыңдар, балалар! - Бүгінгі ҮІӨ тақырыбы «Күзгі табиғат» жайлы болмақ. Мнемокестемен күзгі табиғат туралы айту.  «Сәйкесін тап» ойыны Күзгі табиғатты бейнелейтін заттар мен құбылыстарды желіммен жабыстыру. Тақпақ жаттау: (мнемокесте арқылы)  - Өлеңде не жайлы айтылған? - «Алтын күз» туралы айтылған - Дұрыс, «Алтын күз» - деп айналаның барлығы сары түске енетін кезді айтады. - «Жомарт күз» - деп жемістер мен көкөністер пісіп жетілетін кезді айтады. Тіл ұстарту жаттығуы: -Үз-үз-үз, Бізде алтын күз. -Ақ-ақ-ақ, Сарғаяды жапырақ. -Ән-ән-ән, Қамба толған дән. -Ұс-ұс-ұс, Сүйкімді құс. Сұрақ-жауап: - Бүгін не туралы айттық? - Күзгі табиғаттың ерекшеліктері қандай екен? - Алтын күз, жомарт күз деп неге айтамыз? Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолданады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Күзгі табиғат» Күй «Балалық шақ» А. Еңсепов

Қолданылатын көрнекіліктер: Қима суреттер. Дидактикалық ойындар. Тіл ұстарту жаттығуы.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

Достарымның барлығын,

Сыйлап, жақсы көремін.

Алақаным арқылы,

Жылуымды беремін.

Негізгі бөлім:

Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерді көрсете отырып, шағын мәтін құрап айтамын.

Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша.

Қима материалдармен жұмыс.

-Мынау – жапырақ.

-Жапырақ сары.

-Жапырақ қандай?

-Алтын күз.

-Қандай күз?

Балалар сөздерді, мәтіндегі есінде қалған ойды айтады.

Тіл ұстарту жаттығуы: (сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды үйренеді).

-Ү- ү-үз-үз,

- Келді күз.

-Ү-ү-ү-үй

-Қыр-кү -йек – қыркүйек.

Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан.

Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша.

Қу –қу – қу,

Жүзеді қос аққу.

Үз – үз – үз,

Жаңбырлы Күз.

Жаңылтпаш айтқызу.

Күз, кез, күз,

Күш, кеш, көш,

Күл, кел, көл,

Кілең қысқа сөз,

Кім оқиды тез?

(Балалар жаңылтпашты қайталайды: жай, жылдам).

	Сергіту сәті. Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады. Күн шықты, Сәулесін шашты, Бұлт жапты, Жаңбыр жауды, Кемпірқосақ шықты. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата. Балалар сөйлем құрайды. Суретте күз бейнеленген. Күзде жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғаяды. Құстар ұшып кетеді. Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алады және оларды талқылайды. Қазақ тіліне тән ү дыбыстарын сөз ішінде дұрыс айтып машықтанады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Сөздерді байланыстырып сөйлеуді үйрету _____ _____ _____	Өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы талқылай білуге үйрету _____ _____ _____	Сөздерді байланыстырып сөйлеуді үйрету _____ _____ _____	Жұмбақтар шешкізу _____ _____ _____	Көркем шығарманың мазмұнын тыңдай отырып, қайталап айтып беруді үйрету. _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Алтын, сары, қызыл көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қ.Шаңғытбаев (Балаларға жаттату). Аптаның дәйексөзі: «Отаным - алтын бесігім!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы
Балалардың жасы: 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 4.11.2024-08.11.2024 ж.
Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, жабайы аңдар, инесі жоқ кірпінің суреті, түрлі-түсті қарындаштар Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз, Еш уайымды білмейміз! Негізгі бөлім: Жұмбақтар: 1.Тауықтар қашып жасқанған, Құлығы артық басқа аңнан. (түлкі) 2.Үсті толы инелер, Қадамайды түймені (кірпі) Жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жабайы аңдар далада, орманда өмір сүреді. Біз жабайы аңдарды үйде ұстай алмаймыз. Себебі олар жыртқыш жануарлар. Оларға азық тауып жеуге тырнағы, азуы, тісі көмектеседі. Үй жануарларымен жабайы аңдардың айырмашылығы үй жануарларына адамдар қамқорлық көрсетеді. Жабайы

	жануарлар азықтарын өздері тауып жейді. Балалар, жабайы аңдардың ішінен бірнешеуіне тоқталайық. Мысалы: аю үңгірде өмір сүреді. Ол қыс мезгілінде қалың ұйқыға кетеді. Аюдың дауысы қандай деп ойлайсыңдар? Қане, бірге айтып көрейікші. Келесі аң бізде қоян. Далада өмір сүретін жабайы қоянның тұрақты іні болмайды. Ол өте қорқақ. Қасқыр қандай болады деп ойлайсыңдар? Қасқыр жыртқыш жануар. Оның тістері өте өткір. Ол өте қауіпті. Түлкі де жабайы жануарға жатады. Ол өте қу. Дидактикалық жұмыс: Кірпінің сұлбасына инелерін сызып толықтыру. Қимылдық ойын: «Қай жануар қалай жүреді?» Сұрақ-жауап: -Жыртқыш аңдар қайда өмір сүреді? -Ең қорқақ аң? -Ең айлакер аң? -Қандай аң ұйқыға кетеді? (жануарлардың атауын дұрыс айтып үйренеді). Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Жануарлардың атауын дұрыс айтады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев Қолданылатын көрнекіліктер: демонстрациялық суреттер, жабайы аңдар, инесі жоқ кірпінің суреті, түрлі-түсті қарындаштар Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Ойнасын, мейлі ойнасын, Ойныға ешбір тоймасын. Алаңсыз болып ай-күнің Жақсылық бүгін тойлансын! Негізгі бөлім: Балаларға хатты көрсетіп, Орман бағбаны жібергенін айтамын. Және хаттың ішінде не бар екендігін қарап, жұмбақтарды оқып беремін. Сайқымазақ қулығы бар, Барған жерде ұрлығы бар. Бұл қандай аң? Ұғып ал. (Түлкі.) *** Бұтақтарға секіріп, Әр жерден қылт етеді. Кейде жаңғақ кеміріп,

Жоғарылап кетеді. (Тиін)

Орманнан, жалпақ даладан
Бал іздеп бір аң жортады.
Кіп-кішкентай арадан
Үп-үлкен боп қорқады. (Аю.)



Қаңғырамын үйім жоқ,
Ауылдардың қойы көп.
Ұрлық, зорлық кәсібім,
Тамақтанар нәсібім. (Қасқыр.)



Балаларға жабайы жануарлардың суреттері көрсетіледі.

- Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?
- Біз оларды жабайы аңдар деп неге атаймыз?
- Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде нелер туралы айтамыз?

Суретпен жұмыс: (тақтаға өзі мекендейтін жерінде тұрған жануарлардың суреттерін шығарамын).

Қай жануарлар қайда мекендейтіндігі туралы әңгімелеп беремін).

«Сөйлемді аяқта» ойыны.

Қоян балаларға алғыс айтады және «Сөйлемді аяқта» ойынын ойнауды ұсынады.

Апанында өмір сүретін ...

Інде өмір сүретін ...

Қуыста тұратын ...

Өзінің апанында тұратын ...

Балаларға сөйлемдерді мұқият тыңдап, артық сөзді атауды ұсынамын.

Қорытынды бөлім:

Саусақ жаттығуы. «Қоян». (Дұрыс тыныс ала отырып, жаттығуды айтып, қимылдарын жасайды).

Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады)

Ұзын құлақ (үш саусақты жұдырыққа түйіпті)

Қоян тоңып қалыпты (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады)

Қолдары баста (алақандарын бір-біріне үйкелейді)

Мұрны қатып қалыпты (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады)

Құйрығы қатып қалды (құйымшақты сипайды)

Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады)

Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді)

Сол жақта жылы және тыныш (алақандарын соғады)

Жұптасқан сөзді таңдауды ұсынады. Олар жануардың үйін атайды.

Сарай - қуыс, аю - ..., түлкі - ..., кірпі - ..., қасқыр -..., қоян -

	Күтілетін нәтиже: Жұмбақтар шешуге дағдыланады. Сөйлеуде дұрыс тыныс алуды үйренеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	«Қарлығаш» ортаңғы тобы Суретке қарай отырып жануарлардың атауын дұрыс айтуды үйрету _____ _____ _____	«Шаңырақ» ересек тобы Жұмбақтар шешкізу _____ _____ _____	«Гүлдер» ортаңғы тобы Суретке қарай отырып жануарлардың атауын дұрыс айтуды үйрету _____ _____ _____	«Айналайын» мектепалды тобы Үй жануарлары турады түсінік беру _____ _____ _____	«Айналайын» мектепалды тобы Қора, жайлау, қыстақ сөздерінің мағынасын түсіндіру. _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Үй жануарлары туралы түсінік беру. Жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін арттыру. Аптаның дәйек сөзі: <i>Мейірімділікті анадан үйрен, әділдікті данадан үйрен</i> «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 11.11.2024-15.11.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Үй жануарлары және олар қалай дыбыстайды?» Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, жабайы аңдардың 3/1 қиынды суреттері, жануарлардың дауысы жазылған ұнтаспа, түрлі-түсті қарындаштар Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Қайырлы таң, Қайырлы күн, Күлімсіреп шықты күн. Жұмбақтар: 1.Жеміс – жидек жегенім, Балды жақсы көремін (аю) 2.Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айқай-шу (түлкі) Д/о: «Кім жылдам?»: балалардың үстелдеріне жабайы аңдардың 3/1 қиынды суреті ұсынылады. Сол суретті құрап, шыққан жабайы аңды дұрыс атауы қажет. Негізгі бөлім:

	Тосын сый - Балалар мен сіздердің топтарыңа келе жатырғанда пошташы маған хатпен ұнтаспа берді. Қараңызшы, қандай менің үлкен хатпен ұнтаспа. -Ал қазір бірге хатты ашамыз, көреміз және ұнтаспадан үй жануарларының дауысын тыңдатып, таптыру. -Бұл не ? - Сиыр. Бірге айтайық (Сиыр)Дұрыс .Ол қандай дауыс шығарады – Мөөөө.Сиырдың төлі – бұзау. Сиырдың көздерін көрсетіңіз тағы не бар? - құлағы ,басы ,аяғы, - Бұл не ? - Ит. Бірге айтайық (Ит)Дұрыс .Ол қандай дауыс шығарады? – Гав-гав. Иттін төлі -күшік . Иттін көздері көрсетіңіз тағы не бар?-құлағы ,басы ,аяғы - Бұл не ? - Мысық. Бірге айтайық (Мысық)Дұрыс .Ол қандай дауыс шығарады Мяу. Мысықтың баласы–марғау. Мысықтың көздері көрсетіңіз тағы не бар? - құлағы ,басы аяғы -Бұл не ?-Ат. Бірге айтайық (Ат)Дұрыс .Ол қандай дауыс шығарады? Аттың төлі -құлын. Аттың көздерін көрсетіңіз тағы не бар?-құлағы ,басы ,аяғы -Бұл не? -Қой. Бірге айтайық (қой) Дұрыс. Ол қалай дауыс шығарады? Мәәә. Қойдың төлі-қозы. Қойдың көздерін көрсетіңдер. Тағы не бар? - Үй жануарларына сиыр, түйе, қой, жылқы, ешкі. - Үйде бағылып, еті, сүті, жүні, терісі пайда келтіретін жануарларды төрт түлік мал дейміз. Олар шөп жейді, су ішеді, жем жейді екен. Жануарларды ренжітуге болмайды. Оларға қамқор болу керек. Д/о: «Төлін тап» (Үй жануарларының төлін тауып, сызықтармен анасына жеткізу) Сұрақ-жауап: - Сиырдың төлін не деп атайды екенбіз? -Бұзау -Бұзауды торпақ деп те атайды. -Бұзау қалай дыбыстайды? - Мө-мө-мө -Қойдың төлін не деп атаймыз? -Қозы немесе еркелетіп қошақан дейміз. -Қой қалай дыбыстайды? -Мә-мә-мә -Кімге қай жануар ұнады? <i>«Досыңмен ойна» (қасында отырған баланың басына үй жануарының бетпердесін кигіземін, сол үй жануарын дауыстау арқылы досына түсіндіру керек).</i> Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән «ө», «ә» дыбыстарын өздегінен дұрыс айтады. Бір-бірімен күнделікті ойында қарым-қатынас жасайды.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о ересек тобы	Тақырыбы: «Үй жануарлары және оларды қалай шақырамыз?» Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев

Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, үй жануарларының және олардың төлдерінің суреті, түрлі-түсті қарындаштар

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,
Көкке шуақ шашылып.
Төрімізге еніпті,
Амандасу үлкенге.
Тәрбиенің басы ғой!
Ал, қанекей, бәріміз,
Сәлем дейік үлкенге.

Негізгі бөлім:

Жұмбақтар:

1.Өзі ірі жануар,
Үстінде екі тауы бар. Ол не?
2.Басында мүйізі бар,
Үстінде киізі бар. Ол не?
3.Аласа ғана бойы бар,
Айналдыра киген тоны бар. Ол не?

-Дұрыс айтасындар, балалар. Балалар түйені, қойды, ешкіні және сиыр мен жылқыны ата бабаларымыз «Төрт түлік мал» деп атап кеткен. Мына суретке қараңдаршы, ненің суреті?

-Сиырдың төлі қалай аталады?

-Жарайсындар балалар. Сиырдың адамдарға пайдасы барма? Оған қалай күтім жасайды?

-Иә, балалар, дұрыс айтасындар. Сиырдан сүт аламыз, одан қаймақ, май, сүзбе, құрт жасайды екен. Балалар сиырды *әукім-әукім* деп шақырамыз. Кәне қайталайықшы. Сиырдың атасын – Зеңгі баба деп атайды.

-Келесі суретке назар аударындар, бұл ненің суреті?

-Иә, бұл жылқы. Ол қандай жануарға жатады? Оның төлі қалай аталады?

-Дұрыс айтасындар, балалар. Жылқыдан сүт аламыз, одан қымыз жасалады, және жылқыны ертеде көлік ретінде пайдаланған. Жылқыға су, жем, шөп береді. Жылқының атасы – Қамбар ата деп аталады. Жылқыны *құрау – құрау* деп шақырады екен. Кәне қайталайық.

-Ал мына суретте не бейнеленген?

-Қойдың төлі қалай аталады? Оның адамдарға пайдасы барма?

-Өте жақсы, балалар. Қойдың атасы – Шопан ата дейміз. Жайылып жүрген қойды *пұшайт – пұшайт* деп шақырады екен. Кәне, қайталайық.

-Енді балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. **Ойынның аты «Дыбысын тап».** Қазір мен сендерге төрт түлік малдың дыбысын қосамын, сіздер қай малдың дыбысы екенін табуларыңыз керек.

Сергіту сәті

	Тіктеп титтей құлағын, Ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұяғын, Бұзау былай жүреді. Алға созып мойынын, Ойнақтайды ботақан. Көкке қарай мұрынын, Шүйіреді бұзауқан «Қай жануар немен қоректенеді?» дидактикалық ойыны. (карточкалармен жұмыс) Қорытынды бөлім: Сұрақ-жауап арқылы ҮІӨ қорытындылау. Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балаларға айтып үйренеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	«Қарлығаш» ортаңғы тобы Қазақ тіліне тән «ө», «ә» дыбыстарын сөз ішінде өздігінен қолдануды үйрету _____ _____ _____	«Шаңырақ» ересек тобы Үй жануарлары туралы түсінік беру _____ _____ _____	«Гүлдер» ортаңғы тобы Қазақ тіліне тән «ө», «ә» дыбыстарын сөз ішінде өздігінен қолдануды үйрету _____ _____ _____	«Айналайын» мектепалды тобы Диалог құруды үйрету _____ _____ _____	«Айналайын» мектепалды тобы Ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Үй жануарлары туралы ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру. Жануарларды дауысынан ажыратуды және өздері дыбыстай алуды үйрету. Аптаның дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 18.11.2024-22.11.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектсі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» (үй құстары, тауық) Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев Қолданылатын материалдар: жаңа тақырыпқа байланысты суреттер, жабайы аңдар мен үй жауарларының фетрдан жасалған сұлбасы, құстардың дауысы жазылған аудио. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері Күндей болып күлеміз, Гүлдей болып өсеміз Құстар болып ұшамыз Көбелектей қонамыз. Өткен тақырыпты еске түсіру: «Жабайы аңдар мен үй жануарларын ажырат». Барысы: Фетрдан жасалған үй жануарларын бір жаққа, жабайы аңдарды бір жаққа топтастыру. Негізгі бөлім: -Балалар, сендер құстар туралы не білесіңдер? -Құстар біздің досымыз,біз оларға қасқорлық көрсетеміз. Құстар екіге бөлінеді. Бірі дала құстары болса, бірі үй құстары. Ал біз бүгін үй құстарына тоқталатын боламыз. Үй құстарына тауық,әтеш,қаз,үйрек, т.б. жатады. Үй құстарын адамдар өсіріп,күтеді,үй жағдайында ұстайды.Қорада тұрады.Жем жейді (Балаларға ұнтаспадан үй

	құстарының дыбысын тыңдату). -Балалар,сендер қандай құстардың дауысын тыңдадыңдар? -Иә,балалар,үй құстарының дауысы екен? Осылардың ішінен тауық туралы сөз қозғамақпыз. (Суретпен жұмыс) - Балалар,үй құстарының адамға пайдасы өте көп. Олардың жұмыртқасы мен еті-тамақ. Бүгін үй құстарының бірі-тауық және оның балапанымен танысамыз. Тауық-ең көп тұрған құстардың бірі. Оның балаларын балапан деп атаймыз. Тауықтың баласын не деп атайды екенбіз? -Балапанның түсі қандай? -Тауықтарға жем,су береміз. Тауықтар бидайды жақсы көреді. Міне,балалар,суреттен көріп тұрғандарындай,этештің тауықтан ерекшелігі мынандай: оның айдары бар,ал қауырсыны түрлі түсті болады. Тауықтың жүні майда,айдары бар,тұмсығын,қанатын созып көрейік,ол қанатының астына балапандарын алып қорғайды. Аяғында тырнағы бар екен.Онымен жер тырналап, балапандарына жем тауып береді. Тақпақ қайтала. «Нан қоқымын шашпандар» Ойын: «Дұрыс қайтала және көрсет» (аталған сөзді қайталап, сурет ішінен тауып көрсету). Саусақ жаттығулары (дұрыс тыныс ала отырып, айталған жаттығуларды айта отырып орындау): «Тоқылдақ» Тоқ-тоқ-тоқ тоқылдақ, Тоқтамайды тоқылдап, Отыр әне ағашты, Тұмсығымен соққылап. Қорытынды бөлім: Берілген ақпараттар бойынша сұрақ қою. Мадақтау. Күтілетін нәтиже: есту қабілеті артады, сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптасады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Үй құстары» Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, үй құстарымен оның балапандарының суреттерінен құрастырылған дидактикалық ойын Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Жарқын-жарқын үніміз Болашақтың күніміз Балабақша үйінің Жайнап тұрған гүліміз. Өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылады. Суретпен жұмыс жүргізіледі. Негізгі бөлім: Құстар және оның түрлері. Үй құстары туралы ақпарат беру Құстар екіге бөлінеді. Бірі дала құстары болса, бірі үй құстары. Ал біз бүгін үй құстарына тоқталатын боламыз. Үй құстарына тауық,этеш,қаз,үйрек, т.б. жатады. Үй құстарын адамдар өсіріп,күтеді,үй жағдайында ұстайды.Қорада

тұрады. Жем жейді (Балаларға ұнтаспадан үй құстарының дыбысын тыңдату). Барлық құстардың балапандары болады. Олар өте кішкентай. Өздеріне қамқорлық танытқанды жақсы көреді. Құстардың дене мүшесін атап өтейік (денесі, басы, тұмсығы, қанаты, аяғы.)

Суретпен жұмыс: Қаз, үйрек, тауықтың суретіне қарап мұрынмен демалып дұрыс тыныстау арқылы жай сөйлем құрату.

Жұмбақ.

Баласын ертіп соңынан

Сүңгіп, жүзіп үйретті.

Су жұқпайтын тонына

Кім білмейді ... (үйректі)

- Балалар, суда жүзетін қандай құсты білеміз?

- Үйрек.

- Үйрек сөзінде бірінші «ү» дыбысы естіліп тұр. «Ү» дыбысын айтқанда ерінді алға созып айтады. Бұл дыбысты анық айта біліңдер.



*Сурет бойынша оған
дейінгі және кейінгі
оқиғаны ойлап табу*

*(Үсен көшеден үкіні көріп, үйіне алып келді. Үсеннің алдынан
үйрегі шықты. Үйрек пен үкі дос болып кетті. Үсен үйрек пен
үкінің дос болғанына қатты қуанды).*

Д/о: «Көлеңкесін тап» (үй құстарының көлеңкесін тауып, сызықтармен қосып сәйкестендіру қажет)

Тіл ұстарту жаттығулары:

Өс – өс – өс.

Құстар бізге дос

Өс-өс-өс.

Тігіп алдым қос.

Өс-өс-өс.

Ұқыпты боп өс.

Қорытынды бөлім: Жұмбақтар жасыру

Екі аяғы да жоқ,

Белінде таяғы да жоқ.

Жұмыртқа

Бұрап қойған сағаттай,

Айқайлайды таң атпай. **(Әтеш)**

Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану.

Күтілетін нәтиже: Сурет бойынша дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап табады. Қазақ тіліне тән «ө» дыбысын сөз ішінде анық айтып дағдыланады.

Дүйсенбі

Сейсенбі

Сәрсенбі

Бейсенбі

Жұма

Баламен жеке жұмыс	Фонематикалық есту қабілетін дамыту	Сурет бойынша оған дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап табуды үйрету	Фонематикалық есту қабілетін дамыту	Таныс ертегінің мазмұнын айтуды үйрету	Ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Үй құстары туралы балалармен әңгімелесу, сұрақтар қою. Ата-анаға бөбекжайға келер және кері қайтар жолда кездесетін құстарды бақылау. Аптаның дәйексөзі: «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 25.11.2024-29.11.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Төрт түлік» Күй «Әлқисса» Н. Тілендиев Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, төрт түліктің, олардың төлдерінің және олардан алынатын өнімдердің суреттері. Шаттық шеңбері: Күндей болып күлеміз, Құлыншақтай шабамыз, Гүлдей болып өсеміз. Бұзауқандай тұрамыз. Негізгі бөлім: Кластер әдісі бойынша іс-әрекетті бастау. Қазақ халқы төрт түлік малды көлік ретінде мінді, тамақ есебінде етін, сүтін азық қылды. Жүні мен терісінен киім – кешек тігіп киді. Тұрмыстық бұйымдар жасап пайдаланды. Төрт түлікті дұрыс атау және суреттерінің тұсына төлі мен одан алынатын өнімдердің суретін тауып ілу. Дидактикалық ойын: «Адаспай тап». Сәйкестендіру тесті. Шарты: Сурет бойынша төлдерді өз енелеріне сызықпен қосу, сәйкестендіру. Сергіту сәті: «Қаражорға бий» (қысқаша).

	Мақалдар жаттау: • Ер қанаты – ат. • Малды баға біл, Бабын таба біл Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны?» (есту қабілетін дамыту) Дидактикалық ойын: «Мекеніне апар» (төрт түліктің атауын және олардың мекен ететін жетін дұрыс айту). Дидактикалық ойын: «Бұл не және ол қандай?» (сипап сезу арқылы өзі ұстаған заттың не екенін және оны ұстағанда қандай сезімде болғанын, өз әсерін жеткізу). Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: төрт түліктің атауларын дұрыс айтады және түсінеді.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Үй жануарлары» Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, төрт түліктің, олардың төлдерінің және олардан алынатын өнімдердің суреттері. Шаттық шеңбері: Күндей болып күлеміз, Құлыншақтай шабамыз, Гүлдей болып өсеміз. Бұзауқандай тұрамыз. Үй жануарлары туралы бейнеоролик көрсету. – Балалар, бұлар нелер? Бұлар үй жануарлары. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар! – Оларды үй жануарлары деп неге атаймыз? Иә. Олар адамның жанында өмір сүреді. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар! Негізгі бөлім: Қозы бар, Құлын бар. Желпілдеген тұлым бар. Бұзау бар, Лақ бар. Сылдырар бұлақ бар ... (Қ.Мырзалиев) – Тақпақ не туралы? – Үй жануарлары туралы. Көру мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу. «Үй жануарларын ата, есіңе сақта». Жаттығуға үй жануарлары төлдерінің суреттері қажет: бұзау, құлын, торай, қозы, лақ. Үй жануарларын және оларға жататын кейбір нысандарды еркін тәртіпте орналастырамын. – Балалар, сендер тақпақты мұқият тыңдадыңдар ма? Өздерің естіген үй жануарларын ғана атап, орналастыру керек.

Балаларға үй жануарларын атап, еркін жүйеде орналастыруға мүмкіндік беремін. Жаттығудың соңында тиін мен қаз үй жануарлары емес екендігі анықталады.

Балалардың жауаптары:

– Мынау сиыр. Мынау жылқы. Мынау шошқа. Мынау қой. Мынау ешкі.

– Жарайсыңдар! Қане, балалар, қайталайық! Сиыр, жылқы, шошқа, қой, ешкі - үй жануарлары.

Сахналау негізінде лого-ырғақ «Төлдер».

Балаларды ашық алаңға шақырамын.

Артикуляцияға сәйкес өлеңді оқимын.

Күні бойы аулада,

Ән салады барі де:

– Бәә! Бәә! - бақырады ешкі.

– Қорс! Қорс! - қорсылдайды торай.

– Мөө! Мөө! - мөңірейді сиыр.

– Мәә! Мәә! - маңырайды қой.

– Иии! Иии! - жылқы кісінейді,

– Ненің дауысы, кім біледі?

Сәйкестендіруге арналған сөздік-логикалық жаттығу. «Төлін тап.»

Сөйлем модельдеу бойынша тізбекті суреттер тірегі негізінде сөздік жаттығу. «Не береді?»

– Балалар, үй жануарлары адамдарға пайдасын тигізеді.

– Олардың қандай пайдасы бар? Не береді? Көрейік.

Педагог талқылау бойынша логикалық тізбекке сәйкес тірек суреттерді қойып отырады.

Сиыр - шелектегі сүт - ет.



Сиырды кім бағады? (Сиыршы)

Түйе - жүн - шелектегі шұбат, ет..



Түйені кім бағады? (Түйеші)

Қой - жүн - ет.



Қойды кім бағады? (Қойшы)

Жылқы - шелектегі қымыз - ет.



Жылқыны кім бағады? (Жылқышы)

Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларымен және олардың еңбегімен тоқталып, таныстырып өтемін.

– Үй жануарларының бізге берер пайдасы мол. Оларды жақсы көру керек.

Қорытынды бөлім:

– Балалар, бүгін не жайлы айттық? (Үй жануарлары жайлы айттық.) Жарайсыңдар!

– Оларды үй жануарлары деп неге атаймыз? (Олар адамның қасында өмір сүреді. Адамдарға пайдасын тигізеді.) Жарайсыңдар!

– Қандай төлдерді естеріңе сақтадыңдар?

– Қай жануардың, қандай пайдасы бар екені кімнің есінде? Жарайсыңдар!

	Күтілетін нәтиже: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларымен («қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы») танысады, олардың еңбегімен байланыстылығын түсінеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Фонематикалық есту қабілетін дамыту _____	Сурет бойынша оған дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап табуды үйрету	Фонематикалық есту қабілетін дамыту _____	Таныс ертегінің мазмұнын айтуды үйрету	Сұрақ қойып үйрету _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетіндегі меңгерілген жаңа сөздерді күнделікті өмірде орынды қолдануға дағдыландыру. Аптаның дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.12.2024-06.12.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Мен тұратын қала» Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар:Қима суреттер,күннің суреті.Туған өлкеміздің табиғаты бейнеленген,ғимараттардың суреттері, жақсы мен жаман іс-әрекеттердің суреті. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге. Негізгі бөлім: -Балалар, біздің елімізде көптеген қалалар бар. Біз сол қалалардың бірі біздің қаламыз- Орал. Қаламызда түрлі ғимараттар бар. Балабақша, мектеп, театр, асханалар бар. Біз өзіміздің туған жерімізді, қаламызды жақсы көруіміз керек. Дидактикалық ойын: «Әдемі ғимарат» (ғимараттың бөлшектерін орнына қойып желімдеу және қандай бөлшектен құралғандығын айту). Мысалы: Қабырғаны жабыстырдым, т.б. Сергіту сәті: Қаламызды сүйеміз,көркемдейміз, Қайратты боп өсеміз,өркендейміз.

	Тіл ұстарту: -Біз өсеміз. -Біз өркендейміз! (зат есіммен етістіктен жай сөз құрау). Дамытушы ойын. «Не көрдім?» (Берілген суреттерден не көргендерін айтып беру керек). Мысалы: Азамат, суреттен нені көріп тұрсың? - Мен суреттен үйлерді көрдім. -Кім көрді? -Мен көрдім. (зат есім мен етістіктен сөз тіркесін құрайды). - ... көшелерді көрдім. Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау.Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Зат есім мен етістіктен сөз тіркесін құрайды.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: Әр балаға «Ғажайып нүктелер» дидактикалық тапсырмасы, ақ және қызыл гүлдер. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері. «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. - Балалар, ертегі елін ұнатасыңдар ма? (Балалардың жауабын тыңдау). - Олай болса, балалар, сиқырлы сандықтағы суреттермен танысайық. Сиқырлы сандық ашылады, балалар қызығушылық танытады. Балаларға өздеріне таныс ертегі кейіпкерлері бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсетіп, қай ертегі екенін естеріне түсіруді сұраймын. Негізгі бөлім: Жұмбақ. 1.Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. Ол не? (Қарлығаш.) 2.Өзі айлакер қу, Жүрген жері айқай шу. (Түлкі.) 3. Қанды сорып алады, Лезде тойып қалады.

Ол не? (Маса.)

4. Аузынан от шашады,
Сумандаған тілі бар.
Бұрандаған ізі бар,
Тіл ұшында уы бар.
Ол не? (Айдаһар.)

Жұмбақтардың жауабын табады. Әр жауапқа сиқырлы сандықтан суреттерді шығарып, тақтаға қойып отырамын.

- Балалар, бүгін «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деп аталатын ертегіні оқимыз. Балаларға ертегіні оқып беремін, мазмұнын түсіндіремін.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқып беремін.

Ертегі желісі бойынша сұрақтар қоямын және суреттерді көрсетемін. (Ертегі мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз беттерінше ретімен қайталап айтады).

Сергіту сәті.

Аппақ болып таң атты,
Түтін тікке ұшады,
Қарлығаштар қанатын
Самғап көкке ұшады.
Сергіту сәтін 2-3 рет қайталайды.

«Ғажайып нүктелер» дидактикалық ойыны.

- Енді, балалар, ғажайып нүктелер арқылы қарлығаштың суретін салып үйренейік.
Балалар нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады.

Тыйым сөз.

1. Көк шөпті жұлма.
2. Құстың ұясын бұзба.
3. Жұмыртқасын жарма
Балалар тыйым сөздерді жаттауға тырысады.

Қорытынды бөлім:

- Бүгін қандай ертегі оқыдық?
- «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқыдық.
- Ертегі ұнады ма?
Балалардың жауаптары.
Рефлексия.

	Өсіп тұрған ағаштарға гүлдерді жапсыру. Күтілетін нәтиже: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз бетінше ретімен қайталап айтады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Сурет бойынша зат есім мен етістіктен жай сөйлем құрату	Ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	Сурет бойынша зат есім мен етістіктен жай сөйлем құрату	«Дүкенші» ойыны арқылы диалог құруды үйрету	Сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға келер және кетер жолда кездесетін ғимараттарды таныстыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды сөз ішінде және сөз ортасында анық айтуға машықтандыру. Аптаның дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 09.12.2024-13.12.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Менің Отаным!» Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: ҚР Рәміздерінің,бірнеше елдің туларының суреттері Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Күлімдеген күндейміз, Шұғылалы таңдаймыз! Еш уайымды білмейміз! Негізгі бөлім: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің келісімен қатар келетін мерекеміз «Тәуелсіздік мерекесі». Тәуелсіз ел деп-өзінің президенті, туы, елтаңбасы, ән ұраны бар деп атайды. Енді мына суреттер не көріп тұрсыңдар?(суретпен жұмыс) -Тудың түсі қандай? -Тудың ортасында күн бейнеленген, астында қалықтаған қыран құстың суреті, ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген. - Мынау қазақстанымыздың мемлекеттік ел таңбасы. - Елтаңбаның негізі – шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі. Тақпақ жаттау: Отан тарих, Отан өлең,

	Отан тіл. Отан жыр. Дидактикалық ойын: «Өз туынды тауып ал» Барысы: тақтаға көптеген мемлекеттердің туы ілінген. Осы тулардың ішінен өз туынды көрсет. <i>(өз елінің туын тапқан кездегі әсерін білдіру).</i> «Тыңда және орында» (балаларға балалар әнін қосамын, сол әннің сөздеріне сәйкес қимылдар жасайды. Кенет Әнұранға ауыстырамын. Солайша балалардың бойында патриоттық сезімнің қаншалықты қалыптасқанын анықтаймын және балаларға осы <i>сәттегі өз әсерлерімен бөлісуге мүмкіндік беремін</i>). Суретке қарап, сөйлем құра: - Туды ал, қане, барлығымыз бірге жоғары көтерейік. - Әнұранды айт, барлығымыз бірге айтайық. - Допты теп, бірге футбол ойнайық. - Әжеге көмектес, әженің сөмкелерін барлығымыз бірге көтеріп, көмектесейік. (Дербес іс-әрекетте ауызекі сөйлесуге бірлескен әрекеттері туралы келіседі). Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Өзінің алған әсері мен қалауын білдіре біледі. Дербес іс-әрекетте ауызекі сөйлесуге бірлескен әрекеттері туралы келіседі.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Менің тәуелсіз – Қазақстаным!» Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: жаңа тақырыпқа байланысты демонстрациялық суреттер Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді тігеміз. Негізгі бөлім: -Балалар, біз аспаны ашық, кең байтақ елде тұрамыз. Біздің Отанымыз-Қазақстан. Қазақстан-тәуелсіз мемлекет. Әр тәуелсіз мемлекеттің өзінің әнұраны, елтаңбасы, туы болады. Тұғыры биік туымыз бар. Туымыздың түсі-көк. Қолымызды жүрегімізге қойып тыңдайтын әнұранымыз бар. Күн шашақтары бейнеленген елтаңбамыз бар. Біз тәуелсіздігімізді, рәміздерімізді құрметтеуіміз керек. «Додокаэр» әдісімен тақырыпты түсіндіру жұмысын жүргізу. Дидактикалық ойын: «Дұрыс па,бұрыс па?» (суретте берілген суретшінің қателігін тауып, себебін түсіндіріп беру керек). «Бұл менің ...» танымдық ойыны (үстел үстіне сыртында әртүрлі мемлекеттің туының элементтері бар таза

	сумен толтырылған банка қойылады және балалардан сол банканы шайқау сұралады. Егер банканы шайқаған кезде қақпағына жағылған бояу түсімен өз елінің туының түсі шықпаса, «Бұл менің туым емес,себебі...», «Менің ешқандай менің туыма ұқсамайды, себебі...»,т.б. деген секілді сөйлемдермен айтып беру сұралады). <i>(Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданып, жай, жайылма сөйлемдер құрып, өз ойын жеткізе білуге тырысады).</i> Дыбыстық жаттығу: Қа-қа-қа-Қазақстан Кө-кө-кө-көгілдір. Үн-үн-үн-күн. Ел-ел-ел-елтаңба. Ән-ән-ән-әнұран. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» (айтылған бірінші буынға буын қосып, сөз туғызу. Пайда болған сөзден жай сөйлем құрау). Қорытынды бөлім: «Додокаэр» әдісі арқылы өткен тақырыпты қорытындылау. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтиже: Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданып, жай, жайылма сөйлемдер құрып, өз ойын жеткізе біледі.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Ауызекі сөйлеу тілін дамыту бойынша суреттермен жұмыс _____ _____ _____	Жай және жайылма сөйлемдер құрастыру _____ _____ _____	Ауызекі сөйлеу тілін дамыту бойынша суреттермен жұмыс _____ _____ _____	Интонациясы бойынша лепті сөйлемді қолдануды үйреу _____ _____ _____	Тәуелдік жалғауды дұрыс қолдануды үйрету _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Қазақстан, Отан сөздерін тәуелдеп қолдануды, өзіне айтылған сөздерді түсініп, кері толық жауап қайтаруды үйрету. Өздерді анық айтуға дағдыландыру Аптаның дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 16.12.2024-20.12.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бесенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Қыс мезгілі» Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: тақырыпқа байланысты суреттер, әр түрлі қолғаптың суреттері Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Күлімдеген күндейміз, Шұғылалы таңдаймыз! Еш уайымды білмейміз! Негізгі бөлім: Суретпен жұмыс: (суретке қарай отырып, сұрақтарға жауап береді) - Жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыс мезгілі екенін дәлелдейтін нені көріп тұрсыңдар? - Қардың түсі қандай? - Балалар қалай киінген? Дидактикалық ойын: «Не істеп жатыр?» Сурет бойынша аңдардың не істеп жатырғанын жай сөйлеммен айту (зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрайды). Тіл ұстарту жаттығуы Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс.

	Ар – ар – ар, Жауады қар. Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» (қолғаптың сыңарын тауып, сызықтармен қосу) Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрайды. Өзінің алған әсерін білдіреді. Сөздік қоры молаяды.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Қолғап» ертегісі Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: «Қолғап» ертегісінің кейіпкерлерінің және қолғаптардың суреттері Кіріспе бөлім: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі деп ойлайсыңдар? -Қыс мезгіліне қандай айлар жатады? Қане, бірге атап көрейік. Д/О: Қыс мезгілі және қыста не істейміз? Кубизм әдісі арқылы (- Балалар, сендермен қазір бір қызықты ойын ойнаймыз. Ол үшін мына кубикті лақтырасыңдар, қандай сурет шықса, мен сол бойынша сұрақ қоямын, соған жауап бересіңдер). Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады? Жерді қар басады. Өзенді мұз басады. Құстар ән салмайды. Ағаштар өспейді. Жәндіктер тығылып қалады. Адамдар қалың киінеді. - Ал қандай жылы киімдер бар екенін білесіңдер? Тіл ұстарту жаттығулары Қ-қ-қ-қолғап, Ө-ә-ә-әдемі қолғап, Ұ-ұ-ұ-ұзын қолғап. (<i>ұ дыбысын жеке анық айтуға дағдыландыру</i>). - Балалар, қандай ертегі білесіңдер? -Қандай ертегі ұнайды? Бүгін мен сендерге «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келдім. Негізгі бөлім: Суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып беремін. – Ертегі ұнады ма? – Ертегіде кімдер бар? – Мынау не? (Қолғап). – Бірінші кім келді? (Тышқан) – Тышқан қандай?

	– Екінші? (Бақа) – Бақа не деді? – Бақа не істейді? – Тышқан не деді? – Соңғы кім келді? (Аю) – Барлығы неше болды? (6) – Аю қандай? – Аю қалай жүреді? (Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі). Ертегіні сахналау (<i>Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес интонациямен, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға дағдыланады</i>). Сергіту сәті. Жел уілдеді, у-у-у! Боран борайды, у-у-у! Жел гуілдеп соқты, гу-гу! Жапырақтар үзіліп түсті, ах-ах! Билеп кетті қалтырап, пах-пах! Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Шағын тақпақ жаттау. Ұлпа бұлтқа түсті, Ұшақ биік ұшты, Ұлан деген жігіт, Ұшқыш екен күшті. (<i>ұ дыбысын сөз ішінде анық айтуға дағдыландыру</i>). «Сыңарын тап» топтық жұмыс (қолғаптардың сыңарын тауып, сызықпен қосу) Қорытынды бөлім: Балалардың жасаған жұмысын оң деп тану. Мадақтау. Күтілетін нәтиже: Ұ дыбысын сөз ішінде, жеке анық айтуға дағдыланады. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес интонациямен, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс		Ұ дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтып үйрету _____ _____ _____	Зат есім мен етістіктерден сөз тіркесін құрастыруды үйрету _____ _____ _____	Сұрақтарды дұрыс қоюды үйреу _____ _____ _____	Тәуелдік жалғауды дұрыс қолдануды үйрету _____ _____ _____

Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Заттарды атау, зат атауларын тәуелдеп қолдануды үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін серуен кезінде бақылау. Өз әсерімен бөлісу. Аптаның дәйексөзі: «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»
--	--

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2024ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 23.12.2024-27.12.2024 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Жаңа жылды қалай қарсылаймыз?» Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: Шыршаның, аяз ата мен ақша қардың суреті, ойыншықтар Кіріспе бөлім: Балаларға мұңлы, көңілді, ашулы балалардың суретін көрсетемін және балалардан әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді сұраймын. Жұмбақ жасыру «Ақсақалды шал жылына Бір-ақ рет келіп кетеді Қызы мен ұлына Сыйлық алып келеді. Ол кім балалар?» -Балалар, жұмбақ не туралы болды? Балалар менің қолымнан нені көріп тұрсыңдар? -Иә, бұл Аяз атаның сендерге беріп жіберген сыйлық толы қапшығы. Егер сендер бүгінгі ҰІӘ жақсы қатысып отырсаңдар, сендерге сыйлықты табыс ететін боламын. Келістік пе? Негізгі бөлім: - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Жаңа жылдық мереке бейнеленген суретті қарастыруды ұсынамын. - Қандай мереке жақындап келеді? Жасыл шырша орманнан,

	Бізге арнайы келіпті. Ойыншығын балалар, (Шыршаға) әсем іліпті. - Бізге қонаққа кім келеді? - Аяз атамен бірге кім келеді? - Ақшақар - Аяз атаның немересі. Ол атасына балаларға сыйлықтарды таратуға көмектеседі. Балалармен бірге ойнап, би билейді. - Біз мерекеге не киеміз? - Біз шыршаны немен безендіреміз? - Біз шыршаны әшекейлермен безендіреміз: шарлар, ойыншықтар, моншақтар, жылтырақтар. - Балалар мерекеге қалай дайындалып жатыр? - Балалар Аяз ата мен Ақшақарға айтатын өлеңдерін, әндерін, билерін жаттайды және ересектермен бірге карнавал костюмдерін дайындайды. Мерекеге жануарлардың костюмін немесе ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін киген кезде, бұл мереке карнавал немесе маскарад деп аталады. - Суретте қандай карнавал костюмдерін көріп тұрсыңдар. Оларды атаңдар. Маскарад киімдері. Көбелек, ара, пират, қызыл телпек, мушкетёр, түлкі. <i>(көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді түсінеді).</i> «Қара да, айт» (Суретке қарап әңгіме құрастыру) Сыйлықты неге әкеледі? Сыйлықты кім әкеледі? Сендерге Аяз ата қандай сыйлық берді? Сыйлық алғанда не деп жауап береміз? <i>(көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді түсінеді және сұрақтарға жауап береді).</i> «Шыршаны безендір» (үлгіге қарай отырып, шыршаның ойыншықтарын желіммен жабыстыру арқылы толықтыру). Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Аяз атаның сыйлығын (көңілді қысқы сурет) балаларға табыстау. Күтілетін нәтиже: Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді.
Сейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Жаңа жыл, жаңа жылға қажет заттар» Күй «Балбырауын» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: мнемокесте, суреттер Кіріспе бөлім: Суретті жұмбақ жасыру. «Шанамен зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (сөз тіркесін құрастырады) Негізгі бөлім:



	Суретпен жұмыс (Жаңа жылдық шыршаны және қысқы орманның суреттерін көрсету) - Балалар, шыршаны қандай мерекеде безендіреді? - Жаңа жыл мерекесіне кімдер келеді? - Шыршаға нелер іледі? - Аяз Ата бізге не алып келеді? -Жаңа жыл мерекесі қыс мезгілінде тойланады. Жаңа жылда жасыл шыршаны безендіріп, ойыншықтармен сәндейміз. Жаңа жыл мерекесі отбасылық мереке. Өндер айтып, би билейміз. Жаңа жылда біз достарымызға, жақындарымызға сыйлықтар сыйлаймыз. «Қатырмақ» ойыны Көңілді әуен ойналады, қолымдағы таяқшаны балалардың қолдарына тигізуге тырысамын, қай баланың қолы тисе сол бала бір суретті суырып, ол не?, қай уақытта керек?, не үшін керек?, түсі қандай?, дәмі қандай?, иісі қандай? деген сұрақтарға жауап беруі тиіс. (Бұл суретте берілген заттардың барлығы жаңа жыл мерекесіне қажет заттар). Өздеріңе ұнайтын бір зат туралы әңгімелеп бер.(үстел үстіне қарындаш, кітап, ойыншықтар, жеміс-жидектерді қоямын. Бала қолына алып қарап, сипаттап береді. Егер қиындық туындаса, сұрақтар қойып отырамын). <i>(Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды).</i> Еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу. «Мерекеде нелер болды?» - Айтыңдаршы, балалар, мерекеде нелер болды? (Тиін, түлкі, аю, қоян, қасқыр.) Демонстрациялық суреттер: әртүрлі орналасқан, аңдардың көлеңкесі (көк көлеңке) - тиін, сауысқан, түлкі, кірпі, аю, мысық, қоян, бақа, қасқыр. Балалар көлеңкелерді көрген кезде оның не екенін тез анықтап, алдыңғы жаттығуда болмаған аңдарды алып тастайды. - Тиін, қоян, түлкі мен қасқыр шапшаң секіріп, жылдам жүгіреді. (Себебі, олар тым жылдам.) - Аю неге ақырын қозғалады? (Себебі, аю өте баяу.) - Тиін, қоян, түлкі мен қасқыр жеңіл секіріп жүгіретіні неліктен? (Себебі, олар жеңіл қозғала алады.) - Аюдың ауыр жүретіні неліктен? (Себебі, аюдың ауыр екендігі барлығымызға белгілі.) <i>(ойыншықтарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды).</i> Барлық балалардан сұрап шығамын Сұрақты тура немесе керісінше қоямын: - Қоян неге жылдам? (Себебі, тез қоян қозғалады,) - Қоян неге тез қозғалады? (Себебі, қоян өте жылдам.) Балалардың басым көпшілігінің толық сөйлеммен жауап беруін қамтуға тырысамын. Қорытынды бөлім: «Кубизм әдісімен» іс әрекетті қорытындылау. (Жаңа жыл мерекесіне. Мерекеге Аяз ата мен Ақшақарды күтеміз, олар балаларға сыйлық үлестіргенді жақсы көреді) Күтілетін нәтиже: Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауды үйрету				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма

Баламен жеке жұмыс	Суретке қарап жай сөйлем құрастыруды үйрету _____ _____	Ойыншықтарды сипаттауды үйрету _____ _____ _____	Суретке қарап жай сөйлем құрастыруды үйрету _____ _____ _____	Тұрақты сөз тіркестерін үйрету _____ _____ _____	Ертегіні мазмұны бойынша айтып беруді үйрету _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Жаңа жыл және жаңа жылдық ойыншықтар, қызықтар туралы өз ойын, алған әсерін жеткізе білуге жағдай жасау. Аптаның дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.01.2025-10.01.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Қолғап» ертегісі. Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақтар, «Қолғап» ертегісі, қыс мезгілі туралы слайд (интербелсенді тақтада), ертегіні бейнелеген сурет, кейіпкерлердің бетперделері, жұмыс дәптері, фишкалар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша «Жаңа жыл» тақырыбын қайталау. Суреттегі кейіпкерлерді балалар атайды, сөйлем құрастырады. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз

	анықталады. Қар, қыс, қолғап, аққала сөздерін айтқызу арқылы қ дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Негізгі бөлім: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді. – Ертегі ұнады ма? – Ертегіде кімдер бар? – Мынау – қолғап. – Мынау не? (Қолғап). – Бірінші кім келді? (Тышқан) – Тышқан қандай? – Тышқан кішкентай. – Екінші? (Бақа) – Бақа не деді? – Бақа не істейді? – Тышқан не деді? – Соңғы кім келді? (Аю) – Барлығы неше болды? (6) – Аю қандай? – Аю үлкен. – Аю қалай жүреді? Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі. Сергіту сәті. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтер мына қолғаптан. Балаларға кейіпкерлердің бетперделерін тандап ойнауды ұсынады. Ертегіні сахналау. 1. Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Қай жануардан кейін қайсысы келді? Бірінші тышқан келді. 2. Сыңарын тап. Қорытындылау. Балаларды мадақтау. – Ертегі сендерге ұнады ма? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайлик арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтармен қоштасамыз. Күтілетін нәтиже: Балалар ертегіні түсінеді, рөлдерге бөліп сомдайды. Зат есім мен сын есімнен сөйлем құрайды. Қ дыбысын еркін айтады.
Бейсенбі	Тақырыбы: «Қысқы киімдер»

«Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: қысқы киім суреттері, т.б. Кіріспе бөлім: -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Жұмбақ Әуеде ақ мамық Қабалақтап ұшады, Қанаты жоқ талып Жерді барып құшады . Ол не балалар ? Негізгі бөлім: - Ендеше қар жылдың қай мезгілінде жауады?Қыс мезгілінде қар жауады. Қардың түсі қандай болады? - Қардың түсі ақ болады,Ұлпа, жұп -жұмсақ, мамықтай болады. - Балалар ,аязды күні қарды басып жүрсең қандай дыбыс шығады? - Сықыр- сықыр, қырт- қырт (<i>фонематикалық естуі дамиды</i>). - Қыста қандай ойындар ойналады? - Шанамен сырғанаймыз, коньки тебеміз, қардан аққала жасаймыз. - Қыс мезгілінде ауа райы қандай болады? - Күн суық, болады. Кейде боран соғады. Сол себепті адамдар қыста тоңбас үшін, суық тиіп ауырып қалмас үшін қалың,жылы киімдерін киеді.Бұл киімдерді қыстық киімдер деп атайды. - Мынау не?... - Бас киімді не үшін киеміз? (Солай сыртқы қыстық киімдердің әрбіріне жеке тоқталып өтемін). - Балалар қысқы киімдермен таныстық. Олай болса, балалар қыстық киіммен жаздық киімдерді ажыратып көрейік: (<i>екі жәшікке салынған киімдерді көрсету арқылы ажыратқанын байқау</i>). Такпақтар Жоғалыпты қолғабым Тыз-тыз етіп қолдарым, Сорып аяз тастады Естен кетпес тонғаным. (<i>фонематикалық естуі дамиды, анық және қалыпты қарқынмен сөйлеуге машықтанады</i>). «Балақайды киіндір» (балақайдың бас киімінің түсіне орай сәйкес келетін күртесі мен аяқ киімін сызықтар арқылы қосып жеткізу) Жаңылтпаш жаттату Тұз - мұздай, түүүүүүүүз, мүүүүүүүүүз Мұз – тұздай (<i>фонематикалық естуі дамиды, анық және қалыпты қарқынмен сөйлеуге машықтанады</i>). «Не артық?» дидактикалық ойыны (Бір қатарда тұрған киімдердің ішіндегі қайсысы артық екенін тауып, қоршап
------------------------------	---

	сызу). Қорытынды бөлім: Балалар сендердің барлығың да өте жақсы жұмыс жасадыңдар. - Біз не үйрендік? - Сендерге ұнады ма? - Кімге не ұнады? Күтілетін нәтиже: фонематикалық естуі дамиды, анық және қалыпты қарқынмен сөйлеуге машықтанады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс			Мнемокестемен сөйлем құрауды үйрету	Диалог құрауды үйрету _____	Қыс мезгілінің белгілерін өз сөзімен жеткізе білуді үйрету
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін серуен кезінде бақылау. Өз сөзімен сұрақтарға жауап беруді, бір-бірімен диалог құрауды үйрету. Аптаның дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 13.01.2025-17.01.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Агөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Орманға саяхат» Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: тақырыпқа байланысты демонстрациялық суреттер, ноутбук. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз Бәріне амандасып Басымызды иеміз. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі екенін еске түсірейікші. - Қазір мен әр жыл мезгілінде болатын құбылыстарды айтамын, ал сендер қай мезгіл екенін тауып көріңіздер. <i>Д/ ойын: «Бұл қай кезде болады?»</i> - Енді орманға саяхат жасайық. Негізгі бөлім: Зейін қойып тыңдап, ноутбукке назар аударады.

- Міне орман, мұнда өте көп ағаштар өседі және түрлі жабайы аңдар өмір сүреді. Аңдарды көргілерің келеді ме? Ендеше, серуендейік.

* Қыста ақ, жазда сұр

Бұл қай аң? (Қоян)

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ян-ян-ян қоян.

Қ-қ-қ қорқақ қоян. («қ» дыбысын сөз басында дұрыс айтуға машықтанады). (Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту).

Қараңдаршы шыршаның астында көңілсіз қоян отыр.

- Қоянның құлағы қандай, құйрығы қандай? Қоян не жегенді жақсы көреді? Қоян шапшаң жүгіреді және мықты секіреді. Қане, қоянмен бірге секірейік.

Енді қоянның көңілі көтерілсін тақпақ айтайық

Ақ қоян-ау ақ қоян

Ұзын құлақ сақ қоян. («қ» дыбысын дұрыс айтуға машықтанады). (Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту).

- Міне қоян көңілденіп өзінің достарын шақырды. Қараңдаршы қояндар бірдей ме? Қандай?

Ойын: «Көлеміне қара»

-Балалар, орманда қу түлкі қояндарды іздеп жүр. Қане, қояндарды шыршаның артына жасырайық. Үлкен шыршаның артына үлкен қоянды, кішкентай шыршаның артына кішкентай қоянды жасырайық.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Кі-кі-кі,

Айлакер түлкі.

-Қараңыздар, мына жерде екі жол бар екен. Жолдың қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін анықтайық. Жасыл жол қандай, ұзын ба қысқа ма? Ал сары жол қандай?

-Балалар, мына жерде қонжық отыр. Қонжық ненің баласы? Аю қыста не істейді? Не жегенді ұнатады? Қане, қонжыққа анасы туралы тақпақ айтып берейік.

Томпаң-томпаң жүретін

Аю үлкен жануар.

Балды жақсы көретін

Аю деген жануар.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ю-ю-ю,

Қорбаңдайды аю. (Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту).

- Балалар қонжық көңілсіз, себебі ол үйінің терезесі қандай пішін екенін білмейді. Қызыл үйдің терезесі қандай пішін? Көк үйдің терезесі қандай пішін?

Д/о: «Терезені жас» (пішіндеріне сәйкес орналастыру).

Қорытынды бөлім:

- Балалар, қоян, түлкі, аю қайда өмір сүреді?

	- Балалар, сендерге саяхат ұнады ма? - Қандай орман тұрғындарына көмектестіңдер? - Аңдарға көмектескен ұнады ма? Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтиже: Артикуляциялық және дыбыстық аппараты дамиды, қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға дағдыланады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Саяхатшы» ертегісі. Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер:Ерден атаның әні, демонстрациялық суреттер, ұнтаспа,ертегі кейіпкерлерінің суреттері. Кіріспе бөлім: - Балалар, біз өткен ұйымдастырылған іс-әрекетімізде тәулік бөліктері туралы өттік. Суретке қарап отырып қайталату. Қай тәулік бөліктерінде болатын іс-әрекет екенін айту. Негізгі бөлім: «Саяхатшы»ертегісі. Кел,балалар,тұрмаңдар, Бізде қызық,думан бар. Атамыздың алуан, Ертегісін тыңдаңдар. - Балалар, мен сендерге Ерден атамыздың «Саяхатшы» ертегісін айтып,түсіндіріп беремін. Орманда қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күнімен, Берейін қасқыр ағама», Деп түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны ағызды, «Қайтем,-деп,-былғап тісімді» Судан мысық тауып ап, Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады. «Қайтем - деп, мұны», - таңданды, Мысыққа түлкі шамданды.

	Лақтырған түлкі сәбізді Қуанып қоян тауып алды. - Балалар, ертегі ұнады ма? Ертегі ұнаса ертегіні өзіміз сахналап көрейік. Қоян, түлкі, қасқыр, мысықтың рөлдері бөлінеді. Ертегіні оқимын, балалар өздеріне бөлінген рөлдің иелерінің іс-әрекетін қимылмен көрсетіп шығады және әрбір кейіпкерге, оның іс-әрекетіне тоқталамында балалардың өз ойын жеткізуіне мүмкіндік беремін. <i>(кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді).</i> Сәбізін жоғалтып алған қоянға, өзіне қажетсіз сыйлық алған қасқыр мен мысыққа жанашырлық танытуға бағытталған әңгіме жүргіземін. <i>(шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытады).</i> Дидактикалық ойын: «Жалғастыр» ойыны. Ойынның шарты педагог сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады. Түл-кі, сә-біз, қас-қыр, мы-сық, ор-ман (фонематикалық естуі дамиды). Ойын: «Сәбізді сәнде» (картоннан жасалған сәбізді түрлі қиындыларды жабыстыру арқылы жеке-жеке отырып сәндеу). Сұрақ-жауап: - Ертегі ұнады ма? - Ертегі не туралы? - Қоян нені жоғалтты? - Сәбізді нелер тауып алды? Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдайды, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	«қ» дыбысынан басталатын сөздерді анық айтуға дағдыландыру _____ _____ _____	Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруді үйрету _____ _____ _____	«қ» дыбысынан басталатын сөздерді анық айтуға дағдыландыру _____ _____ _____	Артикуляциялық аппаратын дамыту _____ _____ _____	Аңшылық кәсіпке байланысты сөздердің мән-мағынасын ұғындыру _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Табиғат құбылыстарын бақылау. Жаңа сөздерді меңгерту. Аптаның дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 20.01.2025-24.01.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі

Бейсенбі
«Айгөлек» ш.о.
ортаңғы тобы

Тақырыбы: «Қыс қызығы»
Күй «Сарыарқа» Құрманғазы

Қолданылатын материалдар: қыс мезгілінің суреттері, желдің, қардың сықырлаған дауысы, мнемокесте.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер Ана!

Армысың, достарым!

Сендерді көрсем қуанамын!

-Балалар, мына суретке назар аударындар. Бұл суретте жұмбақ жасырынған. Қане, мен оқияын сендер суретке қарап тыңдау арқылы жауабын тауып көріңдер.



Негізгі бөлім: Қыс мезгіліне байланысты кластер толтыру:

- Айтыңдаршы, қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?
- Боранның соққанын қалай көрсетеміз? (Балалар қолдарын көтеріп, гүілдейді.)
- Қатты аяз болып, тоңғанда не істейміз? (Қолдарын қусырап, аяқтарын топылдатады)
- Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? («Алақай» деп қолдарын соғады).

Суретпен, мнемокестемен жұмыс:



Жаңылтпаш жаттау: (дұрыс тыныс ала отырып) (өз алған әсерін сыртқа шығару).

Қыс түсті, қыс түсті,

Құс ұшты, құс ұшты.

Қала (з.е.) аппақ (с.е.),

Дала (з.е.) аппақ (с.е.),

Бәрі аппақ,

Қарап бақ. *(Зат есім мен сын есімнен сөз тіркесін құрау жолдарын меңгереді).*

Ойын: «Сөйлемді аяқта, суреттен тап»

1.Қырау басқан(ағаштар)

2.Балалар әдемі аққала.....(жасады)

3.Қар жапалақтап(жауып тұр,жауады) *(зат есім мен сын есімнен сөз тіркестерін құрайды, сөздерді байланыстырады).*

Сергіту сәті. «Аққала».

Қар жауғанда

(қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын жан-жаққа ашу, қолдарын жоғарыдан төмен қар жауғандай түсіру)

Топ бала

(қолдарын екі жаққа ашады)

Соқтық келіп

Аққала.

(ауада екі қолымен үлкен, орташа, кішкентай шеңбер сызады)

Мұрны сәбіз үп-үшкір,

(екі қолдарының алақандарын жұмып, түйілген жұдырықтарын мұрындарына апарып, бірінің үстіне бірін қойып, мұрын жасайды)

Көзі көмір қап-қара.

(қолдарын көздерінің тұсына апарып, көзілдірік жасайды)

Көне шелек басында,

	(бастарын екі қолымен ұстайды) Сыпырғышы қолында, (екі қолдарын екі жаққа ашып, сыпырғыш ұстағандай болады) (Автор: Сұлтан Қалиев) Ойын: «Ойланып көр» Тірек-сызба сурет бойынша <table border="0"> <tr> <td>Мынау кімдер?</td><td>Мынау балалар</td></tr> <tr> <td>Балалардың көңіл күйі қандай?</td><td>Балалар көңілді.</td></tr> <tr> <td>Балалар қалай киінген?</td><td>Балалар қалың, жылы киінген.</td></tr> <tr> <td>Балалар қандай аққала жасады?</td><td>Балалар әдемі аққала жасады.</td></tr> </table> Қорытынды бөлім: «Әдемі қар түйіршіктері» рефлексиясы. - Балалар, бүгін білген біліміміз, ойнаған ойындарымыз ұнаса, үйдің шатырына қардың ақ түйіршіктерін жабыстырамыз. Көңіл күйлерің жақсы болмай тұрса, шатырға қардың көк түйіршіктерін жабыстырамыз. (Балалар өз көңіл-күйлерін білдіреді). Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Шағын ұлпақарларды үлестіру. Күтілетін нәтиже: Сөздерді байланыстырады, зат есім мен сын есім сөз тіркесін құрайды.	Мынау кімдер?	Мынау балалар	Балалардың көңіл күйі қандай?	Балалар көңілді.	Балалар қалай киінген?	Балалар қалың, жылы киінген.	Балалар қандай аққала жасады?	Балалар әдемі аққала жасады.
Мынау кімдер?	Мынау балалар								
Балалардың көңіл күйі қандай?	Балалар көңілді.								
Балалар қалай киінген?	Балалар қалың, жылы киінген.								
Балалар қандай аққала жасады?	Балалар әдемі аққала жасады.								
Сейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Қысқы ойын-сауық» Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: қыз мезгілінің суреттері, үлестірмелі материалдар, демонстрациялық суреттер. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Армысың, көк аспан! Армысың, жер Ана! Армысың, достарым! Сендерді көрсем қуанамын! Қыс мезгілінің белгілерін атау. - Қыста суық жел жиі соғады, аспанда әдемі қар ұшқындары қалықтайды. Негізгі бөлім: Балаларға қағаздан қиылған қар ұшқындарын тарататып, оларды үрлеп ұшыруды ұсынады. - Балалар, сендер дұрыс үрлей аласыңдар ма? Дұрыс қалай үрлеу керектігін айтып беріңдерші, балалар? Балалар қыс мезгілінің белгілерін атайды. Біз мұрнымызбен терең тыныс аламыз, иығымызды көтермейміз. Өкпедегі ауаны сыртқа шығарғанда екі ұртымызды үрлемейміз. Балалар қар ұшықынын үрлейді. <i>(артикуляциялық, дауыс аппаратын дамытады).</i> 								

Балаларға тіл ұстартуға арналған жаттығуларды орындатамын.

Қыс туралы

Ыс - ыс - ыс,

Келіп жетті қыс.

Ар - ар - ар,

Жауады қар.

Яз - яз - яз

Сақылдаған сары аяз.

Ран - ран - ран,

Соғады боран.

На - на - на,

Зулайды шана. *(артикуляциялық, дауыс аппаратын дамытады).*

- Қыс жылдың керемет уақыты емес пе? Балалар серуеннен үйге қайтқылары келмей жүреді, өйткені далада қызықты ойындар көп.

- Айтыңдаршы, балалар, қыста далада немен айналысуға болады?

Балаларға «Қысқы ойын-сауық» тақырыбындағы суретті көрсетемін.



- Бұл суретте кімдер бейнеленген? Олар немен айналысады?

- Балалар құстарды немен қоректендіреді?

- Жемшашарға қандай құстар ұшып келді?

- Басқа балалар немен айналысып жатыр?

- Шанамен сырғанап жүрген кімдер? Олар қай жақта сырғанап жүр?

- Шаңғы теуіп жүрген кім? Олар қай жақта шаңғы теуіп жүр?

- Қалған балалар немен айналысып жатыр?

- Серуен кезінде балалардың көңіл күйі қандай?

- Балалар серуені қалай аяқталады деп ойлайсыңдар?

- Балалар қалай киінген?

- Бұл киімді бір сөзбен қалай атауға болады?

- Қыста адамдарға жылы киім не үшін керек?



Балалар сұрақтарға жауап береді, ойларын талқылайды.

Сергіту сәті. «Боран».

Боран соқты оң жақтан,

Күтілетін нәтиже: Артикуляциялық, дауыс аппараты дамиды.

Баламен жеке жұмыс

	және түсінеді:	бойынша әңгіме құрастырады:	тыңдайды және түсінеді:	сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолданады:	қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді:
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	«Аң», «аңшы», «орманшы», «қорықшы» сөздерімен түсінік жұмыстарын жүргізу. Аптаның дәйексөзі: «Тәртіп - тәрбие бастауы»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 27.01.2025-31.01.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Таңертең не істейміз?» Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, күннің суреті және шұғылалары Кіріспе бөлім: -Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырмақпын. Қане, зейін салып, тыңдап көрелік: Төбесінде қаланың Аяғы жоқ жүреді. Езуі жоқ күледі, - ол не деп ойлайсыңдар? Негізгі бөлім: -Дұрыс, күн. Терезеге назар аударайықшы. Қазір күн шығып тұр ма екен?! Бұл тәуліктің күндізгі бөлігін білдіреді. Күнделікті балабақшаға бару үшін таңмен ерте оянамыз. Суретпен жұмыс: «Таңертең не істейміз?»

	Суретте берілген балақайдың жасап жатырған іс-әрекетін айтып, жаттығуларды орындау: -Ұйқыдан ояну (керілу, созылу); - Төсек орнын жинастыру (қимылмен көрсету шағын орамалды бүктеу) - Жуыну, артикуляциялық жаттығу «Тіс тазалау»; - Балабақшаға бару (жүріс қимылын жасау); - Таңғы жаттығу жасау (негізгі жеңіл қимылдар жасау); - Таңғы ас ішу; - Серуендейміз. - Бұл іс-әрекеттің барлығын тәуліктің бірінші бөлігі, яғни таңда орындаймыз. Күн нұры (күннен таралған шуақтарды достарына тілек айтып, желіммен жабыстыру) Видеороликтен тыңдап, қайталау (<i>тақпақ жаттайды</i>). Аю, аю тұршы, Бетіңді жушы. Шашыңды тарашы, Айнаға қарашы «Таң» және «күн» сөздерінің дұрыс айтылуына тоқталу. «а» жуан және «ү» жіңішке дыбыстарынан тұратын сөз екенін ұғындыру. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын). Жаттығу ... (жасаймын). Шашымды ... (тараймын). Киімімді ... (киемін). Балабақшаға ... (барамын). Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Тақпақ жаттайды. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Менің бір күнім» Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: схемалар, жаңа тақырыпқа байланысты суреттер Кіріспе бөлім: Жұмбақ: Төбесінде қаланың Аяғы жоқ жүреді. Езуі жоқ күледі (күн) Негізгі бөлім: - Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? *(қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсінуін және айту дағдысын қалыптастыру).*

-Балалар, мына қуыршақтың есімі Бекжан. Бекжан да сендер сияқты алдағы оқу жылы мектепке барады екен. Алайда ол тәулік бөліктерін білмеймін деп қынжылып отыр. Қашан таң атып, күн болатынын, кеш бататынын білмейді. Ендеше, біз Бекжанға көмектесе аламыз ба? Жарайсыңдар!.

-Бекжанмен бірге менің сіздерге айтар ақпаратымды тыңдаңыздар. Тәулікті төрт бөлікке бөлу әдетке айналған: таңертең, күн, кеш, түн. Көкжиектің үстінде пайда болатын күнді таң деп атайды. Күндіз күн аспанда жоғары көтеріледі. Кешке қарай күн төмен түсіп, көкжиекке батады. Тәуліктің бұл уақыты кеш деп аталады. Күн көкжиектің артында жоғалып кеткенде, сіз күннің әдемі батуын тамашалай аласыңдар. Кештен кейін күннің ең қараңғы уақыты - түн келеді. Түнде барлық адамдар, жануарлар мен өсімдіктер келесі күнге күш алу үшін демалады.

-Балалар, тап қазір Бекжанды өзімізбен ертіп алып күнмен бірге қыдырайық. Сұраққа жауап беру.

Ойын «Күнмен бірге қыдыру»

- Күн қашан оянады? (таңертең).

-Балалар, күнмен бірге ұйқыдан оянып едік, алайда күннің бетін бұлт басып тұр екен. Қане, барлығымыз алақанымызға қойып, бұлт деп елестетіп, үрлеп күнді шығарайықшы. *(тыныс алу жаттығуын орындайды).*

- Ал бұлт қай кезде шығады?

- Күн қашан қыдыруға шығады? (күндіз)

- Күн жарқырап шығып тұр еді. Кенет қатты боран соғып жерді қар басты. Қане, барлығымыз орнымыздан тұрып, сергіту жаттығуын орындап қарды ашайық.

Боран соғар оң жақтан,

Боран соғар сол жақтан.

Қар лақтырып ойнасақ,

Су болады қолғаптар.

- Күн қай кезде шаршап, ұясына қайтуға жиналады? (кеште)

- Ал қай кезде ұйықтайды? (түнде). *(Табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсінеді).*

- Осы алған білімімізді жаңылтпаш жаттау арқылы пысықтап өтейік.

Тақпақ-жаңылтпаш жаттау:

Тамақтанып аламыз,

Біз тәртіпті баламыз.

Және ұйықтаймыз,

Тұрамыз,

Серуенге шығамыз,

Қыдырамыз далада,

Бұл қай кез?...

Қорытынды бөлім: Тәулік бөліктері туралы бар білгенімізді қорытындылап өтейік.

Үйлерде шам жанады,

Маңай тастай қараңғы.

	Дем алады бар әлем, Деп,әлдилер ақ әжең. Айта алады мұны кім, Бұл қай мезгіл?..... Төрт мезгілді қайтадан Жүйелеп кім айта алар? Қуыршақ Бекжанмен бірге тәулік бөліктерін ретімен айтып шығу. Қуыршақ Бекжанмен қоштасу. Іс-әрекетті қорытындылау. Күтілетін нәтиже: Табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсінеді және айту дағдысы қалыптасады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Жуан және жіңішке түбірлі сөздерді ажыратуды үйрету	Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарының атауларын айттыру	Жуан және жіңішке түбірлі сөздерді ажыратуды үйрету	Жаңылтпаш жаттату	Жіктік жалғауын дұрыс қолдануды үйрету
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Күн режимін жасау. Аптаның дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 03.02.2025-07.02.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Қонжық неге ақырады?» Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын материалдар: демонстрациялық суреттер, тақырыпқа байланысты суреттер сериясы. Кіріспе бөлім: Амандасуға арналған Додоэкадр әдісі арқылы ҰІӨ бастау. «Қысқы орман» тақырыбындағы суретті көрсету. -Орманды қалың қар басқан, үстіне қар үйілген төмпешік көрінеді. - Балалар, дала қандай тып-тыныш ... Тсс ... - Суреттен қай жыл мезгілін көріп тұрсындар? Оны қалай білдіңдер? Қазір орман неге тыныш? Балалар қарлы төмпешікті көреді. Негізгі бөлім: «Қонжық неге ақырады?» ертегісін әңгімелеу. Аюлардың апаны қар басқан төмпешіктің астында болатын. Апанда аю мен қонжық ұйықтап жатыр.

- Балалар, мынау апан. Апанда аюлар бар. Қонжық аю енесінің жанында ұйықтап жатыр.

- Балалар, бүгін мен сендерге қонжықтың қыста болған хикаялары туралы ертегі айтып беремін. Мұқият тыңдаңдар.

- Ертеде аюлар адам сияқты сөйлейтін. Аюлар жаз бойы балық, бал, жидек жейді. Қыста қорек жоқ апанда ұйықтайды. Бір күн ғана емес, олар қыс бойы, көктем келгенше дейін ұйықтайды.

Бір күні Қонжық ұйықтағысы келмей, оянып алыпты.

- Ана, менің ұйқым ашылды, далаға шығайыншы.

Анасы:

- Жоқ. Қыс ұзақ, көктем алыс. Далаға шығуға болмайды. Жат, ұйықта.

Аю анасы ұйықтап кеткенде, Қонжық тіл алмай далаға шығып кетеді. Далада аппақ қар жатыр екен.

Бұрын қарды көрмеген Қонжық таңырқап:

- Е-э-э... Айналаның барлығы тәп-тәтті қант екен ғой! Қандай көп қант! Орман қантқа толып тұр!

Қонжық қарды жей бастады.

Анасы ұйқысынан оянса, апанда Қонжығы жоқ. Ай-ай-ай! Қонжығы далада қар жеп отыр екен:

- Анашым, сен менен қантты жасырыпсың ғой! Қант аппақ, тәп-тәтті екен!

Анасы:

- Қой, Қонжығым. Қар суық! Қарды жеуге болмайды. Тамағың ауырады!

Түнде Қонжықтың тамағы ауырып қалады. Дәрігер емдеп оны көреді. Қонжықтың ыстығы көтеріліп жатыр.

Анасы сұрайды:

- Қонжығым, қай жерің ауырады?

Қонжық:

- Бо-о-о!!! Бо-о-о!!!

- Түсінбедім. Не дейсің?!

- Бо-о-о!!! Бо-о-о!!!

Қонжықтың тілі жоғалып, сөйлемейтін болыпты.

Қонжық:

- Бо-о-о!!! Бо-о-о!!!

(Өндеген Д. Ахметова).

Сергіту сәті:

Ал балалар келіңдер,
Бой жазайық бәріміз.
Мойнымызды бұрамыз,
Қолымызды созамыз.
Топ-топ басып аяқпен,
Орнымызды табамыз!

-Ал балалар, біздер аю мен қонжықтан басқа қандай жабайы аңдарды білеміз?

-Сол аталған жабайы аңдар туралы жаңылтпаш айтып көрейік.

Аппақ дейін, ақ дейін,
Ақ емес, бірақ ақ тиін.

	*** Көп-көп көк жеп, Келді көжек. -Жарайсыңдар, балалар, жаңылтпашты жаңылмай қайталап айтып бердіңдер. Ал осы жаңылтпашта қандай аңдар туралы айтылды? (Тиін,қоян). -Қоян қандай аң? (балалар қоян туралы өздері білетін ақпараттармен бір-бірімен бөліседі). Қорытынды бөлім: - Балалар, бүгін қандай ертегіні оқыдық? «Қонжық неге ақырады?» ертегісін оқыдық. Жарайсыңдар! - Балалар, ертегі соңында қонжыққа не болды? Иә. Қонжық сөйлей алмай қалды. Неге? Қонжық қар жеп қойды. - Қарды жеуге бола ма? Қар жеуге болмайды. Жарайсыңдар! - Бүгін сендер ертегіні мұқият тыңдап, өте зерек болдыңдар. Рақмет Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарын оң деп тану. Күтілетін нәтиже: Баланың сөздік қорын дамыту үшін жаңылтпаштар жаттайды.
Бейсенбі «Айгөлек» ересек тобы	Тақырыбы: «Аңдар қыста не істейді?» Күй «Сарыарқа» Құрманғазы Қолданылатын көрнекіліктер: Демонстрациялық суреттер. Апандағы аюдың суреті.Дидактикалық ойындар. Суретпен жұмыс. Артикуляциялық жаттығу. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері: Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар балалар. Негізгі бөлім: - Балалар, мынау не? - Аюдың апаны. - Қараңдаршы, балалар, аюдың апаны. - Бұнда не бар екен? - Аю қонжығымен бірге жатыр екен. - Аю қыста үңгірінде ұйықтайды. - Балалар,тағы қандай жабайы жануарлардың қыс мезгілінде қалай тіршілік ететінін білесіңдер? - Кірпі. Қыста кірпі өзінің шөп төсеген інінде домаланып алып ұйқыға кетеді. Ол қыстай ұйықтайтындықтан, оған тиін сияқты қысқа азық жинаудың қажеті жоқ. Тек күзде ұйқыға жатарда жақсылап тамақтанып, терісінің астына көп май жинап алады. Сондықтан оның қыстай қарны ашпайды. Кірпі қыс кетіп, көктем туып, күн жылынғанда бір-ақ оянады. <i>(Қоршаған ортадағы жануарлардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсінеді және</i>

атайды).

Жұмбақ шешу:

«Үңгірі әсем шатыр» деп,
Демес оны тар мекен.
Алты ай ұйықтар батырды,
Көргендерің бар ма екен?
Жүреді аңдар жоламай,
Қонжықтары баладай.
Жидек құмар, бал құмар.

(Аю)

- Ол қандай аң, балалар?

- Жыртқыш аң.

Балалар суреттегі аю екенін айтады.

- Балалар, мынау не?

- Аюдың апаны.

Қараңдаршы, балалар, аюдың апаны.

- Бұнда не бар екен?

- Аю қонжығымен бірге жатыр екен.

Аюлар жыртқыш аңдар. Олардың денесі шомбал, басы үлкен, құлағы кішкентай, құйрығы қысқа. Жүні бір түсті, қоңыр, қара не ақ. Аяғында бес саусақты тырнақтары болады. Иіс сезу қабілеті жақсы жетілген. Кейде аюлар бір-бірімен төбелесіп те жатады

Суретпен жұмыс:

Қысқы орманның суреті.

- Балалар, мына суретке мұқият қарайықшы?

- Не көріп тұрсыңдар?

- Аю мен қонжықты.

- Дұрыс.

- Жылдың қай мезгілі бейнеленген?

- Қыс мезгілі.

- Жақсы.

- Қыс мезгілі екенін қайдан білдіңдер?

- Далада қар жатыр.

- Жарайсыңдар!

- Аю мен қонжық қайда жатыр?

- Апанда.

- Аюдың апаны неден жасалған?

- Сырты ағаштармен жабылған.

- Апанды аюдың өзі қаза ма?

	Балалар ойланып қалады. - Дайын үңгірлерді іздейді екен. - Балалар, мына сурет бойынша әңгіме құрастырайық Сурет бойынша әңгіме құрастыру. - Қыста аю орманда жүрмейді. Ол өзі дайындаған апанда қыс бойы ұйықтайды. - Аю қыста тамақ іздемейді. Оның денесінде жаз бен күзде жинаған майы болады. - Қыста аюға ешкім тиіспесе, көктемге дейін ұйықтап жата береді. - Қыста аюдың қонжығы пайда болады. Аю қонжығымен бірге апанда жатады. - Апанның іші жылы, аю мен қонжығына ыңғайлы болады. Сергіту сәті: Біз орманға барамыз, Жан-жағымызға қараймыз. Аю келеді қорбандап, Қасқыр келеді ырылдап, Түлкі келеді бұлаңдап, Қоян келеді секіріп. Қорықпандар балалар, Өз орындарыңды табыңдар! «Суретшінің қатесін тап» ойыны - Балалар, алдарыңдағы суретке назар аударсаңдар, суретші қателесіп кеткен сияқты. Ал сендер сол суреттегі суретшінің қатесін тауып, қоршап сызып, қандай жануар қайда мекендейтіні және суретшінің қатесін айтып беріңдер. <i>(Қоршаған ортадағы жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсінеді және атайды).</i> Қорытынды бөлім: Табиғатты қолдай біл Аң құсын да қорғай жүр Білуіміз керек оны біз Бізде табиғаттың ұлымыз Табиғат бөлек деменіз Сол үшін жауап береміз. Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айтып, смайликтер беру. Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортадағы жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсінеді және атау дағдылары қалыптасады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Сөздерді байланыстырып, зат есім мен сын есім сөз тіркесін құрауды үйрету	Қоршаған ортадағы жануарлардың құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді меңгерту.	Сөздерді байланыстырып, зат есім мен сын есім сөз тіркесін құрауды үйрету	Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдануды үйрету	Мақал-мәтел жаттату

Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Аптаның дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 10.02.2025-14.02.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Аю мен қоян» ертегісі Шаттық шеңбері Қайырлы күн! Досым қалайсың (Қол беріп амандасу) Қайда болдың (Қол ашу) Бәрі жақсы (Жүрек) Мен сені сағындым (Құшақтау) Тілге арналған жаттығу Ұр-ұр-ұр Қоянның түсі сұр Ұр-ұр-ұр Сөзге мойын бұр. Өс-өс-өс Ұстаның құралы төс. Өс-өс-өс Жігіт болып өс. Қо-ңыр қон-жы-ғым, Қам-пи-ған «қор-жы-ным» Бір күні қоян үлкен, тәтті сәбіз тауып алып, оны жей бастайды. Жақын маңда кәрі аю тұратын. Міне, керемет?!

	Сәбізді жеп отырған қоянды көре сала, оның да сәбіз жегісі келді. Қоян өте мейірбан көрші болатын, сондықтан да аюға сәбізінен бөліп берді. Ал, тәтті қ дкююұмар аю өзінің қарттығын ұмытып кеткен болуы керек, «ғырт-ғырт» етіп сәбізді жей бастады. Бір уақытта оның тісі ауыра бастады. Табанын оң жақ бетіне қойып: «ө-ө» деп ыңырай бастады. Қоян аюдың ауырғанына күлкісі келіп, аюды «і-і-і» деп мазақтай бастады. Бір уақытта не болғанын түсініп аюға көмектесті. Балалар, ендеше, біздер де тісіміз ауырып тұр деп елестетейік, тісімізді басып аю мен қоян секілді айтып көрейік. (қайғырып, күліп, таңданып айтуы керек). Осы дыбыстарды дұрыс айтуға көмектескен аю мен қоянға рахмет айтайық. Сергіту сәті: Бір, екі, үш, Кәне, жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. Күтілетін нәтиже: Қазақ тілінде айтылған ертегі сөздерді тыңдап, оларды дұрыс айтады және есте сақтай алады.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Үй жиһаздары», «Үш аю» ертегісі Қолданылатын көрнекіліктер: Бейнеролик тамашалау үшін ноутбук, тақырыпқа байланысты демонстрациялық суреттер, «Үш аю» ертегісінің оқиға желісі бейнеленген суреттері т.б. Кіріспе бөлім: <i>Жұмбақ жасыру</i> Үйге қажет бәрі де, Киім іліп қойғанға Шкаф қажет әрине, Тамақтарды қоятын, Үстел керек әрине, Үстелге кеп отыратын, Орындық қажет әрине. Бұларды біз бір сөзбен не деп айтар едік. (Жиһаздар) Жиһаздарды суреттен жеке-жеке көрсете отырып, атауларын, тұрмыста не үшін қажет екендігі жөнінде түсінік беремін және атауларының дұрыс айтылуын қадағалай отырып, буынға бөлдіру арқылы қайталатамын. Негізгі бөлім: «Үш аю» ертегісі Ал, балалар, балалар! Бәрің бермен қараңдар! Аюлар жайлы ертегі, Сендерге сыр шертеді. <i>«Үш аю» ертегісінің видеосын көрсету.</i>

	Ертегіні сахналау. Ертегіні сахналау арқылы адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу. <i>(Адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді).</i> «Мен Машаның орнында болсам,...» не болмаса, «Мен қонжықтың орнында болсам,...» деген сөз тіркестерін қолдану арқылы ертегі желісінде болған оқиғаны сурет бойынша өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеу, кейіпкердің бейнесін басқа қырынан көрсету. <i>(Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеу, кейіпкердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді).</i> Д/ойын: «Жасырынбақ» (тығылған балаларды суреттен қарай отырып, бөлменің қай жерінде, қай жиһаздың қай бөлігінде жасырынғанын айту). Қорытынды бөлім: - Балалар сендерге бүгінгі ертегі ұнады ма? - Орманға жалғыз баруға болама? - Мынау кімнің үйі? - Мында кімдер тұрады? - Үйде қандай жиһаздар бар екен? - Олар не үшін керек? Бөлме және жиһаздардың макетіне қарай отырып, жиһаз атауларын және оның не үшін қажеттілігі туралы әңгімелесу. -Дұрыс, сендер өте ақылдысындар! Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді. Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеу, кейіпкердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс		Сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуді үйрету		Сөздерді септеп қолдану	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуді үйрету
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Үйдегі, топтағы жиһаз атауларының дұрыс айтылуын және тұрмыста не үшін қолданылатындығын меңгерту.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 17.02.2025-21.02.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Ұлттық киім» Қолданылатын көрнекіліктер: қуыршақтар, ұлттық киім суреттері, киіз үй, кейіптеу және теңеу әдістерін қолдану. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар келеді. – Сәлеметсіздер ме?! – Қазір жылдың қай мезгілі? – Қазір қай ай? – Бүгін аптаның қай күні? Өткен тақырыпқа шолу. 2. Негізгі кезең Педагог: Бүгін біз ата мен әжеге қонаққа барамыз.

Киіз үйдің макеті, ұлттық киімдер (немесе суреттер) қолданылады.

Ата және әже қуыршақтары.Сәлемдеседі.

– Ата не киген? (Жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіреді).

Педагог ұлттық киімдер атауымен таныстырады (ұлттық киімдер немесе суреттер). Балалар педагогтен кейін жеке, хормен қайталап, сөздерді есте сақтауға, дұрыс айтуға жаттығады.

– Мынау – шапан.

– Мынау не?

– Мынау – шапан.

– Мынау – көк шапан.

– Мынау қандай шапан?

– Мынау – көк шапан.

– Ата шапан киді.

– Ата не киді?

– Ата шапан киді.

– Мынау – қалпақ.

– Мынау не?

– Мынау – қалпақ.

– Ата қалпақ киді.

– Ата не киді?

– Ата қалпақ киді.

– Мынау – бөрік.

– Мынау не?

– Мынау – бөрік.

– Мынау – тақия.

– Мынау не?

– Мынау – тақия.

– Мынау – қамзол.

– Мынау не?

– Мынау – қамзол.

– Әже қамзол киді.

– Әже не киді?

– Әже қамзол киді.

– Мынау – мәсі.

– Мынау не?

– Мынау – мәсі.

– Ата мәсі киеді.

– Ата не киеді?

– Ата мәсі киеді.

Жауапты жеке-жеке айтады.

– Шапан - шапандар, қамзол - қамзолдар, қалпақ - қалпақтар, бөрік - бөріктер, тақия - тақиялар, мәсі - мәсілер – қазақ халқының ұлттық киімдері.

Сөздерді бекітуге арналған ойын: «Ата, көрсет, қайтала» (мультимедиа арқылы тексеру). Өткенді қайталауға, сөздерді бекітуге ойын «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттегі киімді атайды, көршісінде қандай киім екенін сұрайды.

Мысалы: Менде шапан бар. Сенде не бар?

Балалар ата және әжемен коштасады.

Сергіту сәті

Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз.

Сарт-сарт-сарт

Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз.

Топ-топ-топ

Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз.

Зу-зу-зу етіп,

Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз.

Педагог тақпақ оқиды:

«Киім – бұйым»

Бір дегенім – бөрік,

Кисең береді көрік.

Екі дегенім – етік,

Киер сәнді етіп.

Үш дегенім – ішік,

Теріден тігер пішіп.

Төрт дегенім – тымақ,

Қыста кисең, жылы-ақ.

Бес дегенім – байпақ,

Іші жылы, жайпақ.

Алты дегенім – алқа,

Мойныңа тақ, қалқа.

Жеті дегенім – жейде,

Көйлек деп жүр кейде.

Сегіз дегенім – сеңсең,

Жылысы тонның сенсең.

Тоғыз дегенім – телпек,

Болма, бала, тентек.

Он дегенім – оймақ,

	Жүрме босқа ойнап. – Қандай таныс сөздер бар? (Балалар таныс сөздерді атайды: бөрік, етік, жейде, тон). Ұлттық киімді ата. Кім не киеді? Сызықпен қос. Сөйлем құра. Үлгі: Ата шапан киеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытындылау Қуыршақтар балалармен қоштасады. Балалардың жасаған жұмыстарына алғыс айту. Күтілетін нәтиже: Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай алады. Зат атауларын жекеше, көпше түрде қолдана біледі.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Көлік түрлері» Қолданылатын көрнекіліктер: ойыншық көліктер, бағдаршам, кейіптеу және тенеу әдістерін қолдану. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! - Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз сұрақтарға жауап беріп, ашық оқу-қызметке белсене қатынасамыз. - Көлік дегеніміз не? - Ол адамға неге қажет? - Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер? Негізгі бөлім: - Балалар, мына үстелдің үстіндегі түрлі ойыншық көліктерге қараңдаршы. Ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап тапқан. - Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты. - Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер ме? - Ал қайықпен ше? - Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер арқылы жүзіп өткен. Қайықтарды, кемелерді уақыт өте ойлап тапқан. -Ал олай болса, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Шешімін тауып көріңдер және сол жұмбақтың дұрыс шешімі біздің жаңа тақырыбымыздың негізгі өзегі болмақ. 1. Төрінде тұр нұр көзі, Жердің биік күмбезі.(Аспан) Әуеде ұшатын көліктерге ұшақ, тік ұшақ, т.б. жатады. 2. Еш тесікке тұрмайды, Ол жоқта жер құрғайды.(Су) Суда жүзетін көліктер: кеме, қайық, т.б..

3. Алып кілем - Гүлге толы
Үсті кілең. (Жер)
- Дұрыс таптыңдар балалар. Осы жер бетінде жүретін көлік түрлері бар. Оларға автобус, жеңіл көліктер, жүк көлігі, мотоцикл, велосипед, самокат, поезд, т.б. жатады.

Слайдпен жұмыс:

- Балалар, біздің елімізде өздерің күнделікті көріп жүрген халыққа қызмет ететін арнайы көлік түрлері бар. Оларға жедел жәрдем көлігі, жол полициясының көлігі, өрт сөндіру көлігі жатады. Бұл көліктерде арнайы білімді мамандар қызмет етеді, т.б.

Бейнелеу құралдары оның ішінде кейіптеу және теңеу әдісі арқылы жұмбақтың жауабын табу.

1.Кейіптеу дегеніміз – жансыз нәрселерді адам кейпінде суреттейтін көркемдік тәсіл.

Менің үш көзім бар,
Бір көзім кідір дейді
Бір көзім жүгір дейді
Бір көзім абайла дейді,
Қарап ал маңайға дейді.

(бағдаршам)

Балалардың алдарына 3 түс беріледі (қызыл,сары, жасыл). Сол түстерден бағдаршамның бейнесін жабыстырады және әр түсіне тоқталып қандай белгі беретіні туралы айтылады.

2.Теңеу дегеніміз – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі.-дай,-дей,-тай,-тей жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Барысы: балалардың алдарына ойыншық көліктер мен көліктер бейнеленген кітапшалар беріледі. Соған қарап, сипаттай отырып жанды және жансыз нәрсеге салыстыру. Мысалы: Мынау-көлік. Жүк көлігі. Жүк көлігінің түсі- сары, күндей, т.б.

Сергіту сәті:

Ойын дамытуға арналған көңілді музыкалық жұмбақ: «Бұл қандай көлік?»

<https://youtu.be/OoCjcJvhXSs?si=CkzK9DtA70SnLPwf>

Өлеңді тыңдайды, қимыл жасайды, өлең жолдарындағы жұмбақтардың жауабын шешеді.

Қорытынды бөлім: Д/о: «Сәйкестендір» (әуеде, жерде, суда, теміржолда жүретін көліктерді сызықтар арқылы өз жолдарымен қосу).



Балалардың жасаған жұмыстарына алғыс айту.

Күтілетін нәтиже: Бейнелеу құралдары соның ішінде кейіптеу, теңеу әдісі арқылы еркін ойындарда заттарды сипаттайды. Жұмбақтар шешеді.

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
--	----------	----------	----------	----------	------

Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету _____ _____ _____	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу _____ _____ _____	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету _____ _____ _____	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру _____ _____ _____	Өз тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрауды үйрету _____ _____ _____
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 24.02.2025-28.02.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы. Қолданылатын көрнекі құралдар: қима материалдар, мамандықтар (слайд), қарындаштар, айна, фишкалар. Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері Таңертең тұр шынық, Еңбек ет те тынық. Ешбір жалқау болма, Ауырмайсың сонда. Ә.Тобылды — Сәлеметсіздер ме?! Біз сендерге доп әкелдік, ойын ойнаймыз. Өткен «Ұлттық киімдер» тақырыбы бойынша үйренген сөздерді қайталайды, жекеше көпше түрде айтып береді. Ойын: «Ыстық доп». Сұрақ-жауап алу. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Негізгі бөлім Слайд: «Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. Бейнетаспа арқылы жаңа сөздермен таныстыру.

	– Мынау – ұшқыш. Мынау кім? – Мынау – ұшқыш. – Мынау – ғарышкер. Мынау кім? – Мынау – ғарышкер. – Мынау – дәрігер. Мынау кім? – Мынау – дәрігер. – Мынау – құрылысшы. Мынау кім? – Мынау – құрылысшы. – Мынау – сатушы. Мынау кім? – Мынау – сатушы. Балалар сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер. Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді. Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз. Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз. 1.Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды бөлім Балаларды мақтайды. Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? Өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіндер. Күтілетін нәтижелер: Сұрақтарға жауап бере алады. Көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдап, түсінеді.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: Жұмбақ шешейік. Қолданылатын көрнекі құралдар: Мнемокестелер, ұнтаспа, кима суреттер, ребустар. Кіріспе Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, кең далам!

Өткен «Көліктер» тақырыбын қайталау. Педагог көлік суреттерін көрсетеді, балалар атайды.

Суреттер бойынша әңгіме құрап, көліктерді жіктеп, тәуелдейді.

Негізгі бөлім

«Кел, балалар, ойнайық» әні

Кел, балалар, ойнайық,

Ойнайық та ойлайық.

Қандай жұмбақ болса да

Шешпей оны қоймайық.

Қимылмен көрсете отырып жұмбақ жасыру.

Екі басы дөңгелек, Екі ұшы сүйір, Қиғанға үйір.

Ол – не? (қайшы) Қайшы туралы жаңылтпашты естеріне түсіру.

Жақсы қайшы Қайсы қайшы?

Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Келесі жұмбақ.

Өзі ширақ, өзі қу,

Жүрген жері айғай-шу. Ол – не? (түлкі).

Қу, ширақ сөздерімен жұмыс. Шағын мәтін құрастыру.

Түлкі қандай жануар?

Балалар педагогтің көмегімен шағын мәтін құрастырады. Түлкі – жабайы жануар. Түлкі – қу жануар. Түлкі – ширақ жануар.

«Айтылған дыбысқа сөз құра» ойыны.

Әр қатардағы сұрақтың жауабы «қ» дыбысынан басталады.

1. Біздің Отанымыз қалай аталады? (Қазақстан)

2. Оқу құралы (қарындаш)

3. Көгөніс (қызанақ)

4. Ұлттық баскиім (қалпақ)

5. Ыдыс (қазан)

6. Түс, түр (қара)

7. Үй жануары (қой)

8. Түлкі қандай? (қу).

Сұрақтардың жауабын тауып, тақтаға суреттерді іледі.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық

Қолды белге қоялық.

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр.

Алға бір адым,

Артқа бір адым.

Жоғары, төмен қарайық

Орнымызды табайық.

1. Жұмбақты шеш.

	Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. Ол не? (Алма) 2.Мнемо кесте бойынша алманы сипатта. 3.Ребусты шеш. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мақтайды. – Тапсырмалар ұнады ма? Өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтиже: Жұмбақтар шешеді. Еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете алады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрауды үйрету
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 03.03.2025-07.03.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектiсi	
Бейсенбі «Гүлдер» ортаңғы тобы	Тақырыбы: Жақсы өнеге. Қолданылатын көрнекі құралдар: шағын сурет кітапшалар, айна, фишкалар Кіріспе Шаттық шеңбері Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтады. Таңертең тұр шынық, Еңбек ет те тынық. Ешбір жалқау болма, Ауырмайсың сонда. Ә.Тобылды Өткен тақырыпты қайталау. Ойын «Кім көп біледі?» Мазмұны: балалардың әрбір айтқан сөз, сөйлеміне фишка беріледі. Соңында фишкалар саналып, жеңімпазды

анықталады.

- Қандай мамандықтарды білесіңдер? (Ғарышкер, құрылысшы, сатушы, дәрігер).
- Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Тәрбиеші, аспаз, мейірбике т.б)
- Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып жұмыс істейді? (Менің әкем – дәрігер).

Негізгі бөлім:

Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.

- Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?

Балалар жауап береді.

2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.

- Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың?
- Мен кешірім сұраймын.
- «Кешір» деген сөзді айтамын.
- Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды.

Ойын: «Ғажайып сөздер»

- Сәлеметсіз бе?
- Өтінемін.
- Рақмет, рақ-мет.
- Кешіріңіз.

Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін.

І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-і-і-з, кешіріңіз

Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»

- Кітапшадан тақпақтарды оқып беріп, назар аудартамыз. Қай жауабы дұрыс?

Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған тандап әперді.

Не деп айтып жеу керек?

«Рақмет, апа!» – деу керек.

Балалар жүр көшеде,

Естілді шу-айғай.

Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай.

Мұндайда не деу керек?

«Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетінде,

Допты кудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың,

Ұмыттың сен не деу керек?

«Сәлеметсіз бе!» – деу керек.

Сергіту сәті

Біз әдепті баламыз,

	Ойнап асыр саламыз. Айтқан тілді аламыз, Сәлем беріп үлкенге, Жол көрсете аламыз. 1. Кітаптағы суреттерге қара. Сыпайы сөздерді қай кезде айтады? Суреттерді сәйкес сөздермен қос. 2. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Ойын «Сұраққа жауап бер». – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын. т.б Қорытынды Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. – Қандай тапсырма қызықты болды? Сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтижелер: Сұрақтарға жауап бере алады. Өз бетінше кітаптар қарай біледі.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: Көңілді тапқырлар клубы Қолданылатын көрнекі құралдар: слайд, мнемокестелер, жұмбақтар, қима материалдар Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, балалар! Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату. – Ән қандай? – Ән көңілді. Кө-ңіл-ді. Өткен сабақты қайталау. Негізгі бөлім – Сәлеметсіздер ме?! Бәрін ойын ойнауға шақырады. Көңілді ойын: «Көңілді тапқырлар клубы» Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті қима материалдарды таратады.

Балалар түрлі түсті қима материалдарды түстеріне сәйкес біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір дұрыс жауап – бір ұпай.

1. Тапсырма. Балабақша тақырыбы бойынша сұрақтар:

1. Балабақша қандай?

2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді?

3. Топтарың қандай?

4. Сурет бойынша сөйлем құра.

2. Отбасы.

1. Отбасы мүшелерің ата.

2. Сенің отбасыңда кімдер бар?

3. Сурет бойынша сөйлем құра.

3. Қазақстан Республикасы.

1. Қай Республикада тұрасың?

2. Қазақстан қандай республика?

3. Біздің Отан қалай аталады?

4. Республика рәміздерін ата, сипатта.

5. Елорда қай қала? Елорда қандай қала?

6. Қай қалада (ауылда) тұрасыңдар? Қай көшеде тұрасың? Қалада (ауылда) не бар?

4. Жануарлар.

1. Үй жануарларын атаңдар.

2. Төлдерді атаңдар.

3. Жабайы жануарларды атаңдар.

4. Жануарлар туралы қандай ертегі, жұмбақ білесіңдер? Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.

Педагог Отбасы, балабақша, тағы басқа сөздерді жіктеп, тәуелдеп үйретеді.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Қолымызды созайық,

Бойымызды жазайық,

Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Дидактикалық ойын

1. Суреттерге қара. Ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Тәуелдеп, жікте.

2. Жануарларды ата. Олар қайда тұрады? Сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. «Менің отбасым» тақырыбындағы шағын шығарманың мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз бетінше ретімен айту.

Қорытынды бөлім

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

	– Қандай тапсырма ең қызықты? Өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтиже: Сөздерді тәуелдеп, жіктеп қолдана біледі. Шағын шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз бетінше ретімен қайталап айтады.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрауды үйрету
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 10.03.2025-14.03.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о ортаңғы тобы	Тақырыбы: Көктем. Қолданылатын көрнекі құралдар: слайд «Көктем келді», интербелсенді тақта, фишкалар Кіріспе бөлім Шаттық шеңбер Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Сәлеметсіздер ме?! Өткен «Жақсы өнеге» тақырыбын қайталау. Қима материалмен жұмыс. Ойын «Әдепті сөйлей білеміз бе?». Педагог суреттерді көрсетеді, балалар сыпайы сөздермен жауап береді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Негізгі бөлім Слайдпен жұмыс. Суретте көктем мезгілі бейнеленген. Жаңа сөздермен таңыстыру. – Жылдың қай мезгілі бейнеленген? – Жыл мезгілі – көктем. – Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. – Көктем айларын ата? – Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. – Көктемде күн жылынады. Жылы, жы-лы-на-ды. Күн жылынады. – Көктемде күн қайтеді?

	– Көктемде күн жылынады. – Көктемде қар ериді. Қар ... (ериді) – Қар қай жыл мезгілінде ериді? – Көктемде қар ериді. – Көктемде құстар ұшып келеді. – Құстар қай жыл мезгілінде ұшып келеді? – Көктемде құстар ұшып келеді. – Мынау не? – Мынау – ағаш. – Ағашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не? – Мынау – бүршік. – Ағашта бүршік. Ағашта не? – Ағашта бүршік. Жаңа сөздерді, сөйлемдерді балалар жеке, хормен және педагогпен бірге түрлі дауыс ырғағымен қайталайды. Дыбыстық жаттығу. (Айнамен орындалады). Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік. Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем. Тақпақ оқу, таныс сөздерді тапқызу. Құс келді Қар су боп жөнелді – Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. (Б.Қозыкеев) Балалар таныс сөздерді қайталайды: қар, күн, бүршік, ағаш. Тақпақты жаттайды. Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Көктем ... Күн ... Қар ... Ағаштар ... Көктемде ... Көктем айлары ... Сурет бойынша шағын мәтін құра. Көктемде қандай өзгерістер болады? Қорытынды Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. – Сабақта не ұнады? Өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтиже: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгереді.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: Көктемгі еңбек. Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар, интербелсенді тақта Кіріспе бөлім Шаттық шеңбер

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Қайырлы таң, алтын күн!
Қайырлы таң, кең далам!
– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен тақырыпты қайталауға ойын «Алтын сақа сөз жинайды» өткізеді. Бала сақаны қолына алып, бір сөз айтады, келесі бала сөзді қайталап оған тағы бір сөз қосады. Мысалы: бірінші бала «Отан», екінші бала «Қазақстан», т.с.с. Сөздер жиынтығы 2, 3, 4 сөз болуы мүмкін.

Негізгі бөлім

Демонстрациялық суретпен жұмыс. Жаңа сөздермен таңыстыру.

- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем).
- Көктемде ауланы тазалайды. Таза – тазалайды.
- Көктемде не тазалайды?
- Көктемде ауланы тазалайды.
- Мынау – арық. (Суретті көрсетеді).
- Мынау не?
- Мынау – арық.
- Көктемде арықты тазалайды.
- Көктемде арықпен не істейді?
- Көктемде арықты тазалайды.
- Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді).
- Көктемде не істейді?
- Көктемде ағаш отырғызады.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»

Көктемде ағаш ...

Көктемде (сөйлемді аяқтау үшін суреттер: ағаштар, гүл, гүлдер көрсетіледі).

Көктемде ауланы тазалайды Көктемде

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?». Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді қайталайды.

Сөйлем құрылымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады.

- Көктемде гүл өседі.
- Көктемде көгөніс піседі.
- Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с.

1. Суретке қара. Көктемде қандай жұмыс істейді? Сөйлем құра.

	2. Атауында «Ө» дыбысы бар суретті қорша. Қорытынды Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. Өздерінің игерген білімдерінің дәрежесін смайл арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтижелер: Қоршаған ортадағы заттардың , өсімдіктердің, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсінеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 17.03.2025-21.03.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: Асханада Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, мнемокестелер Шаттық шеңбері Біз әдепті баламыз! Алдыменен қонақпен Амандасып аламыз. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Ал, қанеки бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге! – Сәлеметсіздер ме?! Өткен «Көктем» тақырыбын қайталау. Балалармен әңгіме құрайды. Көктем мезгілін сурет арқылы сипаттайды. Негізгі кезең Педагог тақпақ оқиды. Өзің пісірген ас дәмді Дуылдасты балалар, Шуылдасты балалар, Өздерінше ойнайды, Өздерінше тойлайды. Шай әкелді біреуі, Май әкелді біреуі,

Сүт әкелді біреуі,
Ет әкелді біреуі.
Бірі күріш әкелді,
Бірі бұрыш әкелді,
Бірі алма әкелді,
Бірі нан да әкелді.
Бірі сүртіп табақты
кұйды тамақты.
Дөңгелене отырып,
Тостағанды толтырып,
Палауларын жеді де,
«Қандай тәтті», – деді олар.
Қ. Мырза Әли
Оқылған тақпақ мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгіме өткізу.
– Тақпақ не туралы? Балалар не әкелді? Қандай тағам дайындалды?
Балалар сұрақтарға жауап береді, тағамдарды атайды. Педагог тапсырма береді.
– Арман, сүт әкел.
– Тайыр, ет әкел. т.с.с.
Жаңа сөздермен таныстыру. Суреттермен жұмыс.
– Мынау – күріш, кү-ріш.
– Мынау не?
– Мынау – күріш.
– Мынау – палау.
– Мынау не?
– Мынау – палау.
– Палау – тағам.
– Палау – не?
– Палау – тағам.
– Мынау – бұрыш. Бұ-рыш.
– Мынау не?
– Мынау – бұрыш.
– Балалар палау жеді.
– Балалар не жеді?
– Балалар палау жеді.
– Палау дәмді.
– Палау қандай?
– Палау дәмді.
Балалар сөздерді, сөйлемді жеке-жеке айтып жаттығады.

	Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды. Сергіту сәті Жаңылпаш жаттау. Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық, Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. Ас аспай бас аспаз, Ас асты жас аспаз. Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту. Суретке қара. Балалар қайда отыр? Не істеп отыр? Аспаз не пісірді? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытындылау Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. – Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? Күтілетін нәтиже: Ортақ тақырыпта әңгімелесу. Ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттау.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: Көктем келді, құс келді. Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, интербелсенді тақта, айна. Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! – Қазір жылдың қай мезгілі? – Қай ай? – Сәлеметсіздер ме?! «Көктем» өткен тақырыбын суреттер бойынша қайталау. «Көктемде не істейді?» сұрағына жауап беру. Педагог суреттерді

көрсетеді, балалар атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

Негізгі бөлім

Жаңылтпашпен таныстыру. Мағынасын түсіндіру.

Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді.

Балалар жай, жылдам қайталайды.

Тілдік жаттығу. І дыбысын жеке және сөз ішінде дұрыс айта білеміз бе?

Кі-кі-кі- Түнде ұшады үкі

Ді- ді- ді- Сөзің болсын мәнді, Ді- ді- ді-Киімің болсын сәнді

Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.

– Көктемде құстар келеді.

– Көктемде не келеді?

– Көктемде құстар келеді.

– Мынау – қараторғай.

– Мынау не?

– Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).

– Көктемде қараторғай келеді.

– Көктемде қандай құс келеді?

– Көктемде қараторғай келеді.

– Мынау – қарлығаш.

– Мынау не?

– Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.

– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.

– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.

– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?

– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар

– адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

Балалар қайталайды.

Сергіту сәті:

Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды.

Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет» (сиқырлы қаламмен тексереді). Ойын «Құстар не істейді»

– Құстар ұшады.

– Құстар не істейді?

– Құстар ұшады.

– Құстар ұя жасайды.

	– Құстар не істейді? – Құстар ұя жасайды. – «Ұя» сөзінде бірінші дыбыс – Ұ. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұя – ұя - ұя Дидактикалық ойын: «І» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар «иә», «жоқ», – деп жауап береді. Сөздер: үкі, қарға, қарлығаш ... Ойын «Лепті сөйлем құра!» Педагог балаларға көңіл күй білдіретін сөздерді айтады. . – Құс – Ура, құстар жылы жаққа ұшып келді! – Қарлығаш – Керемет, қарлығаш ұя салды! Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1. Суретте нелер бейнеленген? Ата. Құстар не істейді? Сөйлем құра. Сөйлем үлгісі: Құстар ұшады. 2. Құстарды ата. Сана. Жекеше, көпше түрде ата. Үш қараторғай, төрт қаз, бес қарлығаш. Қараторғай – қараторғайлар, қаз – қаздар, қарлығаш – қарлығаштар. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытындылау Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. Өздерінің игерген білімдерінің дәрежесін смайл арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортадағы заттардың, құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіндіру. Қазақ тіліне тән і дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуды үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге баулу.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 24.03.2025-28.03.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: Армысың, әз Наурыз! Қолданылатын көрнекі құралдар: Ұлттық бағыттағы суреттер, асықтар, киіз үй бөлшектері, домбыра Шаттық шеңбері Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру Өткен «Асханада» тақырыбын суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Негізгі кезең Электронды қазақ үйінен «Құтты болсын, әз Наурыз» әнін тыңдату. – Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы? – Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз. Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру. «Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Құттықтау: Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Құттықтау сөздерін балалар қайталап естеріне сақтайды. Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. – Мынау кім? Мынау – ата. – Мынау не? – Мынау – домбыра.

	– Ата домбыра ойнап отыр. – Ата не істеп отыр? – Ата домбыра ойнап отыр. – Мынау – алтыбақан. Мынау не? – Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді. – Балалар не істейді? – Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді. – Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіңдер? Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды. – Адамдардың көңіл күйлері жақсы. – Адамдардың көңіл күйлері қандай? – Адамдардың көңіл күйлері жақсы. Балалар сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа сөздерді жеке, хормен қайталап отырады. Сергіту сәті: Өн: «Дастарқан». Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық. Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан, Мерекелі дастарқан О-о-о! – Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады. Наурыз мерекесінің басты тағамы – наурыzkөже. (Түсінік беру). – Әжей наурыз көже пісіреді. – Наурыз көжені кім пісіреді? – Әжей наурыzkөже пісіреді. Қандай ұлттық тағам білесіңдер? Педагог балаларға суреттерді таратады. Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымыз, шұбат, күрт. Ұлттық ойын: «Сақина». Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды. Санамақ айту. Бір, екі – Жердің беті. Сары шымшық, Тез ұшып шық. Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек. Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: «Бір, екі, үш – сақинам үш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстау керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы мүмкін: жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді. Қорытынды
--	--

	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтиже: Наурыз мерекесі халықтық үлкен мереке екенін түсінеді. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгереді.
Бейсенбі «Айгөлек»ш,о, ересек тобы	Тақырыбы: Ұлттық тұрмыстық заттар Көрнекіліктер: Ұлттық тұрмыстық заттар, ыдыстар, интерактивті тақта, шығармашылық жұмысқа қажетті құралдар, оюлар. Шаттық шеңбері Атым – қазақ, текті батыр ұланбыз, Қадірлейміз қазағымның мұрасын. Әдептілік – сұлулық пен теңдессіз, Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын. Балаларға жұмбақ жасыру. Кесе – шыны, пиала, Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? (Ыдыстар) (Балалар жұмбақты шешеді) Балалар қазір біз қазақ халқының тұрмыстық заттарының бірі ұлттық ыдыстармен танысатын боламыз. Бәріміз ыдыстарға назар аударайық. Бұл жерде ұлттық ыдыстар бейнелеген. Ертеде, адамдар топырақты, құмды пайдаланып кесе, құмыра жасаған. Содан кейін ағашты өңдеп, өрнектеп тостаған ағаш, қасық, тегене, шөген, акқұман жасаған. Осы ыдыстарды күнделікті тұрмыста қолданған.Бүгінгі таңда ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарды ас бөлмеден сирек кездестіреміз. Алайда олардың денсаулыққа тигізер пайдасы жөнінде біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Олар әртүрлі ағаштан жасалатындықтан, денсаулыққа тигізер әсері де әртүрлі болады екен. Бастысы ағаш ыдыс-аяқтардың денсаулыққа ешқандай да зияны жоқ екен. (Балаларға ыдыстың өзі көрсетіледі) Негізгі бөлім: Ойын «Бір түсті таңда да, жауап бер» (Интерактивті тақтамен) Астау – ет салатын, көлемі табақтан үлкен, ұзынша ағаш ыдыс. Ожау – сұйық құятын сапты ыдыс. Тостаған – ағаш аяқтың шағын түрі. Тегене – ағаштан жасалатын шұңғыл тік жиек ыдыс. Самаурын – суды отынмен немесе электр қуатымен қайнатуға арналған ыдыс. Қазақтар отынмен қайнатылатын самаурынды пайдаланған. Торсық – ол қымыз, шұбат, құюға арналған ежелгі ыдыс. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады.

Қазан – шойыннан жасалған, тамақ пісіруге арналған төрт құлағы бар ыдыс. Бетіне жабатын қақпағы болады.
Мес – Қымыз, шұбат, айран тағы басқа сусын құюға және сақтауға арналған тері ыдыс. Ол ешкі терісінен жасалады.
Күбі – қымызды саумалдай құйып, пісу арқылы ашытып, тұшытатын ыдыс.
Келі – тарыны ақтауға, ұнтақтауға арналған құрал.

Фонетикалық жаттығу.

Ған-ған- ған – тостаған,

Нек- нек-нек – өрнек.

Тау – тау – тау – астау, т,б

Сергіту сәті:

Текемет құрастыр және оюлардың атын ата.

Маған арнап жекелеп,

Әжем басты текемет.

Бір топ адам аяқпен,

Теуіп бердік төпелеп.

Басу қызық текемет

Үсті-үстіне төпелеп.

Алда біреу жіппен

Саумалайды жетелеп.

Әрі біраз аунаттық,

Бері біраз аунаттық.

Қабат шидің сыртынан

Қайнақ суды саулаттық.

Келесі ойынымыз «Пазлдар»

Әр түрлі бөліктерге бөлінген тұрмыстық заттарды құрастыру.

Келесі кезегімізді мақал-мәтелдерге берейік. Әрқайсымыз ыдысқа байланысты бір-бір мақал айтып шығайық.

Шұңқырлы ыдыста су сақталмайды.

Желімделген - ыдыс емес.

Ыдыстың ішінде тұрып та ысырап болады.

Ыдыс тазалықты жақсы көреді.

Сынған ыдыс екі ғасыр өмір сүреді.

Бос ыдыстың дауысы жуан.

Төңкерген ыдыс толмайды.

Қазан ұстаған, қазан жалайды.

Қазан түбін май келтірер.

Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал.

Шығармашылық жұмыс.

	Қағаз тәрелкеге трафаретпен бастырып, гуашпен бояу арқылы ою-өрнек салу. –Жарайсыңдар балалар жұмыстарың өте әдемі шықты. Қорытынды бөлім. -Біз біз бүгін нелермен таныстық. -Ұлттық тұрмыстық ыдыстармен. -Атауларын атап шығайықшы. - Астау, ожау, торсық, тостаған,т,б -Сендерге бүгінгі оқу қызметінде не ұнады? -Жарайсыңдар балалар, осымен бүгінгі оқу қызметіміз аяқталды. Күтілетін нәтиже: Ұлттық бұйымдардың көненің көзі екенін түсініп, қастерлеп ұстауға үйренеді. Қоршаған ортадағы тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсінеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Қазақша дұрыс сөйлеуге дағдыландыру	Қазақ тіліндегі әріптерді дұрыс анық айтуға үйрету
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 31.03.2025-04.04.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: Ұлттық тұрмыстық бұйымдар Қолданылатын көрнекі құралдар: ұлттық тұрмыстық бұйымдар, ұнтаспада домбыра күйі Шаттық шеңбері Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз. Өткен «Қош келдің әз-Наурыз» тақырыбын қайталау. Балалардың Ұлыстың ұлы күні туралы түсінгендерін тыңдау, мерекенің маңызын түсіндіру. Негізгі кезең Педагог киіз үйдің суретін іліп қойып, бүгін киіз үймен танысатындарын хабарлайды. – Киіз үйде не бар? «Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру. Жаңа сөздермен таныстыру. – Мынау не? – Мынау – киіз үй. – Киіз үйде не бар? – Киіз үйде сандық бар. Мынау – сандық. Мынау не? – Мынау – сандық. («Сандық» сөзін дұрыс айтып жаттығады). – Сандық ағаштан жасалады. Сандық неден жасалады?
--	--

	– Сандық ағаштан жасалады. – Мынау – сырмақ. – Мынау – ... (сырмақ). Сөзді жылдам, жай айтып есте сақтауға жаттығады. – Сырмақ әдемі. – Сырмақ қандай? – Сырмақ әдемі. – Сырмақ жылы. Сырмақ қандай? – Сырмақ жылы. – Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады? – Сырмақ жүннен жасалады. – Мынау – алаша. А-ла-ша. Мынау не? – Мынау – алаша. (Алаша сөзін жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды). – Алашада қандай түстер бар? – Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады). – Мынау – домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі). – Мынау не? т – Мынау – домбыра. Педагог ұнтаспадан күй тыңдатады (үзінді). Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ- дық-дық – әдемі сандық. Қ-қ-қ-қ - мақ-мақ – сырмақ. Педагог шағын мәтін құрап айтады: Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар. (3-4 бала мәтінді қайталайды.) Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Киіз үйді құрайық. Киіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киіз үй ішіндегі заттарды атайды, балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді. Қорытындылау – Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды? Балаларды мақтайды Күтілетін нәтиже: Тұрмыстық заттардың атын атайды, түсіну дағдылары қалыптасады
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: «Көктем гүлдері» Қолданылатын көрнекіліктер: Көктем гүлдер суреттері, слайд, үлгі суртеттер, ақ қағаз, түрлі-түсті қағаздар қиылған, майлық. I.Кіріспе бөлім. Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Ендеше, күндей жадырап бүгінгі күнімізді бастайық. Шұғылалы күнмен

амандасып алайық.

Шаттық шеңбері

Күлімдеп күн бүгін,

Қарады маған.

Күлімдеп күн бүгін,

Қарады саған да.

Шуағын төгіп нұр,

Сәлем, Күн – анаға!

Шаттық шеңберіне тұрып, күнге қолдарын созып күннің жылуын сезінеді

Кіріспе сұрақтар қою:

-Балалар, қанеки, есімізге түсірейікші жылдың неше мезгілі бар?

Күз, қыс, көктем, жаз.

Жыл мезгілдерін атаңдаршы.

Күз, қыс, көктем, жаз.

Қазір жылдың қай мезгілі?

Қазір – Көктем мезгілі.

Көктем мезгілінде неше ай бар?

3 ай бар

Қане, айларды атап шығайық?

Наурыз, сәуір, мамыр.

II.Негізгі бөлім:

Жаңа тақырыппен таныстыру.

Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырмын, сол жұмбақтың жауабын тауып көріңдерші. Мұқият тыңдаймыз.

Өзі сондай нәзік,

Су құйсаң кетеді.

Алақанын жайып.(гүл)

Ал, енді бейнетаспадан гүлдерді тамашалайық.

Балалар, бұл бәйшешек гүлі.

Бәйшешек – сәндік өсімдіктер. Балалар бұл бәйшешек гүлі өзі кішкентай бойы да суыққа төзімді қар ерісімен шығатын түсі ақ гүл екен.

-Бәйшешектің түсі қандай?

-Жапырағы қандай түсті?

-Балалар мынау бақ-бақ гүлі.

Бақбақ көп жылдық, жол жиегінде, тау бөктерлерінде өседі. Бақбақтың тамыры мен сабағы дәрілік мақсатқа қолданылады.

-Бақ-бақтың түсі қандай?

-Жапырағы қандай түсті?

Қане бәріміз айтайықшы.

	-Балалар, мынау қоңыраугүл. Қоңыраугүл – жапырағы жеуге жарамды. Қоңыраугүлді әсемдік, тағамдық және дәрілік мақсатта қолдану үшін өсіреді. -Қоңыраугүлдің түсі қандай? -Жапырағы қандай түсті? Қане бәріміз айтайық. Қызғалдақ – көп жылдық өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі. Қызғалдақ – ғашықтық, махаббат белгісі екен. -Қызғалдақтың түсі қандай? -Қызғалдақтың жапырағы қандай түсті? -Балалар бұл қызғалдақ гүлі. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз солға бір, Бұрыламыз оңға бір. Біздер тату боламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. Ал, балалар бүгін сендермен осы гүлдердің ішінен қызғалдақ гүлін жапсырамыз. Балаларға қалай жапсыру керектігін бірінші көрсетемін. – Гүлдер қайда өседі? – Далада, бақшада, бақта, үйде өседі. – Дұрыс айтасыңдар, жарайсыңдар! – Гүлдер әдемі болу үшін не қажет? – Су құюымыз керек. Гүлдерді күтіп, баптау керек. Дойын: «Өз гүліңді тап» Екі топқа бөлінеді, яғни 5 баланың басына қызыл қызғалдақ гүлі кигізіледі. 5 баланың басына сары бақ бақ кигізіледі. Балалар музыка арқылы билеп жүреді де, музыка тоқтаған кезде сары бақбақ өз гүліне, қызыл қызғалдақ өз гүліне тұра қалады. (Музыкамен билеп жүреді) Аппақ гүлдер әніне билейді. III.Қорытынды бөлім: Сұрақ қоя отырып, оқу іс-әрекетін қортындылау. Белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Күтілетін нәтиже: Табиғатқа қамқор болуды, бастаған жұмысын аяғына дейін істей алуды біледі. Өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсінеді.			
Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма

Баламен жеке жұмыс	Тілдерін жатықтыру жаттығулары	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 07.04.2025-11.04.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектсі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: Көктем келді, құс келді. Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, интербелсенді тақта, ұнтаспа Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер Армысың шапағатты Күн Ана! Армысың қайырымды Аспан Ана! Армысың мейірімді ЖерАна! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! – Қазір жылдың қай мезгілі? – Қай ай? «Ұлттық тұрмыстық бұйымдар» өткен тақырыпты суреттер бойынша қайталау. Негізгі кезең Жаңылтпашпен таныстыру. Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді. Балалар жай, жылдам қайталайды. Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. – Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. – Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не?

– Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.

– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.

– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.

– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?

– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар

– адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

Балалар қайталайды.

Сергіту сәті:

Келіп көктем құстары,

Бау-бақшада ән салды.

Оларды жас достары

Ұя жасап қарсы алды.

Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет» (сиқырлы қаламмен тексереді). Ойын «Құстар не істейді»

– Құстар ұшады.

– Құстар не істейді?

– Құстар ұшады.

– Құстар ұя жасайды.

– Құстар не істейді?

– Құстар ұя жасайды.

– «Ұя» сөзінде бірінші дыбыс – Ұ.

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Ұ-ұ-ұ-ұя – ұя - ұя

Дидактикалық ойын: «Ұ» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар

«иә», «жоқ», – деп жауап береді. Сөздер: үстел, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем, шөп.

Ойын «Біреу – көп»

Педагог бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады.

– Құс – құстар.

– Қарлығаш – қарлығаштар.

– Қараторғай – қараторғайлар. (Балалар қайталайды).

Жұмыс дәптерімен жұмыс.

1. Суретте нелер бейнеленген? Ата. Құстар не істейді? Сөйлем құра. Сөйлем үлгісі: Құстар ұшады.

Сен ұя жаса, құс ұясын бұзба! Құстардың атын айт. Ұя жасауға кел. Құстарға жем салуға бар (Бұйрық райлы бар, кел, айт етістіктерін түсіндіру).

Қорытындылау.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже: Бұйрық райлы етістіктерді (бар, кел, айт) жекелей қолдануға баулу. Балалардың өзіне айтылған сөзді,

	пікірді түсінуін қалыптастыру. Қазақ тіліне тән ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о ересек тобы	Тақырыбы: Көктемгі еңбек. Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар, интербелсенді тақта, суреттер. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Өткен тақырыпты қайталауға ойын «Алтын сақа сөз жинайды» өткізеді. Бала сақаны қолына алып, бір сөз айтады, келесі бала сөзді қайталап оған тағы бір сөз қосады. Мысалы: бірінші бала «көктем», екінші бала «көктем, гүлдер», т.с.с. Сөздер жиынтығы 2, 3, 4 сөз болуы мүмкін. Негізгі кезең Демонстрациялық суретпен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Хабарлы сөйлемді түсіндіру. – Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем). – Көктемде ауланы тазалайды. Таза – тазалайды. – Көктемде не тазалайды? – Көктемде ауланы тазалайды. (Хабарлы сөйлем) – Мынау – арық. (Суретті көрсетеді). – Мынау не? – Мынау – арық. (Хабарлы сөйлем) – Көктемде арықты тазалайды. (Хабарлы сөйлем) – Көктемде арықпен не істейді? – Көктемде арықты тазалайды. (Хабарлы сөйлем) – Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді). – Көктемде не істейді? – Көктемде ағаш отырғызады. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» Көктемде ағаш ... Көктемде (сөйлемді аяқтау үшін суреттер: ағаштар, гүл, гүлдер көрсетіледі). Көктемде ауланы тазалайды. Көктемде Ауланы тазала! Арықты тазарт! Ағаш отырғыз! Бұйрықты сөйлемдер екенін түсіндіріп, әрі қарай бұйрықты сөйлем құрату. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Аш-аш-аш, Бүршік жарды ағаш Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?». Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді қайталайды. Сөйлем

	құрылымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады. Хабарлы сөйлемді ажырата білу. • Көктемде гүл өседі. • Көктемде көгөніс піседі. • Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с. 1. Суретке қара. Көктемде қандай жұмыс істейді? Сөйлем құра. Неге? Не үшін? деген сұраққа жауап береді. 2. Атауында «Ғ» дыбысы бар суретті қорша. Қорытындылау Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтиже: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуді, дұрыс жауабын ұсынуды, неге? Не үшін? Деген сұрақтарды қоюды, еркін диалог құруды, талқылауды үйрету, Қазақ тіліне тән ғ дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 14.04.2025-18.04.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Ғарыш әлеміне саяхат» Қолданылатын көрнекіліктер: ұшақ, зымыран, робот, ғарышкерлердің суреттері Ұйымдастыру кезеңі Қайырлы таң! Ормандар мен далалар, Қайырлы таң! Достасқан бар балалар, Қайырлы таң, балалар көктем мезгілінде – ғарышкерлер мерекесі болады. Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа ұшатын адамдар. Аспан әлемінде де көптеген ғаламдар бар. Біз жер ғаламында өмір сүреміз. Қай ғаламда өмір сүреміз? Жер ғаламында өмір сүреміз. -Балалар,сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер? Балалар: -Ұшақ, тікұшақ, зымыран. Жарайсыңдар,балалар Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады. Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкерлері – Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаев деген ағаларымыз. Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары .Олар ержүрек, батыр ,халық қаһармандары. Осы кісілер сияқты батыл,ержүрек болу үшін, білімді,тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек. Ал мынау аспан әлемі.Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар,шоқ жұлдыздар бар. -Аспанда тағы нелер болады,балалар? -Күн, ай, бұлттар болады. Мына суретте ғарыштағы адам,ол үстіне арнайы киім скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ, сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады. Балалар,біз ғарышкерлер туралы тақпақ айтайық

Аспан,аспан арайым,
 Саған жиі қараймын
 Сені көзбен шоламын,
 Мен ғарышкер боламын.
 Тіл ұстарту
 -Ақ, -ақ, -ақ, - биікке ұш ұшақ, -қыш, -қыш, -қыш, мен боламын ұшқыш!
 Балалар сендер ғарышқа ұшқыларың келе ме?
 Ия ұшқымыз келеді.
 Ендеше мына зымыранға қарайықшы. Дене бөлшектері қандай пішінге ұқсайды?
 Төртбұрыш, шаршыға, үшбұрышқа, дөңгелекке.
 Өзімізге осындай зымыран құрастырсақ қайтеді?
 Ендеше мына жерде әр түрлі пішіндер бар.Соларды мына тақтадағы суретке қарап тұрып құрастырайық.
 Балалардың ұжымдық жұмысы.
 Міне, біздің де зымыранымыз дайын болды.
 Енді қиялымызға ерік беріп бір сәт бізде ғарышқа саяхаттап қайтайық. Қане ұшуға дайындаламыз, 3, 2,1 ал ұшып барамыз, ұшып барамыз.
 Алдымыздан бір үлкен бір ғалам көрінгендей. Қонуға дайындаламыз. 3, 2,1.Қондық
 Балалар біз таңғажайып табиғат әлеміне келгендейміз. Міне, қарандаршы,бұл ғаламның суы да, талдары да біртүрлі екен,ия.
 Мынау не?
 Құстың ұясы. Иә, ол төменде жатыр. Ал көбелектері қайда ұшып жүр? Суда ұшып жүр.
 Иә, бұл ғаламда бәрі керісінше екен. Қане бұларды өзіміздің жердегідей әр нәрсені өз орнына орналастырайық.
 «Өз орнын тап» ойыны:
 Жарайсындар балалар. Қане ұшуды жалғастырайық.
 Міне, біз тағы ғаламға жақындап қалдық.
 Мынау кім балалар? Ия, біздер онда роботтар ғаламына келген екенбіз. Қане сәлемдесейік.
 Робот: Са-ла-мат-сың-дар-ма, ба-ла-лар –сен-дер қай ға-лам –нан кел-дің-дер?
 Балалар: Жер ғаламынан келдік.
 Робот: Сен-дер-дің-жер-лер-ің қа-лай деп атал-а-ды?
 Балалар: Қазақ жері деп аталады.
 Робот: Ия сен-дер-дің ға-лам-дар-ың-нан кел-ген а-дам-дар,о-сы жер-де зерт-теу жұ-мыс-тар-ын жүр-гіз-е-ді. Мен де осы жер-де жұ-мыс істей-мін.Ма-ған тамақ-тың,су-дың,ауа-ның еш қа-же-ті жоқ. Сон-дық-тан сен осы жер-де үне-мі жүр-е-мін.
 Ал бал-а-лар ме-нің әлі жұ-мы-сым көп,сау бол-ың-дар. Робот кетеді.
 Балалар біздің де қайтатын уақытымыз болды. Қане ұшуға дайындалалайық. 3,2,1 Ұштық.
 Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік?
 Кімдер туралы білдік?
 Сендерге не ұнады?
 Балалардың жауаптарын тыңдап,қорытындылау.
 Күтілетін нәтиже: Балалардың өзіне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. Қазақ тіліне тән ұ дыбысын өздігінен

	дұрыс айтуға баулу.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: Мен не білемін және не істей аламын? Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материал (интербелсенді тақтада), қима материал, жұмыс дәптері. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Негізгі кезең «Кел, балалар, ойнайық» әнін тыңдату. Мазмұнын түсіндіру. – Сендерге ән ұнады ма? «Ғажайып шеңбер» ойынын ойнауға шақырамын. – Мынау – ғажайып шеңбер. Мынау не? – Ғажайып шеңбер. (Ғажайып шеңбер сөз тіркесін дұрыс айтып жаттығады). Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топ кезекпен шеңбердің тілін айналдыру арқылы ұяшықты анықтайды да, сол ұядағы хатқалта ішіндегі тапсырманы орындайды. Педагог әр жауапқа бір ұпай береді. Тақырыптарға байланысты қима не мазмұнды суреттер беріледі. Балалар қиналса, педагог сұрақтардың көмегімен толық жауап алуға тырысады. Балалар сұраққа кезекпен жауап береді. Тапсырмалар: № 1. Көктем • Бұл қай жыл мезгілі? • Көктем айлары қандай? • Көктемде не болады? Көктемде неге жылы киінеміз? • Балалар не істейді? № 2. Мен және менің отбасым. Өзі және отбасы, мекенжайы туралы шағын мәтін құрайды. № 3. Балабақша Топта нелер бар? Заттарды жекеше, көпше түрде атау. № 4. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар Мынау не? Қайда тұрады? (Жануарларды атайды, қайда тұратынын айтады). № 5. Жемістер мен көгөністер. Педагогтің айтуы бойынша көгөніс пен жемістерді табады. Мысалы: Қызыл, дәмді көгөніс. Сары қышқыл жеміс. Жасыл көгөністерді ата, көрсет. т.с.с. № 6. «Кім жылдам?» Берілген тақырыпқа сөз ойла. Сөздермен сөйлем құра. 1. Суреттерге қара. Бір топқа жататын заттарды бір-бірімен біріктірі. Бір сөзбен ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Ұпайларды санау. Жеңімпаздар анықталады. Қорытындылау Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтиже: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата

	білуді, дұрыс жауабын ұсынуды, неге? Не үшін? деген сұрақтарды қоюды, еркін диалог құруды, талқылауды үйрету, Қазақ тіліне тән ғ дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын ж айылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 21.04.2025-25.04.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз» Қолданылатын көрнекіліктер: Суретті үлгілер, проектор, компьютер, магнит тақтасы. I. Ұйымдастыру бөлімі. Балалар, қане, барлығымыз шаттық шеңберін құрайық. Шеңбер болып тұрайық, алақанды ашайық. Күннің нұрын салайық, таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, жиналған жылы шуақты Айналаға шашайық. Көктем туралы білімдерін пысықтау(Слайдпен көрсету, трек сызбасы арқылы) Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын .Сол жұмбақты шешсеңдер алдымызда тұрған сандықтың ішінде не бар екенін білеміз, - деп балаларды үстел үстіндегі сандықтағы затқа назар аудартамыз. Жұмбақ. Көзім бар көремін, Тұмсығым бар шоқимын. Аяғым бар жүремін, Қанатым бар ұшамын. (Құс) Тілдік жаттығу -Ұс, -ұс, -ұс, қалықтайды құс. Құстар бізге қалай дос? Олар бізге қалай көмектеседі? Олай болса балалар, мұқият отырып тыңдаймыз. Құстар жайлы мен сендерге көбірек тоқталып өтемін. Құстар жайлы біз не білеміз. Біздің елімізде өздерің білетін қандай құстар бар? Адамның досы, қайырымды, оның аты қарлығаш деп аталады. - Ендеше , бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы . (Қарлығаштың құйрығы неге айыр.) ертегісі. Қарлығаштың құйрығы неге айыр болғанын осы ертегі арқылы көріп, түсінесіңдер. (бейне таспадан көрсету). Сергіту сәті. Қане, қанат жазайық, қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық

	Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық. Сауысқан болып секіріп, тоқылдақ боп шоқиық. Ертегіден алған әсерлерін, түсінгендерін айтқызу. – Осы ертегіден алған әсерлерің қандай? Айдаһар, Масаның зұлымдығын айту. Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру. Маса, Құмырсқа, Айдаһар үшеуінің көрінісін өз түсініктері бойынша әңгімелеу. - Айдаһар неге қарлығаштың құйрығын жұлып алды? - Қарлығаштың құйрығы неге айыр болды? - Адам қарлығашты неге жақсы көреді? Құстар біздің досымыз, бау-бақшаны қорғайды. Ұя жасап қарсы алсақ, олар бізді қолдайды. Күтілетін нәтиже: Балалардың өзіне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. Қазақ тіліне тән ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
Бейсенбі «Айгөлек» ш.о ересек тобы	Тақырыбы: Көктем келді, құс келді. Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, айна, фишкалар. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! – Қазір жылдың қай мезгілі? – Қай ай? «Көктемгі еңбек» өткен тақырыпты суреттер бойынша қайталау. «Көктемде не істейді?» сұрағына жауап беру. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Негізгі кезең Жаңылтпашпен таныстыру. Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді. Балалар жай, жылдам қайталайды. Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. – Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. – Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді.

– Көктемде қандай құс келеді?
– Көктемде қараторғай келеді.
– Мынау – қарлығаш.
– Мынау не?
– Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.
– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.
– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.
– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.
– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?
– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

Балалар қайталайды.

Сергіту сәті:

Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды.

Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет» (сиқырлы қаламмен тексереді). Ойын «Құстар не істейді»

– Құстар ұшады.
– Құстар не істейді?
– Құстар ұшады.
– Құстар ұя жасайды.
– Құстар не істейді?
– Құстар ұя жасайды.

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).
-Ғай -ғай- ғай, Ұшып келді қараторғай, -ғаш, -ғаш, -ғаш, - Адамның досы қарлығаш

Дидактикалық ойын: «Ғ» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар «иә», «жоқ», – деп жауап береді. Сөздер: үстел, қарға, қараторғай, қарлығаш, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем, шөп.

Ойын «Біреу – көп»

Педагог бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады.

– Құс – құстар.
– Қарлығаш – қарлығаштар.
– Қараторғай – қараторғайлар. (Балалар қайталайды).

1. Суретте нелер бейнеленген? Ата. Құстар не істейді? Сөйлем құра. Сөйлем үлгісі: Құстар ұшады.
2. Құстарды ата. Сана. Жекеше, көпше түрде ата. Үш қараторғай, төрт қаз, бес қарлығаш.

Қараторғай – қараторғайлар, қаз – қаздар, қарлығаш – қарлығаштар. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Қорытындылау

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Сабақта не қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл

	арқылы белгілейсіңдер. Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән ғ дыбысын жеке және сөз ішінде дұрыс айтуға баулу, Санамақ жаттату. Сұрақтар қою арқылы еркін диалог құруға, талқылауға үйрету.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын ж айылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 05.05.2025-08.05.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: Достық мерекесі Көрнекілігі: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, теледидар, сурет салу құралдары. Шаттық шеңбері Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға, бар адамға Тек мейірім сыйлаймыз. Суреттер бойынша өткен тақырыпты қайталау. Негізгі кезең - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілі. - Дұрыс айтасындар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші. - 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі. Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі. - Балалар біздің ұлтымыз қандай? - Қазақ - Біз қай тілде сөйлесеміз? - Қазақ тілінде. Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт-дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Қане балалар бәріміз экранға қарайық. 1-слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру. Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем

халықтарының тату-тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.

2-слайд: Экраннан Мемлекет басшысының құттықтауы мен Астана қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру)

Сәрсенбі 1 мамыр мерекесі. Біздің де Орал халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.

Балалар, біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.

- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.

- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?

- Тіктөртбұрышқа

- Түсі қандай болады?

- Көк болады.

- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?

- Домалақ, сопақша.

- Түстері қандай болады?

- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарындағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады)

Тілдік жаттығу

Ұ- ұ – ұ – Ұлт

Сергіту сәті:

Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан. (өлеңге сәйкес кимылдар жасайды)

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Ұрыс, ырысты қашырап

Ынтымақ, халықты асырап.

Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ-жауап арқылы қорытынды жасау.

Жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір-біріне деген достықтарың мәңгі болсын, ата-

	аналарың аман болсын. Ал мен сендерге 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Мерекеде әдемі болып жүріңдер. Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық. Күтілетін нәтиже: Балалар 1 мамыр мерекесі – Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі. Балалардың өзіне айтылған сөзді, пікірді түсініп, жауап береді. Қазақ тіліне тән жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән ұ дыбысын дұрыс айтады.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о ересек тобы	Тақырыбы: Алақай, жаз келді! Қолданылатын көрнекі құралдар: Ғажайып дөңгелек, жыл мезгілдерінің суреттері Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Өткен « Қазақстан – ортақ үйіміз» тақырыбын қайталау. «Көрсет, қайтала» ойыны. Ойынның шарты: педагог әр ұлтты атайды, балалар суреттерін көрсетеді, қайталайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Негізгі кезең – Балалар менде «Ғажайып дөңгелек» бар. Дөңгелекте неше түс? Қандай түстер? – Ақ, жасыл, сары, қызыл. Дөңгелекте неге 4 түс, бұл түстер нені білдіреді? Балалар ойланады, талқылайды. Педагог қорытындылайды: Төрт түс төрт жыл мезгілі. Жыл мезгілдерінің суреттерімен жұмыс. Ақ түсті, жасыл түсті, Қызыл түсті, сары түсті Төрт түсті – жер үсті. Ақ түс қай жыл мезгілі? (Қыс) Сары түс ... (күз) Жасыл түс – жылдың қай мезгілі? (көктем) Қызыл түс – жаз Мынау – жаз мезгілі. (жаз мезгілі суреті). Педагог шағын мәтін құрастырады. Жазда ыстық. Жазда жасыл ағаштар. Жазда гүлдер көп. Қызыл, сары, ақ гүлдер. Жазда жидектер піседі: құлпынай, таңқурай, қарақат. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда кемпірқосақ болады. Балалар мәтінді қайталап естеріне сақтайды. «Жалғастыр» ойыны. Балалар сөйлемдерді аяқтайды. Жазда ...(ыстық). (Хабарлы сөйлем құрау). Жазда гүл ... (көп). Жазда жидектер (піседі). Жаз айлары (маусым, шілде, тамыз). Жазда кемпірқосақ (болады). Педагог тапқыты оқиды, таныс сөздерді табу ұсынады.

	Жайраң жаз Тауларға да, далаға Келді нұрлы жаз жайраң. Ауылда да қалада Үлкен-кіші мәз-мейрам. Е.Өтетілеуұлы Балалар тыңдайды, таныс сөздерді атайды: жаз, таулар, қала, ауыл, үлкен, кіші. Сергіту сәті: Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Дидактикалық ойын: «Бұйрықты сөйлем құра». (отыр, тұр, жүр, бар, кел) 1. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жазда қандай өзгерістер болады? 2. Бұл қай жыл мезгілінде болады? Ата. Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытындылау Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. – Сендерге не қызықты болды? Күтілетін нәтижелер: Балалар қарым-қатынас барысында қойылған сұрақтың сипатына сәйкес хабарлы, бұйрықты сөйлемдермен жауап бере алады. Еркін диалог құрып, талқылауды үйренеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі 07.05.2025	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Мереке күні	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын ж айылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 12.05.2025-16.05.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Ертегілер еліндегі «Шалқан» «Шалқан».(орыс халық ертегісі) Көрнекіліктер: Шалқан ертегісінің макеттері (шалқан, ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан.) Шаттық шеңбері. Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал, қанекей, бәріміз. «Сәлем» дейік үлкенге. Негізгі кезең Балалар бүгінгі оқу іс-әрекеті ерекше болмақ, өйткені біз бүгін ертегілер туралы әңгіме айтамыз. Суретпен жұмыс. Айтыңдаршы балалар, біз осы ертегілердің қойылымын үлкен театр сахнасынан көреміз, ия. Сонда қалай ойлайсындар кейіпкерлердің рөлдерін кімдер сахналайды. Балалар: Адамдар Дұрыс айтасындар адамдар, ол адамдар әртіс деп аталады. Балалар сендер көп ертегі білесіндер. Олай болса, бүгін біз әртіс болып көрейік. «Шалқан» Ерте ерте ертеде бір әже мен ата баянды өмір сүріпті, олар үй шаруашылығына өте ұқыпты екен. Екеуі үй алдындағы бақшаға шалқан отырғызыпты. Айдан ай өтіп, күз айында ата бақшаның жемісін жинап жүріп, шалқанды көреді. Шалқаны үлкен болып өсіпті. Осы кезде ата шалқанына тамсана қарайды. Ой бәрекелді, менің шалқаным үлкен болып өсіпті. Бұл шалқан бәріне жететін болды деп шалқанды тарта бастайды, тартып-тартып шалқанды жұла алмай, сөйтіп, көмекке өзінің кемпірін шақырады.

	Ата: - кемпір маған келші көмекке, қарашы шалқанымыз үлкен болып өсіпті, осыны жалғыз өзім тарта алмай қойдым. Сен маған көмектесші. Кемпір: Ой, шынында да үлкен болып өсіпті ғой, кел тартсақ тартайық. Осылайша кемпір атаның артынан ұстап, әрі тартады, бері тартады, бірақ орнынан қозғалта алмайды. Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Кемпір: Қызым, қызым бізге көмекке келші! Атаң екеуміз шалқанды жұла алмай жатырмыз. Қыз: Жарайды, әже сіздерге көмектесейін. Сонымен қызы көмекке келіп, шалқанды олар рет-ретімен тартады. Олардың күштері жетпейді. Сонымен немере қызы көмекке итін шақырады. Қыз: Ақтөс, Ақтөс сен бізге көмектесіп жіберші, шалқанды біз жұла алмай жатырмыз Ит: Аф - аф - аф көмектес десендер, көмектесейін. Тәрбиеші: Ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір атадан, ата шалқанды ұстап, әрі тартады, бері тартады, шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Ит: Мысық, мысық бізге көмекке келші, біз шалқанды жұла алмай жатырмыз. Мысық: Маяу - маяу – маяу, көмектесіп жіберейін. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір атадан, ата шалқанды ұстап, әрі-бері жұлқиды, бірақ шалқан шықпайды. Енді мысық көмекке тышқанды шақырады. Мысық: Тышқан, тышқан бізге көмектесіп жіберші. Тышқан: Әрине, көмектесіп жіберемін. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір атадан, ата шалқанды ұстайды. Олар тартып-тартып, ақыры шалқанды суырып шығарады. Міне, балалар осылай Шалқан ертегісін сахналадық. Әрдайым бірігіп жасаған жұмыс оңайға түседі. Бұдан былай бәріміз қандай да жұмыс жасасақ, бірігіп, бір-бірімізге қамқор болайық. Балалар бүгін қандай ертегіні сахналадық? Балалар: «Шалқан» ертегісін Ендеше, балалар «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерін мына бақшамызда өсіп тұрған шалқанның қасына рет-ретімен орналастырып көрейік. Дұрыс балалар, ертегінің мазмұнын жақсы біледі екенсіңдер, кейіпкерлерді ретімен дұрыс орналастырдыңыздар. Балалар шалқан ол не? Балалар: көкөніс Көкөністер қайда өседі? Балалар: бау-бақшада өседі. Бау-бақшада тағы нелер өседі? Балалар: жемістер, жидектер өседі. Жарайсыңдар, балалар, қәне, бәріміз ортаға жиналып, ойын ойнайық. Ойын: «Мысық пен тышқан»
--	---

	Балалар шалқанды екен кезде қандай болды? Балалар: Кішкентай болды Шалқан не арқылы өсті? Балалар: Күту арқылы, күннің жылуы арқылы өсті Шалқанды кім екті? Балалар: Ата екті Шалқан қандай болып өсті? Балалар: Үлкен болып өсті Атаға шалқанды тартып алуға кімдер көмектесті? Балалар: әже, қыз, ит, мысық, тышқан көмектесті. Шалқанның түсі қандай екен? Балалар: Сары түсті Оның пішіні қандай? Балалар: Дөнгелек. Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар: Көктем мезгілі. Көкөністер мен жемістерді бау-бақшаға қай кезде отырғызады? Балалар: Көктем мезгілінде отырғызады. Ал қай кезде жинайды? Балалар: Күз мезгілінде жинайды Жарайсыңдар, балалар! Қорытындылау Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. Күтілетін нәтижелер: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгісін сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Таныс ертегінің мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Тақырыбы: Қазақстан – ортақ үйіміз. Қолданылатын көрнекі құралдар: тақырып бойынша мазмұнды суреттер Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Суреттер бойынша өткен тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Негізгі кезең – Біздің Отанымыз қалай аталады?

– Қай қалада (ауылда) тұрасың?
 Педагог Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді.
 Жаңа сөздермен таныстыру.
 – Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?
 – Қазақстан – көпұлтты республика.
 – Қазақстан халқы тату тұрады.
 – Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады.
 Қазақстан – ортақ үйіміз.
 – Ортақ үйіміз – ...
 – Мағжан, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың?
 Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.
 Педагог шағын мәтін құрап айтады: Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз. (3-4 бала мәтінді қайталайды).
 Сергіту сәті
 Дөңгелене тұрайық,
 Керегені құрайық.
 Уық болып иіліп
 Шаңыраққа киіліп
 Киіз үйді құрайық.
 Дидактикалық ойын «Жалғастыру». Біздің Отанымыз – Қазақстан.
 Біздің Отанымыз –
 Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан – ... республика.
 Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы ... тұрады.
 Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің ... үйіміз.
 Мақалмен таныстыру.
 Бірлік бар жерде – бақыт бар.
 Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді, балалар қайталайды.
 «Сиқырлы қаламмен» жұмыс. «Достығымыз жарасқан»
 1. Сурет бойынша әңгімеле. Біздің Отанымыз қалай аталады?
 2. Жаттап ал.
 Достық
 Ортақ мекен жер шары,
 Төбемізде бір аспан.
 Барлық ұлттың баласы,
 Достығымыз жарасқан.
 Е.Елубаев
 Тақпақ оқу, түсіндіру, жаттау. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау

	Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. Қандай тапсырма ең қызықты болды? Күтілетін нәтижелер: Жаңа сөздерді қайталайды, сөйлем құрастырады, мақал-мәтелді және мәтінді қайталайды. Тақпақ жаттайды. Қазақстан халқы тату тұратынын түсінеді. Еркін диалог құрып, талқылауды үйренеді.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Төрт жол тақпақтарын жатқа айтқызға дағдыландыру	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын толық жеткізуге тәрбиелеу	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 19.05.2025-23.05.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі. Көрнекіліктер: Пропп карта суреттері, тышқан, бақа, қоян, түлкі, аю. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын шуақ таратты. Қайырлы таң, балалар, Қайырлы таң, апайлар Ұйымдастыру кезеңі: Сәлеметсіздерме? -Бір кезде есік қағылады, Балалар тыңдаңдаршы біреу есік қағып тұр. Бұл кім болды екен? Балалар бізге Бақа ертегілер елінен келіп тұр. Айтыңдаршы бұл қандай ертегінің кейіпкері? Балалар: Бұл «Үйшік» ертегісі. Дұрыс айтасыңдар. Бұл кішкентай үйшік ертегісі, оның ішіне көптеген аңдар тұрғысы келген. Олай болса, «Үйшік» ертегісінің кейіпкерлерін есімізге түсірейік. Балалар: Тышқан, бақа, қоян, түлкі, аю. Балалар қараңдаршы Бақаның қолында хат бар екен. Оның ішінде не жазылған екен, -Балалар Бақа бізге тапсырма ала келіпті ол, жұмбақ екен. Кәне жұмбақты шешіп көрейік. Бақаның жұмбағы: «Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады» Бұл не балалар? Қоян. Дұрыс. Енді келесі жұмбақ.

«Қырда жүрер ол жортып,
 Инде жоқ бармайтын,
 Құйрығымен бұлтартып,
 Қандай аң ол алдайтын.
 Бұл не балалар?
 Түлкі.
 Дұрыс.
 Біз сендермен «Үйшік» ертегісін Пропп карта арқылы сахналайық.
 Орманда бір үйшік тұрады. Бір күні тышқан келе жатса сол үйшікті көріп, жақындап сұрайды.
 Тышқан: Мына үйшікте кім тұрады?
 Ешкім жауап бермейді. Ешкім жауап бермеген соң, ол сол үйшікке кіріп тұрады. Жолда бақа келе жатады. Бақа сол үйшікке жақындайды.
 Бақа: Бұл үйшікте кім тұрады?
 Тышқан: Ол мен шиқылдауық тышқан, ал сен кімсің?
 Бақа: Ол мен бақылдауық бақамын.
 Тышқан: Кел бірге тұрайық.
 Сөйтіп, олар үйшіктің ішінде екеуі дос болып тұрып жатады. Міне қоянда жүгіріп келіп үйшіктің қасына жақындап сұрады.
 Қоян: Мына үйшікте кім тұрады?
 Тышқан мен Бақа: Ол мен шиқылдауық тышқанмын, мен бақылдауық бақамын! Ал сен кімсің?
 Тышқан мен Бақа: Кел, кір үйге!
 Қоян: Мен қорқақ Қоянмын. Менде сендермен тұрайыншы.
 Сөйтіп олар үшеуі дос болып тұрып жатады. Одан кейін түлкі келеді.
 Түлкі: Бұл үйшікте кім тұрады?
 Тышқан, Бақа мен Қоян: Ол мен шиқылдауық тышқанмын, мен бақылдауық бақамын, мен қорқақ Қоянмын! Ал сен кімсің?
 Түлкі: Мен қу түлкімін, кіргізіндерші мені?
 Тышқан, Бақа мен Қоян: Жарайды, кір үйге!
 Сөйтіп олар төртеуі дос болып тұрып жатады. Сөйтіп аю да келіпті
 Аю: Кім үйшікте тұрады?
 Тышқан, Бақа, Қоян мен Түлкі: Ол мен шиқылдауық тышқанмын, мен бақылдауық бақамын, мен қорқақ Қоянмын, мен қу түлкімін! Ал сен кімсің?
 Аю: Ол мен маймақ аюмын, мені де кіргізіндерші?
 Тышқан, Бақа, Қоян мен Түлкі: Сен үлкенсің, сымайсың?
 Аю: Қалай болса да сыямыз?
 Тышқан, Бақа, Қоян мен Түлкі: Солай болса кір!
 Аю үйшікке кіргенде, ол үйшік сынып қалады.
 Аю: Уайымдамаңдар мен сендерге жақсы, үлкен үйшік жасап беремін!
 Солай олар жаңа үй салып бірге өмір сүріпті.

	Қорытындылау: Енді балалар Бақаның алып келген ойыны бар екен, сол ойынды ойнайық. Дидактикалық ойын: «Қай ертегі екенін тап». Теледидардан ертегіні айтады. Шарты: Балалар теледидардан қай ертегі екенін табады. «Кубизм әдісі» арқылы қорытындылау. Бағалау, мадақтау. Жұлдызша тарату. Күтілетін нәтиже: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгісін сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о. ересек тобы	Тақырыбы:«Менің туыстарым» Қажетті көрнекіліктер: кітап, сурет, кима материалдар Балалармен бірге шеңбер құрып тұрамыз,бір-бірімізбен сәлемдесіп, бір-бірімізге жақсы сөздер айтамыз. Сен әдептісің, Сен мейірімдісің, Сен қамқорсың, Сен ақкөңілсің, Сен шыншылсың. Негізгі кезең Балалар туыс деп кімді айтамыз? Өздеріңе ең жақын адамды туыс деп айтамыз. Олар әке, ана, ата, әже, аға, әпке, іні, сіңлі. -барлық адамдардың өздерін жақсы көретін, жанашыр жақындары бар. Олар нағашы, бөле, жиен біздің туыстарымыз. Туыстар әрқашан да бір-біріне көмектеседі. Нағашы, жиен, бөленің туыстық қатынастары туралы түсіндіру. Өз нағашылары жайлы әңгімелеп беріңдер. Нағашың қандай көмек береді? Нағашыңа жиі барасың ба? Енді, балалар, осы «туыс»деген сөзге әрқайсымыз өзіміздің ең жақсы көретін сөзімізді айтайық. Мысалы: менің туыстарым тату болсын, бір-біріңді ренжітпеңдер,сыйлаңдар т.б. Тіл ұстарту -Шы, -шы, -шы, Қамқор жан нағашы! -Ле, -ле, -ле, Жанашыр жан бөле! -Ен, -ен, -ен, қыздан тарайды жиен! Дидактикалық ойын «Туыстарды тап», Суретке қарап, туыстарды ретімен орналастыру. Нағашы сөзін септеу. Нағашы, нағашының, нағашыға, нағашыны, нағашыда, нағашыдан, нағашымен. Әр сөзге сөйлем құрау. Нағашының үйіне бардым, Нағашыға барғым келеді, Нағашыны жақсы көремін... Қорытынды: Туысқандарыңмен қандай қарым-қатынас жасайсыңдар? Отбасындағы қызықты оқиғалар туралы әңгімелету. Күтілетін нәтиже: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізе біледі. Сөздерді септеп қолдана біледі. Отбасындағы

	қызықты оқиғалар туралы әңгімелеуге отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға үйрету. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді («нағашы», «жиен», «бөле») біледі.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Балабақшаға барар жолдағы жол белгілерімен таныстыру. Өздеріне таныс болған көлік түрлері туралы әңгімелесу, жол бойынан сырттай бақылау.				

КЕЛІСЕМІН:
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан _____
«__»_____2025ж
(күні, айы, жылы)

«Қазақ тілі» бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 26.05.2025-30.05.2025 ж.

Қазақ тілі мұғалімі: Сабитаева А.Б.

Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің конспектісі	
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о ортаңғы тобы	Тақырыбы: «Қызықты қазақ тілі» Қажетті көрнекіліктер: Интерактивті тақта, суреттер, мнемокестелер, қима материалдар. Шаттық шеңбері: Сәлем саған, алтын күн, Сәлем саған, көк аспан, Сәлем саған, жер ана, Сәлем саған, достарым! Балалар, жыл бойы өткенімізді еске түсірейік! Жыл мезгілдері туралы «Бұл қай мезгілде болады?» д/о (СЛАЙД). Мақсаты: жаз мезгілдерінің ерекшелерін атап, бір-бірінен ажырата білу. 1. Қар, мұз еріп, Су көбейіп, Жапырақ ашып, Бәйшешектер басады Айтыңдаршы, балалар, Бұл қай кезде болады? (Көктем) 2. Өрік, алма, Жидек, жүзім піседі. Қауын, қарбыз, Қияр, сәбіз дүкендерге түседі. Бөбектерім, айтыңдаршы Бұл қай мезгілде болады? (Жаз)

3. Бұлттар төніп, жерге төгіліп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала нұры қашады.
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Бөбектерім, айтыңдаршы
Бұл қай мезгілде болады? (Күз)

4. Аяз қысып, өрнек сызып,
Терезені торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Сырғанап жастар ойнайды.
Бөбектерім, айтыңдаршы
Бұл қай мезгілде болады?(Қыс)

- Жарайсыңдар! Балалар біз күн сайын бөбекжайға келеміз. Біздің бөбекжай қалай аталады?

- Бөбекжайға бүгін кіммен келдіңдер?

«Менің отбасым» д/о (СЛАЙД). Мақсаты: отбасы мүшелерін қазақ тілінде атай білуге үйрету.

- Балалар, қазір көктем мезгілі. Ендеше көзімізді жұмып, көктемнің таза ауасымен бір демалып алайық! СЛАЙД (табиғат дыбысымен) «Көктемгі табиғат»

- Көзімізді ашамыз. Қараңдаршы, бізге қонаққа Аю келіпті.

Аюмен амандасу.

- Аю өзінің қысқы ұйқысынан оянып, серуендеп бізге бөбекжайға келіпті. Аюмен бірге орманда тағы қандай жабайы жануарлар тұрады?

«Жабайы аңдар»- СЛАЙД «Құйрығын тап» д/о. Мақсаты: аңдардың құйрығына қарап атау, бір-бірінен ажырата білу.

- Ал, енді үй жануарларын атап шығайық.

«Үй жануарлары» суретпен жұмыс.

-«Төлдерін ата» д/о. үй жануарларының төлдерін атай білу.

- СЛАЙД «Қай жануардың дыбысы» д/о. Мақсаты: жануарлардың дыбысын тыңдап, есту қабілеттерін дамыту.

- Орнымыздан тұрып,«Кім жылдам?» ойынын ойнайық. Ойын шарты: егер «БАС» деп айтсам, басымызды қимылдатамыз, «ҚОЛ» десем, қол шапалақтаймыз, «АЯҚ»десем, аяқты топылдатамыз, «КӨЗ» десем, көзімізді ашып - жұмамыз, «МҰРЫН» десем, мұрнымызбен терең демаламыз.

- Жарайсыңдар! Ендеше, аюмен бірге сергіту сәтін орындайық.

Сергіту сәті:

1. Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп - теріп алайық,
Қалтамызға салайық.
2. Доп, доп
Топ, топ
Теуіп қалдым допты,
Доп жоқ,
Қап, қап,
Тап, тап!

- Балалар, қараңдаршы, жоғалтқан добымызды тауып алдым. Доп дегеніміз не?
- Дұрыс, доп – ол ойыншық. Тағы қандай ойыншық атауларын білетінімізді тексеру үшін аю бізбен «Аудармашылар» д/о ойнағысы келіп тұр. Шарты: балалар шеңберде тұрады, ал мұғалім шеңбердің ортасында тұрып балаларға кезекпен кезек допты лақтырып, ойыншықтарды атайды, балалар допты мұғалімге кері лақтырып, ол затпен не істеуге болатынын айтады. Орнымызға отырамыз, балалар!

- Қазір, енді бәріміз бірге санамақтар айтып көрейік. Экранға қараймыз, тыңдаймыз:
СЛАЙД: «Санамақтар»
1. Домалайды тоқтамай,
Қызыл, сары, жасыл доп,
Қызыл, сары, жасыл доп,
Сонда бәрі неше доп?
2. Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ,
Бесті беске қосқанда,
Болып шықты???????

СЛАЙД: «Қанша?» д/о. Мақсаты: суретте берілген заттарды сандарға сәйкестендіру.
СЛАЙД: «Азық-түліктер». Суреттен азық-түліктерді қайталау.

- Балалар, аю бізге бір тапсырма алып келген екен. «Сықырлы қоржын»д/о. Шарты: қоржында сандар жазылған асықтар және «МЕН», «ШЕМІН», «ЖЕЙМІН»деген сөздер бар. Осы сөздерді қолданып сөйлем құрастыру керек. Мысалы: Мен айран ішемін. Мен бауырсақ жеймін.

ҚОСЫМША аю бізге бал мен балықтың суретін алып келіпті. Аюға сөйлемдер құрастырып берейікші:
Аю бал жейді.
Аю балық жейді.

- Балалар, аюдың орманға қайтатын уақыты келіпті. Қарны да ашыпты. Орманға барып бал жегісі келіп тұр екен. Ол бізбен қоштасып, сыйлық сыйлағысы келеді. Аю сықырлы әріптер мен сыйлық береді.

СЛАЙД: «Сықырлы әріптер - «Ө, Ү, Ұ, І, Ә, Қ, Ғ» Орындықтарға отырады.

- Көктем
- Жаз
- Күз!
- Қыс!

	- Біздің бөбекжай «Мерей» деп аталады! - Ана, әке, әже, ата, аға, т. б. Отбасы мүшелерін қазақ тілінде атайды. - Балалар көздерін жұмып, терең демалады. - Балалар аюмен амандасады. - Жабайы аңдарды атап, құйрықтарын тауып тақтаға жапсырады. – Үй жануарларын атап, төлдерін атайды. - Жануарлардың дыбыстардың дыбыстарын мұқият тыңдап, атайды. Адамның дене мүшелерін атайды. Орындарынан тұрып, қимылды ойын ойнайды. Балалар сергіту сәтінің мәтініне сәйкес дене қимылдарын жасайды. Балалар азық-түліктерді қайталап, «Сиқырлы қоржыннан» асықтар суырып, сөйлемдер құрастырады. Аюға сөйлемдер құрастырып береді. Балалар аюмен қоштасады. – Сау бол, аю! Қорытындылау - Балалар, бүгін бізге қандай жануар қонаққа келді? - Аюмен бірге қандай ойындар ойнадық? Не туралы айттық? Күтілетін нәтиже: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгісін сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Бейсенбі «Айгөлек»ш.о ересек тобы	Тақырыбы: «Әжеге көмек» Жыл бойы өткен сабақтарды қайталау Қажетті көрнекіліктер: Интерактивті тақта, фонариктер, суреттер, мнемокестелер, қима материалдар. Шаттық шеңбері: Сәлем саған, алтын күн, Сәлем саған, көк аспан, Сәлем саған, жер ана, Сәлем саған, достарым! Негізгі кезең Балалар бізді әжеміз қонаққа шақырды. Қазір сол ауылға немен барамыз? Жарайсыңдар. Ендеше біз мына фонариктерден пойыз жасайық. Ол пойызымыздың түсі қандай болады екен. Барлығымыз пойызға мініп алып ауылға келеміз. Әжеміз үстел басына шақырады. Әжесінің көңіл-күйі болмай отыр екен. Сонда балалар әжеден: Әже, сіз неге көңілсіз отырсыз? - деп сұрайды. Иә, балаларым, менің көңіл-күйім жоқ, өйткені малдарымның төлдері жоғалып кетті. Балалар, әжемізге көмек көрсетеміз бе? Балалар көлік түрлерін атайды. Балалар барлығы қызыға фонариктерден пойыз жасауға кіріседі. Оның түсін және қандай геометриялық пішін екенін айтады. Балалар таң қалады. Балалар, біз енді малдың төлін тауып беру үшін орманнан іздеп келейікші. Қараңдаршы мына іздерді.

Балалар, мынау ненің ізі?
 Қозының ізі екен. Енді қозы қойға келу үшін мына тапсырмаларды орындауымыз керек.
 Мына суреттердің көлемі бойынша қосу керек және бұны барлығын бір сөзбен қалай атайтынымызды айтамыз.
 Сонымен қатар түсін айтамыз.
 Тапсырманы орындағаннан кейін интерактивті тақтада қойдың қасына қозы келеді.
 Ал енді, мына із ненің ізі?
 Құлыншақ енесіне оралу үшін сендер менің сұрағыма жауап беріңдер?
 Қазір қандай жыл мезгілі?
 Күз мезгілінде ауа райы қандай болады. жаңбыр жауады ма?
 Ал орманда не өседі?
 Балалар, ендеше барлығымыз бірге мына геоконттан саңырауқұлақ жасайық.
 Осы тапсырмадан кейін де интерактивті тақтада жылқының қасына құлыншағы келеді.
 Балалар, сендер шаршаған шығарсыңдар? Енді біз бір серігіп алайық.
 Сергіту сәті интерактивті тақтада көрсетіледі.
 Біз біраз серігіп қалдық, енді әрі қарай әженің төлдерін тауып беруге кірісейік. Балалар, мынау ненің ізі?
 Олай болса, бұзау енесіне келу үшін, мына жердегі суреттердің ішінен үй жануарларын тауып беріңдер. Қайсысы үй жануары, соның үстіне қыстырғышты қыстырыңдар.
 Балалар, тақтаға қараңдаршы, мынау не? Енді түйеге өз ботасын тауып беру үшін, біз сендермен малдар төлдерін қалай шақыратынын айтсақ, ол иесіне қайтып келеді.
 Балалар, қараңдаршы, бота енесіне қайта оралды.
 Сендер ешкінің даусын естідіңдер ме? Ешкі де төлін іздеп, жабырқап жатыр екен. Оған көмектесеміз бе, балалар?
 Ендеше, мына жердегі тапсырманы орындайық. Мына суретті жіптермен таза, әдемі, ұқыпты етіп безендірейік.
 Алдымен желімді жағамыз.
 Содан кейін қойдың көзі мен аузын қалдырып, қалған жерін жіппен толықтырамыз.
 Балалар, тапсырманы орындадық, енді қараңдаршы, сендер лақты енесіне қостыңдар. Жарайсыңдар!
 Балалар, сендер барлық малдың төлдерін тауып бердіңдер, үлкен іс жасадыңдар. Мына жерге келіп, әр малдың қасына өз төлін кім қосып береді? Шағын әңгіме құрастырады.
 Барлығы бірге әжесіне барады. Әже алғысын айтып, балаларға сыйлық таратады.
 Жаз мезгілі.
 Күн ыстық болады.
 Жаңбыр жиі жауады.
 Саңырауқұлақ өседі.
 Барлығы қызыға жұмысқа кіріседі.
 Балалар үстел басына келіп, суретпен жұмыс жасайды. Әрқайсысы жеке-жеке орындайды.
Қорытындылау
 Балалар, біз кімге қонаққа бардық?
 Әжемізге қалай көмектестік?
 Біз төлдерді қандай жолдармен таптық?

	Қандай тапсырмалар орындадық? Соның ішінде ұнаған тапсырманы айтыңдаршы. Балаларды мадақтау. Әжемізбен және қонақтармен қоштасу. Ал, енді біз пойызға мініп, қайтадан балабақшамызға қайтайық. Сұрақтарға толық жауап береді. Күтілетін нәтиже: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге баулу.				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Баламен жеке жұмыс	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Ойлау қабілетін арттыру үшін жұмбақтар шешкізу	Зат есім мен етістіктен сөз тіркестерін құрай білуге үйрету	Өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Өз ойын ж айылма сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру
Ата-аналармен тәрбиешілерге кеңес беру	Кешіріңіз. – Кешірші. – Мен олай енді істемеймін. – Татуласыңдар. – Бірге ойнайық. – Алуға бола ма? – Рұқсат па? – Ренжімеңіз! – Сөздерін күнделікті айтуын қадағалау				